«Әйел бақыты» романында жазушы Бәтима деген кейіпкер арқылы өнер, оның ішінде қазақ әдебиеті үшін ең интимді тақырып – әйел және толғақ тақырыбына тоқталады. Толғақ қысқан Бәтиманың көңіл-күйі мен физиономиялық ерекшелігін автор шынайы суреттейді. «Іші түйіліп, тынысы тарылып барады. Аттың басын тежеп, біраз демалып, қайта желіс аяңмен жүре бергенде іші қайтадан бүреді. Аттың аяңына да шыдай алмайтынын сезген Бәтима ілбіп ақырын жүрді. Әлдебір кезде ішінің түйілгені басылып, тынысы кеңіді. «Не де болса, пәрменімен атты тағы бір жіберіп көрейін, бір табан да болса, ауылға жақындай түсейін»,– деп ойлады Бәтима. Түнгі самалға денесі серги түскен ат өршелене шабады. Бұл жолы Бәтима толғақ әлін құртып, бойын билеп алғанын сезді. Аттың басын тартуға да шамасы келмеді. Жанталаса аттың басын тартпақшы болады, бірақ шамасы келмейді. Арыны басылғасын ат өзі ақырын жүре бастады. Аттың жүрісіне шыдай алмайтынын білді де, Бәтима аттан түсіп жаяу жүрді. Толғақ бастапқыдан жиілеп барады, іші бүріп қара саны сырқырап кеткенде тұра қалады. Енді толғақ адым аштыратын емес. Өз жағдайының қиын екенін Бәтима енді ғана сезді.» (Мыңжасарова, 2024:341). Автор өзіне таныс, әйелдер ғана суреттей алатын толғақтың күйін жеткізу үшін көркемдік әдіс ретінде параллелизмді (Ахметов, 1998:262) қолданған. Жазушы аттың жүрісі мен толғақтың келу динамикасын параллель ұстайды. Ат жылдам жүрсе, демек толғақ тарады, әйелде күш бар, жылқыны игере алады. Аттың жүрісі баяуласса, демек әйел әлсіреді, жылдам жүруге қауақы жоқ. «Әдеби шығармаларда әйелдің тәнінде ғана болатын физикалық ерекшеліктерді шебер суреттеп, шынайы жеткізу үшін жазушы әйелге патриархал санадан азат интеллект керек.» (Showalter, E. 1981:12). С. Мыңжасарова гиносын теориясының бұл талабын білмесе де, әйелдің ахуалын әйел ғана шебер жеткізетінін түсінген. Гендерлік бірегейлік негізінде Бәтиманың толғағын көркемдік тәсілдермен жеткізген.


Автор қалың мал және әмеңгерлік салтынан шыға алмай, торыққан қазақ қыздарының тағдыры туралы жаза отырып, салттың әу бастағы әлеуметтік жүйесінің, идеясының басқа болғанын айтып өтеді: «Алғашында жастар ешкімнің қолына қарамастан, бірден үй болып кетсін деген жақсы ниетпен жігіттің әкесі мал беріп, қыз үйі жасау жасап, жаңа қосылған жастарды жеке шығару үшін пайда болған

қалыңмал, келе-келе озбырлық салтқа, мал берген жер қызды еріксіз әкету үйреншікті әдетке айналды.» (Мыңжасарова, 2024:8). Феминистік сын тұрғысында қалың мал мен әмеңгерлік салты гендерлік ғылымдағы «Әйел-тауар» дискурсында талданады. Бұл терминді ғылымға енгізген феминист-антрополог Гейл Рубиннің 1975 жылы «Әйелдер тауар көзі: «саяси экономикадағы» жыныс түсінігі туралы ой-пікір» (*The Traffic in Women: Notes on the 'Political Economy' of Sex*) атты мақаласы арқылы ендізді. (Rayna, 1975). Көркем әдебиетке автор ретінде келген әйелдердің алғашқы шығармаларының феминистік бағытта болуы кездейсоқ құбылыс емес. Ғалымдар гендерлік теория тұрғысынан әйел айырбасына қатысты этнографиялық және тарихи мысалдарды жер бетін мекендейтін кез-келген этностан табуға болатынын анықтаған. «Әйелдерді күйеуге береді, олар соғыста олжа ретінде, ризашылыққа бөлену мақсатында сыйға беріледі, саудаланады, сатып алынады, сатылады. Бұл іс-әрекеттер «жабайы» қоғамнан алшақтағаннан кейін де жойылып кетпеді, керісінше, олар «өркениетті» қоғамда бұрынғыдан да айқынырақ және коммерцияланған түрде жүзеге асатын болды.» (Rayna, 1975:160). дейді. Феминистік теория тұрғысынан әйел – тауар түсінігі бүкіл адамзат тарихына ортақ. «Әмеңгерлік күйеуі қайтыс болған әйелдің қайнысына не қайынағасына, яки күйеуінің басқа бір туысына некелесу салты.» (Әлімбаев, 2017:451). Көшпелі өмір салтында әлеуметтік мәселелерді реттеп отыру үшін мұндай институттар қажет болды.

С. Мыңжасарова «Әйел бақыты» романында бас қаһарман (кейіпкер емес) жоқ. Күрескер, білімді, жаңашылдыққа талпынатын, ерлермен бірге майдан даласында жүретін, хат танитын сауаты бар, қандай қиындыққа болса да төзе білетін, мәжіліс ашып әйелдердің еркі мен қалауын ашық айта алатын, өзі сұлу, биязы, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсететін мінез- қылығы (характер) мен портреті бар бас қаһарман жасалса, шығарма нанымсыз болар еді. Сондықтан жазушы бұл қасиеттерді бір ғана бас кейіпкерге жинақтамай, әртүрлі әйел образдары арқылы көрсетіп, қыр қыздарының бірегейлігін айқындаған.

Романдағы жалпы кейіпкерлердің саны - 59. Әдебиетті гендерлік теория тұрғысынан зерттеушілер көркем шығармаларда ер кейіпкерлердің саны әйел кейіпкерлерге қарағанда көбірек болатынын анықтаған. «Хамилтон Майкл және т.б ғалымдар балаларға арналған сатылымы жоғары 200 кітапта әйелдерге қарағанда еркек кейіпкерлер 53 % көп кездесетінін анықтаған. Мұндай құбылыс қазақ әдебиетіне де жат емес.» (Адаева, 2022: 214). Тіпті шығарманың өзі әйелге арналған болса да, “Әйел бақыты” романында әйел кейіпкерлердің үлесі ерлерге қарағанда екі есе аз. Ер кейіпкерлер саны- 40, ал әйелдер-19. *1- суретте* көрсетілді.

“Әйел бақыты” романындағы кейіпкерлердің үлесі



1-сурет. “Әйел бақыты” романындағы кейіпкерлердің үлестік көрсеткіші

3.2 «Әйел бақыты» романындағы қазақ әйелдерінің бірегейлігі

XX ғасырдың басындағы қазақ әйелдерінің танымы мен әлеуметтік ортадағы бірегейлігі қазіргі, XXI ғасырдағы әйел кейіпкерлермен салыстыруға келмейді. Бұл құбылысты әлеуметтанушы Энтони Гидденстің (Ковалева А., Перинская Н, 2020.) бірегейлікке берген анықтамасымен түсіндіреміз. Зерттеуші бірегейлікті тұрақты емес, үнемі өзгеріп тұратын динамикалық құбылыс деп анықтаған. Адамдардың бірегейлігіне тарихи оқиғалар мен саяси жағдайлар, ұлттық дәстүр мен мәдени орта әсер етеді. Шығармада әйел кейіпкерлердің үлесі аз болғанымен бір - біріне ұқсамайтын әйел образдары жасалған. Атап айтқанда, дәстүрлі әдебиетте жағымсыз кейіпкер ретінде бөліп қарастыруға болатын Зейнегүлдің өзін образ деңгейіне дейін көтеріп, оған турашылдық пен күрескерлік мінезін берген.

Зейнегүл образы. Ол – әке-шешесі қарт, қорған болар ешкімі жоқ, сұлу келіншек. Қазақ салтымен тойы жасалып, үйден ұзатылмаған. Бірақ сұлу Зейнегүл Жұманның арбауына түседі. Жұман роман құрлымын біртұтас етіп ұстап тұрған – антагонист кейіпкер. Тап күресі мен әйел теңдігі жайындағы тартыс осы мықты кейіпкер арқылы өрбіп отырады. Жұман Зейнегүлге үйленбейді. Ол қызды қалаға ертіп барып, картаға ұттырып жібереді. «Зейнегүл Жұман картаға ұттырып жібергеннен кейін карташының тоқалы болып бес- алты ай тұрды да, жақсылап киініп, қолына қаржы түсіріп алғасын, басы бос біреуге ілесіп кетсем деген ойға келді. Бір күні ол базар аралап жүргенде керуенші жас жігіт тап бола кетті. Бірақ Лепсіге жете бергенде керуеншіні солдаттар ұстап алды. Керуен тоналып жатқанда Зейнегүл қашып шықты.» (Мыңжасарова, 2024:97). Ауылына оралған Зейнегүлді ешкім жақтырмайды. Бәлесі жұғады деп ол отырған орынды аластайды. Зейнегүлдің тағдырын ойыншыққа айналдырған Жұманды ешкім жазғырмайды. Әлеуметтік қысымға ұшыраған әйелге ешкім де жанашырлық танытпайды. «Оның үстіне кемпірлер Зейнегүл отырып кеткен жерді аластап, естері шығатынын талай көрген. Ал Зейнегүл қайтып

оралғалы, оның әкесінің үйімен ешкім араласпайды. «Шайтан араласқан жерде құт қалмайды» деп Елпан Зейнегүлдің әкесіне қойын баққызбай қойған. Былтырдан бері Зейнегүлдің әкесі қысы-жазы жертөледегі жалғыз үй» (Мыңжасарова, 2024:160). Автор қауымынан бөлініп қалған Зейнегүл мен ол тұратын жертөлені параллелизм (Ахметов, 1998:262) бейнелеу әдісімен салыстыра отырып былай суреттейді: «Зейнегүлдің жертөлесі қосаяқ тышқанның іні сияқты жерді үңгі қазылған. Терезесі төбедегі алақандай қарын. Алыстан қарағанда үй бар екені белгісіз жертөле жермен -жексен. Ішінің де реңі нашар.» (Мыңжасарова, 2024: 235). Жертөлениң іші мен сырты кейіпкердің көңіл-күйін аңғартады. Елден жырақ, жермен-жексен болып, бөлек жатқан жертөле мен қауымынан жырақталған Зейнегүл. Зорланған қызды ешкім түсінгісі келмейді. Езгіге түсіп, зорлық көрген құрбан әйелге өз ортасы, ауылы бөлектеп тастау арқылы қоғамдық қысым көрсетеді. Зейнегүл секілді жәбірленушінің қоғам алдында одан сайын жазаға тартылып, қорлыққа ұшырауын гендерлік зерттеу теориясында виктимблейминг (ағл. *Sөзі victimblaming*) - *құрбанды айыптау* деп қарастыралды. Бұл терминді алғаш рет «1971 жылы Уильям Райан *Жәбірленушіні жазғыру* - *Blaming the* деген кітабында қолданған» (Бендрикова, 2018:79). Бірақ әбден жәбірленген, солдаттардың қолжаулығы да болған, ашынған Зейнегүл ойын іркіп қалмайтын, батыл адамға айналған. Автор Зейнегүлдің сөздері арқылы романдағы басқа әйел кейіпкерлерді салыстырады. «Сен неменеге итаршы болып отырсың, сорлы тоқал. Сенің күнің менен артық па? Сен шалға, Қаншайым балаға тиіп қарық болдыңдар, өй, өңкей сорлы! Мүсәпір! Әлі де сендерден менің күнім артық» (Мыңжасарова, 2024: 49). Зейнегүлге жиіркене қарайтын әйелдердің бірі тоқал, бірі әмеңгерлік жолымен өзінен кіші балаға қосылған. Автор қыр қыздарының тағдырын Зейнегүлдің осы сөйлеміне сыйдыруға тырысқан.

Зейнегүл образы арқылы жазушы «Қазақстандағы 1918-1920 жылдардағы Азамат соғысы» (Өскембаев, 2019:69) кезіндегі ақтар мен қызылдар қақтығысындағы қазақ ауылының ахуалы мен әйелдердің жағдайын көрсетеді. Жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілегі» (Аймауытов, 1989) мен Сара Мыңжасарованың Зейнегүлі осы Азамат соғысы кезіндегі қақтығыстың құрбандары. Екеуі де ауылға шапқан орыс солдаттарының зорлығына душар болады. Екі кейіпкердің кульминациялық оқиға кезіндегі іс-әрекеті мен екі жазушының авторлық шешімі кестемен көрсетіліп, салыстырылды. 1-кесте.

1-кесте. Зейнегүл мен Ақбілектің кульминациялық оқиға кезіндегі іс-әрекеті

Зейнегүл	Ақбілек
1.Бір солдат Зейнегүлді үйден сүйреп шығарып, құлағынан алтын сырғаны алмақшы болып алысып жүр. Зейнегүлдің құлағы жырылып, сырға солдаттың қолында қалды. Зейнегүл ышқына айқайлап жіберді. (Мыңжасарова, 2024: 98)	1. Үш орыс қызды көтеріп, ойбайлатып алды да жөнелді. «Апатайлаған» айғайы жер-көкті жұлып, Ақбілек зарлап, аттардың дүрсілі тауды дүрсілдетіп, абалап иттер қуып бара жатты.(Аймауытов,1989: 150)

2. Таң бозарып атып келеді. Елден бұрын оянған Сириков басын көтеріп Зейнегүлге қарады. Бет-аузы жастан, жырылған құлақтың зардабынан іскен, ыстығы көтерілген әйелдің бет-әлпеті қаракөлеңке үй ішінде көкшіл тартып, мүлде реңсіз көрінді, Сириков жиіркеніп теріс айналды. (Мыңжасарова, 2024: 117)	2. Ақбілек есі кіріп, көзін ашса, алты сырықтың басын бүріп, киіз жапқан кішкене қоста өңшең серейген, быркыраған, жат киімді, жат түрлі орыстардың ішінде жатыр екен. Оң қолын Ақбілектің үстіне артып, қақ қасында бетінен түгі шыққан, шашы дудыраған, істік мұрын жирен орыс жатыр. (Аймауытов, 1989: 159)
3. Осы бір жыл ішінде Зейнегүл өмір диірменінің қай тісінен өтпеді? Неше адамның қолжаулығы болмады. Семейден ауылға жеткенше солдаттар оны неше рет қолға түсірмеді? Зенегүлде қалған абырой бар ма? Жоқ. Олай болса, осы өмірдің қажеті не? Оны Зейнегүлдің өзі де білмейді. Бірақ өзін қорландым деп есептемейді де, өмірден безінбейді де. (Мыңжасарова, 2024: 116).	3. Осы арам деміммен, арам аузыммен әкемнің иманды жүзіне қалай жақындармын? Құдайдан қорықпай оның құтты қадам мешіттей үйіне қалай кіремін? Кәпір сүйген, аймалаған аяғыммен жайнамаз салатын жерін қалай денем шімірікпей басармын? Кәпірді құшақтаған арам қолымды қайтіп әкемнің адал дастарханына апарып, қайтіп бір табақтан ас ішермін? Мен көргенде «пәленшенің орыс бүлдіріп кеткен қызы», деп кім көрінген ішінен ойлап тұрады-ау. (Аймауытов, 1989: 201)

Кестеде көрсетілгендей, *1-мысалда* Зейнегүл мен Ақбілек екеуі де айқайлап көмек сұрайды. Ж. Аймауытов кейіпкерінің айғайын әсерлі ету үшін, қосымша фон ретінде аттың тұяғының дүрсілі мен иттердің үргенін оқиғаға паралель алады. Ал жазушы Сара Мыңжасарова оқырман назарын детальға бұрады. Қарсылық көрсетіп жүрген Зейнегүлдің сырғалығы жырылып, алқымын қан басады. *2-мысалда* Ж. Аймауытов кеңістікке (үй ішіне) әйел кейіпкерінің (Ақбілектің) көзімен қараса, С. Мыңжасарова үй ішіндегі зорлықшылдың әрекеті мен ойын жазады. Сонымен қатар, Аймауытов жатсыну категориясы арқылы Ақбілектің жан дүниесіндегі құбылыстарға дендейді. *3-мысалда* Ж. Аймауытовтың зорлық көрген, жәбірленген кейіпкері кірлендім, кінаһарға айналдым деп өзін-өзі жазғырады. Орыс солдатын жатырқау әрекетіне бағытталған бояуды жазушы қалыңдатып береді. Жұрт бетіне қалай қараймын деген уайымға түседі. Сара Мыңжасарова болса, бұл кейіпкерінің қандай қиындық көрсе де, өмірден безінбейтінін жазады. Бір тарихи оқиғада зорлық-зомбылық көрген екі кейіпкердің шығармадағы мотивтері ұқсамайды. С. Мыңжасарова өз кейіпкерін қажымайтын, қиындықтарға жолыққан сайын өзінен безінбейтін өмірге құштар әйел ретінде қалыптастырған.

Сұлусарының тағдыры. «Әйел бақыты» романындағы әр кейіпкер арқылы жазушы ХХ ғасыр басындағы қыр қыздарының тағдырын көрсетуді мақсат еткен. Сұлусары – жетім қыз. Он екі жасында Елпан деген байдың үйіне жалшы болып келіп, кейін тоқал әйелі болады. Жазушы Сұлусарыны тоқалдықта жүрген қазақ әйелдерінің образын ашу үшін романға қосқан. «Некесі қиылғанымен Сұлусары сол жалшы қалпы: отпен кіреді, күлмен шығады. Үйдің бар шаруасы мойында» (Мыңжасарова, 2024: 79). Өз қалауымен өмір сүріп көрмеген Сұлусары достыққа адал. Артық

сөйлемейтін, тағдырына көндіккен кейіпкер бар мұңын әмеңгерлік жолмен өзінен жасы кіші балаға тұрмысқа шыққан Қаншайымға айтады. Сұлусарының күндесі – Шекер. «Күндес – бір еркектің алған әйелдері» (Әлімбаев, 2017:417) Шекер – күйеуін үнемі қызғанатын бәйбіше. Бәйбіше – байырғы отбасылық дәстүрде қалыптасқан жұбайлық мәртебе, бірнеше әйел алған ер адамның бірінші әйелі. (Әлімбаев, 2017: 602). Шығармада кейіпкерлер мәжіліс ашады. Әйел теңдігі туралы декретті талдауға барған жиналысты өзіне оңтайлы пайдаланғысы келген Шекер Сұлусарыға жала жабады. Мәжілісте Сұлусарыға сөз беріледі. Тоқал артық ештеңе айтпайды. «Біз көремізді көріп, сөйлерімізді сөйлеп болғанбыз. Тек өзгелері біздің жолымызды қуып жүрмесін» (Мыңжасарова, 2024: 299). Осыдан артық сөз айтпаған Сұлусарыға Шекер: «Не дейді, әй, мына жаман күн? Сүйреңдеме! Өшір үнінді, - деді ала көзімен ата қарап» (Мыңжасарова, 2024: 299). Бұл диалогтан автор дәстүр бойынша Шекер бәйбішенің жолы мен дәрежесінің үлкен екенін, ол бар жерде Сұлусары тоқалдың артық ештеңе айта алмайтынын анық байқатады.

Елпан бай жиналыстан қайтқан әйелдерінің алдынан шығады. «Неше қап теңдік теңдеп келдіңдер? Қатындардың бетімен кететіні рас па екен? Қайсың жаңа заңға қол көтердіңдер, – деп Елпан жирен сары сақалын сипап, әйелдеріне күлімдеп қарап еді, екеуінің де ашуға мінгенін аңғарды.» (Мыңжасарова, 2024: 303). Сұлусарының қысқа ғана өмірі осы жерде бітеді. Шекер бәйбіше жиналыста Сұлусары теңдік сұрады деп жала жабады. Елпан тоқалын өлімші етіп сабайды. «Қаншайым мен Дәмелі Сұлусарыны шешіндіріп, жарақаттанған жерін таңбақышы болып қозғай бергенде, Сұлусары қатты ыңырсыды. Бұлар түбімен сөгіліп, бұрымға қоса жыртыла сыпырылып, қызыл еті шығып қалған Сұлусарының басын көріп шошып кетті.» (Мыңжасарова, 2024: 307). Тоқал әйелдің арманы мен мұраты туралы Елпан ойланбайды. Елпанда әйелдерге эмпатия жоқ. Елпан – әйелдерді ақылсыз, ашуға тез беріліп эмоциясын ұстай алмайтын жаратылыс деп есептейтін кейіпкер. «Құдағи, әйелдік істемеңіз. Әйел деген ашуы алдында, ақылы артынан келетін халық болады. Сіз де әйел тұқымынансыз». (Мыңжасарова, 2024: 365). Автор Елпан кейіпкер арқылы XX ғасыр басында қоғамда айқын көрініс тапқан әйелдер туралы стереотиптерді ашық көрсетеді. «Гендерлік таптаурындар деп әлеуметтік-мәдени тұрғыдан белгіленген ой-пікірлерді танымыз, сондай-ақ жыныс өкілдерінің мінез-құлық нормалары қасиеттері, атрибуттық пікірдің ақиқат бөлігінің тілдегі көрінісі деп білеміз.» (Shokym, 2022: 8). Елпан кейіпкердің сөзімен берілетін романда келтірілген таптаурындар әдебиетімізде әлі де көркем шығармалар арқылы қайта өндіріледі.

Қаншайымның оқиғасы. «Әйел бақыты» романы осы кейіпкердің оқиғасымен басталады. Қаншайым образы арқылы жазушы әмеңгерлік салтының әйел тағдырына тигізетін әсерін жеткізген. Қаншайым – өз сүйгеніне қосыла алмаған, көнбіс, құрбан кейіпкер. Ол теңдік алуға тырысып, өз қалауы бар екенін ашық айтып қарсылық білдірмейді. Ішінде аласапыран айқас жүріп жатқанымен, Қаншайым өзі келін болып түскен үйдің адамдарына сатқындық жасамайды. Келін болып ұзатылып бара жатқан ханшайымға сүйген жігіті Мұса қашып кетуге ұсыныс айтқанда, Қаншайым өзінің құрбан әйел екенін түсіндіреді. «Сен тозаққа түс десең, тайсалмай барар едім. Өңгіме оның ақырында жатыр. Тіпті ауылға тимей- ақ әкемнен айып төлетіп алғанда

күндері не болмақ? Мына шиеттей бала-шаға мойындарына ала дорба іліп, ел ақтап кетпей ме? Бұларды шулатып, қайыршылыққа ұшыратып, бақыт көксей алам ба? Не де болса өзімді осы бауырларыма құрбан етем» (Мыңжасарова, 2024: 13). Қаншайымның күйеуі – Қалдыбек ойын баласы. Жұртына келін түсіп, өзі үйленіп жатқанын қабылдамайды. «Дәмелі мен Сұлусары Қалдыбекті әрең дегенде оятып, үйден алып шықты, Бала ұйқысын аша алмай, көзін уқалап ауық-ауық есінейді» (Мыңжасарова, 2024: 31). Уақыт өтіп, жігіт жасына жетіп, қалада оқитын Қалдыбек әйелі бар, үйленген адам екенін жасырады. Қаншайым ғана емес, Қалдыбек те ескі салттың құрбандары.

Дәмелі. Қаншайымның енесі. Автор бұл кейіпкер арқылы қазақ әйелдерінің мінезінде кездесетін даналық пен төзімді, мейірім мен аңғалдықты жазған. Романның өне бойында Дәмелі жат жерге түскен келінін бірден өзіне жақын тартып, оған тілекші екенін, жалғыз ұлы Қалдыбектен кем көрмейтінін іс-әрекетімен дәлелдейді. Тіпті өз сүйгеніне қосылмай, тағдырына көніп келген келіні, енесінің мейірімі мен адамгершілігінен аттап кете алмайды.

Балымайдың болмысы. Сауатты, өнерлі, ақсүйек әйел. «Балымай Семейдің атақты ақсүйек байының қызы.» (Мыңжасарова, 2024: 64) Жұман деген оқыған, әрі ауқатты жігіттің әйелі. Романда Жұман Балымайдың үстінен Гауһар деген сұлу, кедейдің қызын тоқалдыққа алмақ болады. «Тоқал – көп некелі отбасындағы екінші әйел. Дәулетті ер адам өзінің бірінші әйелі, яғни бәйбішенің үстінен екінші әйел алса, онда ол тоқал деп аталған». (Өлімбаев, 2017:397).

Ерке өскен байдың қызы – Балымай күйеуі – Жұманның тоқал алу туралы шешіміне қарсы шығады. Өзіне жасалған қорлық деп түсініп, ажырасады. XX ғасырдың басында әйелдің ажырасу туралы шешім қабылдауы қиын. Себебі ол Жұманның ғана әйелі емес. Келін – бір әулеттің адамы. «Келіннің кетуі сүйекке таңба. Тіпті маскара. Ал, Балымайды қорқытып көндіре алмайтыны тағы белгілі. Төркіні күшті. Табан тіреп жауласып кетуге жарайтын жандар.» (Мыңжасарова, 2024: 66). Бұл кейіпкер арқылы автор көзі ашық, сауатты әйелдің образын жасаған. Балымай артық сөзге келіп ешкіммен ұрыспайды. Қыр қазағына әйел теңдігі туралы түсіндіру үшін мәжіліс құрып, сауатты сөйлеп, өзіне қарсы шыққан адамдарға эмоциясын көрсетпей, баппен жауап береді. Автор Балымайдың ішкі сезімдеріне қарағанда, көпшілік арасында сөйлей алатын шешендігі, ұстамдылығы мен тез арада шешім шығару қабілетін ашып көрсеткен. «Әйел қызмет істеуге, қоғам өміріне қатысуға құқылы. Әйелді қалың малға сатушылар, көп әйел алушылар, ұрып-соғушылар жауапқа тартылады. Әйел еліміздің теңқұқылы азаматы,- деп Балымай байсалды үнмен айтып тұр. Ол не жаңылып, не қысылып, мүдіріп қалған жоқ. Баппен айтылған сөздері түсінікті. Қоңырлау даусы құлаққа жылы тиеді» (Мыңжасарова, 2024: 294). Балымайдың жинаған білімі, материалдық және әлеуметтік жағдайы еркін әйелге айналдырған. Сондықтан ол күйеуінің өзінен басқа, тағы бір әйел аламын дегеніне көнбейді. Осы образ арқылы автор сауатты әйелдің қорлыққа төзбейтінін, қиындықты еңсере алатынын жеткізіп, үлгі көрсетеді.

Гауһардың образы. Романға динамика берген, әрекетшіл, күрескер кейіпкер. Бірінші рет шығармада әмеңгерлікпен ұзатылып бара жатқан әпкесі Қаншайымның

қасында жүргенде көрініс береді. «Гауһар батыл да батыр қыз екен. Талшыбықтай жіп-жіңішке болса да, өзі тіпті әлеуетті, ертеңгісін байқадыңыз ба, жаралыларды арба үстіне орналастырып, көтерісіп, жайлырақ жатқызып, жаны қалмай жүр» (Мыңжасарова, 2024: 244). Патриархал қоғам Гауһарға да өз талабын қояды. Сұлу, нәзік, өнерпаз қызды Жұман екінші тоқал етіп алуға дайындалады. Қыздың әкесіне қалың малы беріледі. Гауһардың сүйген жігіті – Ақынғұл. Ол да ескі көзқарасқа қарсы, жаңа заманның орнауына құштар адам. Гауһар әлеуметтік ахуалының нашарлығына қарамастан әрекетшіл қыз. Айқас жүріп жатқан аймаққа барып, қансыраған сарбаздардың жарасын танады. Түнімен атпен орталыққа барып жаудың келе жатқаны туралы хабар береді. «Өзгелер үшін жанын аямау адамгершіліктің шыңы емес пе, осы жүргенде жалғыз өзім ер адамдардың ішіндемін деп ойламайтын да, өзінің басқа жынысты екенін ұмытқан да сияқты». (Мыңжасарова, 2024: 244). Гауһар образы арқылы жазушы өз бақыты үшін басын қатерге тігіп, соңына дейін күресе алатын, жорық заманында, жедел шешімдер қабылдап, майдан даласында салқын қандылық таныта алатын қазақ қыздарының болмысын ашқан. Теңдік үшін күресіп жүрген қазақ қыздарын бір ғана вектормен қарауға болмайды. Орталықтанған, барлық кеңестік кеңістікке үлгілі типтенген әйел образын жасау науқаны жүріп жатқан кезеңде автор қазақ қыздарының болмысына үңілген, бірегейлік категориясы арқылы кейіпкер жасаған.

3.3 Романдағы гендерлік кеңістіктер мен әрекеттер

Қоғамдық кеңістікке қатысты әділеттің түрлі аспектілерін қамтитын әлеуметтік зерттеулер жүргізген Лоу мен Эвесон қоғамдық кеңістіктегі гендердің әділет моделін ұсынды. (Setha Low & Kurt Iveson, 2016). Осы модель тұрғысында С. Мыңжасарованың майдан даласындағы әрекетті беру әдісіне тоқталуға болады. «Қара дөңнің астында қалған солдаттар тамырын қопарып шауып, жинамай тастап кеткен қарағаш сияқты әне жерде біреуі, мына жерде біреуі дөңкиіп-дөңкиіп жатыр. Ауыл ортасы опыр-топыр. Жау да кедей тобы да өлімге бас тігіп, ашына белдескен айқас дәл ауыл ортасында » (Мыңжасарова, 2024: 120:). Романда азамат соғысы жүріп жатады. Ақтар мен қызылдар арасындағы айқас кезінде соғысқа Гауһар деген кейіпкер де барады. Жараланған жауынгерлерге дәрі жағады, қанын тоқтатып, алғашқы көмек көрсектеді. «Сан-сапалақ алыс пен атыс басылса да, оқтың гүрсілі құлақтан кететін емес» (Мыңжасарова, 2024: 122: 2024). Романда әйел кейіпкерлер қактығысқа араласпайды. Бірақ жараланған сарбаздарға алғашқы медициналық көмек көрсетеді. Әйел кейіпкерлер тойдағы салт-жоралғылық әрекеттерде белсенді. Той – көпшіліктің қатысуымен атқарылатын салтанатты іс- шара (Өлімбай, 2017: 394).

Роман бойынша той-жиынында ер кейіпкерлердің физикалық тұрғыдағы іс- қимылдары әйел кейіпкерлерге қарағанда аз (2-кесте).

2- кесте. Той – жиынындағы гендерлік әрекеттер

Әйел	Ер
«Тынықта түтіні аспанға тік көтерілген жер ошақтардың жанында күйбеңдеген әйелдер». (Мыңжасарова, 2024:17).	Ауыл ортасында топ -тобымен қаумалай малдастарын құрып отырған еркектер. (Мыңжасарова, 2024::17).
Досанның әйелі Дәмелі үйден екі-үш иленген теріні <i>алып шығып, оң босағаның сырт жағына қойды.</i> (Мыңжасарова, 2024::19).	Ауыл ортасында үйрім- үйрім болып <i>отырған</i> еркектер де <i>орындарынан</i> тұрысып, келіншек келе жатқан жаққа көз тіккенде Жұмалар да үйіне жақындаңқырап барып <i>тұрды.</i> (Мыңжасарова, 2024::19).
Әйелдер отқа май құйғызуға дайындалып күйбеңдеп жатыр. (Мыңжасарова, 2024::22).	Табак-табак етті жігіттер әкеліп, жағалата дастарханға қоюда. (Мыңжасарова, 2024:29).

Әлеуметтік жиындарды ұйымдастыру, онда жасалатын ритуалдар мен жөн-жоралғыларды романда әйелдер атқарады. Ал ерлер сол жиынның өткеніне дейінгі шешімді қабылдайды. Атап айтқанда романның алғашқы бөлімінде Досанның үйіне келін түсіп жатады. 2-кестегі мысалдар сол шарадан алынған. Келін түскенге дейін ауылдың ақсақалы Елпан мен оның інісі Досан келіннің қалың малын төлеу, үйлену керек балалары қайтыс болғандықтан келінді бала Қалдыбекке қосу туралы шешімді шығарып қойған. Сонымен қатар, осы роман арқылы қазақ қоғамындағы егде тартқан әйелдің құрметті екенін анық байқалады. «Құда, Бәтима піріме сүйеніп келдім. Мен елуге жақындаған адаммын. Иә, құда, атаң қазақ қарт әйелді ана демеуші ме еді, ана сөзін халқым ар көрмеуші еді ғой». (Мыңжасарова, 2024:42). Автор әйелдің анамын дегенінен соң, ер кейіпкердің әйелді тыңдағанын жазады. Патриархал жүйеде әйелдің орны ана статусына байлаулы. Кеңес Одағы көркем шығармалар арқылы ана архитипі туралы түсініктерді қайта өндірді. Ана дегеніміз балалы болған әйел. Әйелдің репродуктивтілігі қоғамдағы статусына әсер етеді. «Келін ұл тапса ғана социумға пайдалы мүше деп қабылданады. Ана образына қатысты бұл фактіні Симона де Бовуар, Лаура Мальви және өзге де ғалымдар байқап, сынаған. Бұл тұста ананы бірегей де күрделі тұлға ретінде емес, Отанның жалпылама жинақтаушысы, смволикалық идеалы ретінде көрсету дәстүрін айтып отырмыз. Мұндай дискурс «отбасы – ұлттың негізі, ана – ұлттың ұйытқысы» деген доминант ресми идеология шеңберінде алғы шепке шыққаны мәлім» (Бағдәулетқызы, 2022: 202). «Әйел бақыты» романына ХХІ ғасырда әйел автордың шығармасы ретінде гендерлік талдау жасалып отырғанымен, еңбектің ХХ ғасырда жазылып, оқиғаның Кеңес үкіметінің құрылуы тұсына сәйкес келетінін ескеру керек.

4. Зерттеу нәтижесі

Гендерлік әдебиеттану тұрғысынан әйел жазушылардың шығармашылығына салыстырмалы және контент талдау жасалып, кейіпкерлердің сомдалуы мен бірегейлігіне тоқталу жаңа әрі тың сала болғанымен, өте өзекті мәселеге жатады. Қазақ жазушы әйелдерінің арасында алғаш роман жазған Сара Мыңжасарованың

«Қыр қыздары» романы гендерлік теория тұрғысынан бұрын талданбаған. Кейінгі басылымдарда «Әйел бақыты» деген атаумен басылып шыққан романның әйел кейіпкерлеріне бірегейлік мәселесі тұрғысынан қарап, алғашқы атауының тақырыпты ашатыны анықталды. Бұл романда автор әйел теңдігі тақырыбын негізге алған. Кеңес Одағы құрамына кірген елдерге әйел теңдігі мәселесі ортақ болғанымен, қыр қыздарының болмысы бөлек. Сондықтан, жазушы Қазақ әйелдерінің бірегейлігін қамти отырып, кейіпкер Балымайдың образы арқылы – қазақ даласында жаңа өкімет орнағанға дейін де білімді, зиялы, өте сауатты әйелдердің болғанын көрсеткен. Ене Дәмелі мен келін Қаншайымның қарым-қатынасы арқылы отбасы, сонымен қатар ене мен келін институттарының жүйесі романда анық жазылған. Байдың бәйбішесі – Шекер мен тоқалы – Сұлусарының күнестік әрекеттері, қалың мал мен әмеңгерлік мәселесі – XX ғасыр басындағы қазақ тұрмысынан хабар береді. Шығармада Гауһар деген кейіпкер арқылы көшпелі халық қыздарының жауынгер болмысы ашылған. Атқа мініп, ақтар мен қызылдар қақтығысында жараланғандарға медициналық көмек көрсетеді. Ал бейбіт кезеңде қолына домбыра алып, күй шертеді, ән жаттайды. Сонымен қатар «Әйел бақыты» романында тағдыры жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың Ақбілегіне ұқсайтын Зейнегүл деген кейіпкер бар. Мақалада Ақбілек пен Зейнегүлдің әрекеттері мен шешімдері талданып, кестемен көрсетілді. Екі кейіпкер де ауылға шапқан солдаттардың зорлығына тап болады. Сара Мыңжасарова автор ретінде кейіпкері Зейнегүлді жазғырмайды. Ал ер жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың Ақбілегі: «ауым арам, демім арам» деп өзін қатты қинайды, кіналайды. Әйел жазушының кейіпкері өзінің оқиғалар мен әлеуметтік жағдайдың құрбаны екенін анық түсінеді. Сондай-ақ, Сара Мыңжасарова аталмыш романда әйелдің ғана физиономиясына тән–толғату процессін кейіпкер Бәтиманың әрекеттерімен береді. Зерттеу жұмысында толғақ қысқан әйелдің психологизмінен бөлек, ат үстінде, жорық кезінде толғататын қазақ әйелдерінің бірегейлігіне талдау жасалды. Сонымен қатар, романдағы кейіпкерлердің гендерлік кеңістігіне салыстырмалы талдау жасалып, той-жиын кезіндегі әйел мен ердің әрекеттері мен функционалды қызметтері кесте арқылы көрсетілді.

5. Қорытынды

Қазақ әдебиетіндегі әйел жазушылардың шығармашылығы мен көтерген тақырыбын гендерлік теория тұрғысынан талдау барысында бірегейлік мәселесі негізге алынады. Себебі романда көрсетілгендей бір саяси жүйеде болған посткеңестік елдердегі әйелдердің әлемдегі басқа әйелдерден өз бірегейлігі, оның ішінде тарихи-географиялық жағдайына сәйкес қазақ әйелдерінің өзіндік бірегейлігі бар. Жазушы қазақ даласында әмеңгерлік, қалың мал мәселесі бар болғанымен, қазақтардың ішінде қоғамдық өмірге белсене араласа алатын, хат танитын зиялы әйелдердің, ерлермен бірдей атқа қонып жорыққа араласқан қыздардың, басына қандай ауыр жағдай түссе де, мойымайтын келіншектердің, ене мен келін институтын жалғап, әлеуметтік тұтастықты сақтап тұратын ежелдердің болғанына жеке-жеке образдар арқылы тоқталған.

Ғылым үшін гендерлік әдебиеттану ғана емес, гендерлік отарсыздану және бейотар теориялары да өзекті. Сондықтан қазақ даласына кеңестік феминизм келгенге дейін

әйелдердің еркіндік туралы түсінігі мен мақалада талданған бірегейлік мәселесі атап көрсеткен теориялар негізінде талдау жасауға жол ашады.

Әдебиеттер:

1. Адаева Е. Қазақ әдебиетіндегі гендерлік стереотиптер көрінісі. Кіт: Гендер және Қазақстан қоғамы / Құраст.М. Ергебеков, Ж. Темірбекова. – Алматы:DELUX Printery, 2022. – 280 б.
2. Аймауытов Ж. Шығармалары.Романдар. / Құраст. Атымов М, Керейқұлов Қ. – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 бет.
3. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
4. Әлімбаев Н. Қазақтың этнографиялық категориялар ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. / Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. – 856 б.
5. Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция, Нью-Йорк, 1979 жыл, 18 желтоқсан - <https://www.ohchr.org/r/treaty-bodies/cedaw/introduction> (қаралған күні : 08.08. 2024)
6. Бағдәулетқызы Ә. Қазақ киносындағы архетиптік келін және ене бейнелері // Гендер және Қазақстан қоғамы. Құраст. Ергебеков, М., Темірбекова, Ж. – Алматы: Delux Printery, 2022. – 280 б.
7. Бендрикова А.Ю. Виктимблейминг: социологический аспект изучения // Образование и проблемы развития общества. – 2018. – №1 (5). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/viktimbleyming-sotsiologicheskii-aspekt-izucheniya> (дата обращения: 03.12.2024).
8. Бобровская Е. В. «Государственный феминизм» в СССР: особенности гендерного (не)равенства в советской России // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: История и политические науки. – 2020. – № 4. – С. 133–140. DOI: 10.18384/2310-676X-2020-4-133-140.
9. Burke L., Crowley T., Girvin F. The Routledge language and cultural theory reader. – «Psychology Press», 2003. – 511 p.
10. Craig L., Brown J. Feeling Rushed: Gendered Time Quality, Work Hours, Nonstandard Work Schedules, and Spousal Crossover. – Fam Relat, 2017. – P. 225-242. <https://doi.org/10.1111/jomf.12320>
11. Ковалева А., Перинская Н. Самоидентичность в социологии Э.Гидденса как рефлексивный проект индивида в категориях биографии // Знание. Понимание. Умение. – 2020. – №1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/samoidentichnost-v-sotsiologii-e-giddensa-kak-refleksivnyy-proekt-individa-v-kategoriyah-biografii> (дата обращения: 24.11.2024).
12. Кукушкин Ю, Чистяков О. Очерк истории Советской Конституции. – М., Политиздат, 1987. <https://www.hist.msu.ru/ER/Etext/cnst1918.htm>
13. Low S., Iveson K. Propositions for more just urban public spaces. // City. – 2016. – Vol. 20. No 1. – P. 10-31. doi: 10.1080/13604813.2015.1128679
14. Мирошниченко И., Стяжкина Е. Абортная политика в СССР в 1920-30-е годы: историография вопроса. // Вісник Маріупольського державного університету. Сер.: Історія. Політологія. – 2012. – №3. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/abortnaya-politika-v-sssr-v-1920-30-e-gody-istoriografiya-voprosa> (дата обращения: 02.12.2024).
15. Мыңжасарова С. Әйел бақыты.Роман. – Алматы: «Жазушы», 2024. – 384 б.
16. Өскембаев Қ. Азамат соғысы мен шетелдік интервенцияның басталуы. Қазақстан тарихы-7 (оқулық) / Құраст. Өскембаев Қ., Сақтағанова З., Зуева Л., Мұхтарұлы F. – Алматы: Арман- ПБ, 2019. – 241 б.
17. Rayna R.. Toward An Anthropology of Women. – Monthly Review Press, 1975. – P. 157- 210.
18. Rivkin J, Ryan M. Literature Theory: An Anthology. John Wiley & Sons Ltd, 2017. – P. 48.
19. Showalter E. "Feminist Criticism in the Wilderness." // Critical Inquiry. – vol. 8, no. 2. – 1981. – P. 179-205. JSTOR, <http://www.jstor.org/stable/1343159>. Accessed 2 Dec. 2024.
20. Shokym Gulzhan T., et al. "Images of Men and Women in the Mirror of Gender Metaphors" // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – vol. 8, no. 2. – 2022. – P. 272-282. <https://doi.org/10.32601/ejal.911560>

References:

1. Adaeva, E. (2022) Gender Stereotypes in Kazakh Literature. In: Gender and Kazakh Society / Compiled by M. Ergebekov, Zh. Temirbekova. – Almaty: DELUX Printery, – 280 p. (in Kaz.).
2. Aimayytov, Zh. (1989) Works. Novels. / Compiled by M. Atomov, K. Keretskulov. – Almaty: Zhazushy, – 560 p. (in Kaz.).
3. Akhmetov, Z., Shangbayev, T. (1998) Dictionary of Literary Terms. – Almaty: Ana tili. – 384 p. (in Kaz.).
4. Alimbay, N. (2017) Traditional System of Kazakh Ethnographic Categories, Concepts, and Terms. / Encyclopedia. – Almaty: TOO "Alem Damu Integratsiya». – 856 p. (in Kaz.).
5. Convention on the Elimination of All Forms of Discrimination Against Women (1979) New York, December 18, - <https://www.ohchr.org/ru/treaty-bodies/cedaw/introduction> (Accessed: 08.08.2024).
6. Bagdauletkyzy, A. (2022) Archetypal Images of Daughter-in-Law and Mother-in-Law in Kazakh Cinema. // Gender and Kazakh Society. Compiled by Ergebekov, M., Temirbekova, Zh. – Almaty: DELUX Printery. – 280 p. (in Kaz.).
7. Bendrikova, Albina Yuryevna. Victim Blaming: Sociological Aspect of Study. // Education and Problems of Society Development. 2018. No.1 (5). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/viktimbleyming-sotsiologicheskii-aspekt-izucheniya> (Accessed: 03.12.2024). (in Russ.).
8. Bobrovskaya, E. V. (2020) "State Feminism" in the USSR: Features of Gender (In)Equality in Soviet Russia. // Bulletin of Moscow State Regional University. Series: History and Political Sciences. No. 4. P. 133–140. DOI: 10.18384/2310-676X-2020-4-133-140. (in Russ.).
9. Burke, L., Crowley, T., Girvin, F. (2003.) The Routledge Language and Cultural Theory Reader. Psychology Press. – 511 p. (in Eng.)
10. Craig, L., Brown, J. (2017) Feeling Rushed: Gendered Time Quality, Work Hours, Nonstandard Work Schedules, and Spousal Crossover. *Fam Relat*, Vol. 79, pp. 225-242. <https://doi.org/10.1111/jomf.12320>. (in Eng.).
11. Rivkin J, Ryan M. (2017) Literature Theory: An Anthology. John Wiley & Sons Ltd. – 1948 p. (in Eng.)
12. Kovalyeva, A., Perinskaya, N. (2020) Self-Identity in E. Giddens' Sociology as a Reflexive Project of the Individual in Biographical Categories. // Knowledge. Understanding. Skill. No.1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/samoidentichnost-v-sotsiologii-e-giddensa-kak-refleksivnyy-proekt-individuala-v-kategoriyah-biografii> (Accessed: 24.11.2024). (in Russ.).
13. Kukushkin, Yu., Chistyakov, O. (1987) Essay on the History of the Soviet Constitution. M., Politizdat, URL: <https://www.hist.msu.ru/ER/Etext/cnst1918.htm>. (in Russ.).
14. Low, S., Iveson, K. (2016) Propositions for More Just Urban Public Spaces. – City. – Vol. 20. – No. 1. – P. 10-31. doi: 10.1080/13604813.2015.1128679. (in Eng.).
15. Miroshnichenko, I., Styazhkina, E. (2012) Abortion Policy in the USSR in the 1920s-30s: Historiography. // Bulletin of Mariupol State University. Series: History. Political Science. No.3. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/abornaya-politika-v-sssr-v-1920-30-e-gody-istoriografiya-voprosa> (Accessed: 02.12.2024). (in Russ.).
16. Mynzhassarova, S. (2024) Woman's Happiness. Novel. – Almaty: Zhazushy. 384 p. (in Kaz.).
17. Oskembayev, K. (2019) The Beginning of the Civil War and Foreign Intervention. History of Kazakhstan-7 (Textbook) / Compiled by Oskembayev, K., Saktaganova, Z., Zueva, L., Mukhtaruly, G. – Almaty: Arman-PV. – 241 p. (in Kaz.).
18. Rayna, R. (1975) Toward an Anthropology of Women. // Monthly Review Press. 157–210 p. (in Eng.)
19. Showalter, E. (1981) "Feminist Criticism in the Wilderness." *Critical Inquiry*, vol. 8, no. 2, 179-205 p. <http://www.jstor.org/stable/1343159>. Accessed: 02.12.2024. (in Eng.).
20. Shokym, Gulzhan T. (2022) et al. "Images of Men and Women in the Mirror of Gender Metaphors." *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, vol. 8, no. 2. P. 272–282. <https://doi.org/10.32601/ejal.911560>

Г.Ж. Пірәлі^{1*}, А.П. Құрманбаева²

^{1, 2}М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹pirali58@mail.ru; ²aizhankurmanbai@gmail.com

ORCID: ¹0000-0003-2645-0918; ²0000-0002-2870-4769

М.ӘУЕЗОВТІҢ БЕЙМӘЛІМ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ЖАҢАША ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ДИСКУРС

Аңдатпа. Мақалада түркі мәдениеті мен түркі халықтарына ортақ рухани қазыналарды бүгінгі уақыт талабына сай зерттеу М. Әуезовтің зерттеулері, оның эпистолярлық мұралары мен ғылыми нарративтік мәтіндері, әсіресе, қалың оқырман қауымға етене таныс емес мұрасы негізінде қарастырылған. Зерттеудің мақсаты – уақытында жаңсақтықпен «пантүркизм» ұғымымен алмастырылған М. Әуезов шығармашылығындағы «түркі әлемі» және «түркі мәдениеті» деген ұғымдарды кеңестік идеологияның ықпалынан тысқары, бүгінгі тәуелсіз әдебиеттанудың талабына сай жаңаша интерпретациялау. Мұхтар Әуезовтің эпистолярлық мұраларындағы, естеліктері мен бізге беймәлім болып келген мәтіндеріндегі, баяндамалары мен түрлі конференция, ғылыми және әдеби мәжілістерде сөйлеген сөздеріндегі, тәуелсіздік жылдары Ресей мемлекеттік әдебиет және өнер мұрағаттарынан алынған, бұрындары ғылыми айналымға түспеген қолжазбаларындағы манастануға қатысты тұжырымдарына талдау жасалады. Туыстас қырғыз халқының ең құнды мұрасы «Манас» эпосына байланысты қазақ зиялыларының арасында туған түрлі пікірлер салыстырылады. Осы эпос төңірегінде туындаған даулы кейбір мәселелердің ара-жігі ажыратылады. Тәуелсіздігімізді алғалы қол жеткізген айтулы еңбек – әуезовтанушылар құрастырған 50 томдық ғылыми жинақтағы осы эпосқа қатысты деректердің бәріне де назар аударылып, олардың мән-маңызы анықталады. Сол кездегі саяси оқиғалардың М. Әуезовтің манастануға қатысты ғылыми пайымдарына қалай әсер еткеніне дискусстық әдіс арқылы талдау жасалады. М. Әуезовтің түркі әлемі мен мәдениетіне қатысты әлі де іздеуді қажет ететін нарративтік мәтіндері тізбектеліп көрсетіледі. Нәтижесінде авторлар М. Әуезовтің тек Орта Азия әдебиетіндегі ғана емес, оның ғалым ретінде әдебиеттануының да дамуындағы ролін екшеп береді.

Алғыс: ҚР ҒжЖБМ Ғылым комитеті қаржыландырған АР23488634 «Түркі мәдениетіндегі М.О. Әуезов әлемі» жобасы аясында жазылды.

Кілт сөздер: абайтану, манастану, түркі әлемі, интерпретация, дискурс, нарратив, тарихи деректер, мәтін.

Г.Ж. Пирәли^{1*}, А.П. Құрманбаева²

^{1, 2}Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹pirali58@mail.ru; ²aizhankurmanbai@gmail.com

ORCID: ¹0000-0003-2645-0918; ²0000-0002-2870-4769

ТЮРКСКИЙ МИР В НЕИЗВЕСТНОМ НАСЛЕДИИ М.АУЭЗОВА: НОВАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ И НАУЧНЫЙ ДИСКУРС

Аннотация. В статье проводится исследование тюркской культуры и духовных ценностей, общих для тюркских народов, в соответствии с требованиями современного времени. Исследования М. Ауэзова, его эпистолярное наследие и научно-повествовательные тексты рассматриваются на основе

его наследия, малоизвестного широкой читательской аудитории. Целью исследования является, которая в свое время была ошибочно заменена понятием «пантюркизм». Новая трактовка понятий «Тюркский мир» и «Тюркская культура» в творчестве М.Ауэзова, вне влияния советской идеологии, в соответствии с требованиями современного независимого литературоведения. Анализ выводов Мухтара Ауэзова о манасоведении в его эпистолярном наследии, мемуарах и неизвестных материалах, докладах и выступлениях на различных конференциях, научных и литературных собраниях, рукописях, взятых из государственных архивов литературы и искусства России в годы независимости, которые еще не в научный оборот внесен. Сопоставляются различные мнения казахской интеллигенции относительно эпоса «Манас» – ценнейшего наследия родственного кыргызского народа. Выделены некоторые спорные вопросы, возникшие вокруг этой эпопеи. Все данные, относящиеся к этой эпопее в 50-томном научном сборнике, составленном ауэзоведами, – значительном труде, добившемся нашей независимости, – будут обращены во внимание и определено их значение. М. Ауэзова методом дискуссии анализируется влияние политические события того времени на его научные взгляды на манасоведении. Последовательно показаны нарративные тексты М. Ауэзова о тюркском мире и культуре, которые еще предстоит искать. В результате авторы освещается роль М. Ауэзова не только в литературе Средней Азии, но и в развитии литературоведения как ученого.

Благодарности: Статья написано в рамках проекта AR23488634 «Мир М.О. Ауэзова в тюркской культуре», финансируемого Комитетом науки Министерства высшего образования и науки Республики Казахстан.

Ключевые слова: абаеведение, манасоведение, тюркский мир, интерпретация, дискурс, нарратив, исторические данные, текст.

G.Zh. Pirali¹*, A.P. Kurmanbayeva²

^{1, 2}*Institute of Literature and Art named after M. O. Auezov, Almaty, Kazakhstan,*

E-mail: ¹pirali58@mail.ru; ²aizhankurmanbai@gmail.com

ORCID: ¹0000-0003-2645-0918; ²0000-0002-2870-4769

THE TURKIC WORLD IN THE UNKNOWN LEGACY OF M.AUEZOV: A NEW INTERPRETATION AND SCIENTIFIC DISCOURSE

Abstract. The article studies the Turkic culture and spiritual values common to the Turkic peoples in accordance with the requirements of today. M. Auezov's studies, his epistolary heritage and scientific narrative texts are considered on the basis of his heritage, little known to a wide readership. The purpose of the study is, which at one time was mistakenly replaced by the concept of "pan-Turkism". A new interpretation of the concepts of "Turkic world" and "Turkic culture" in the works of M. Auezov, outside the influence of Soviet ideology, in accordance with the requirements of modern independent literary criticism. Analysis of Mukhtar Auezov's conclusions about Manas studies in his epistolary heritage, memoirs and unknown materials, reports and speeches at various conferences, scientific and literary meetings, manuscripts taken from the state archives of literature and art of Russia in the years of independence, which have not yet been introduced into scientific circulation. The various opinions of the Kazakh intelligentsia regarding the Manas epic, the most valuable heritage of the related Kyrgyz people, are compared. Some controversial issues that arose around this epic are highlighted. All data related to this epic in the 50-volume scientific collection compiled by Auezov scholars, a significant work that achieved our independence, will be taken into account and their significance will be determined. M. Auezov, using the discussion method, analyzes the influence of political events of that time on his scientific views on Manas studies. Consistently shown are narrative texts of M. Auezov about the Turkic world and culture, which are yet to be found. As a result, the authors highlight the role of M. Auezov not only in the literature of Central Asia, but also in the development of literary criticism as a scientist.

Acknowledgments: The article was written within the framework of the project AR23488634 "The World of M.O. Auezov in Turkic Culture", funded by the Science Committee of the Ministry of Higher Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Key words: Abay studies, Manas studies, Turkic world, interpretation, discourse, narrative, historical data, text.

1. Kіpіcne

М.О. Әуезов 1934-1961 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінде «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ халқының суырып салма айтыс өнері», «Туысқан халықтар әдебиеті», «Абайтану» секілді курстардан дәрістер оқыды. Оқу бағдарламасын жасауда ұлы ғұлама түркі халықтарына ортақ мұраларға да баса назар аударып, күллі түркі жұртына ортақ игіліктердің насихатталуына барынша әсер ете алды.

Оның түркі әлеміне қатысты толағай білімі түркітанушылар В.В. Бартольд, Б. Әйхенбаум, В. Жирмунский, В.В. Виноградов, В.П. Обнорскийлерді мойындатып, өзара пікір алысып, түркі халықтарына ортақ әдеби жәдігерлерге байланысты ғылыми дискурстың тууына ықпал етті. Осы аталған түркітанушы ғалымдармен шығармашылық байланысы, ғылыми мәселелер төңірегіндегі әңгімелері мен пікірлері эпистолярлық, нарративтік мәтіндерде молынан кездеседі. Мәселен, түркітанушы ғалым В.М. Жирмунскийдің М.О. Әуезовке жазған, жазушының қолжазба қорында сақталған 14 хаты дәлел. Осы байланыстардың бәрі де ерекше ыждахатпен қарап, зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі. Бұдан бөлек М.О. Әуезовтің Ленинград университетінің қабырғасында өткізген ғылыми семинарларына арналған баяндамалары да ғылыми зерттеуді қажет етеді. Ә. Марғұланның «Мұхтар Омарханұлы Ленинград университетінің аудиториясында» («Мухтар Омарханович в аудитории Ленинградского университета») деген естелігінде аталған «Горький және шығыс әдебиеті» және «Абайдың Татьяна әндері» («Горький и восточная литература» и «Песни Татьяны по Абаю») атты рефераттары осы күнге дейін бізге беймәлім болып келеді. Бұл еңбектің мәтіні табылса, мұхтартану саласы үшін үлкен олжа болмақ.

Мұхтартану саласындағы күн тәртібіндегі елеулі мәселенің бірі – ұлттық әдебиеттану ғылымында әлі де ат ізі салынбай жатқан арнаның, зерттеу нысанынан тыс қалған құнды деректің бірі саналатын, Мұхтар Әуезовтің эпистолярлық мұраларындағы, естеліктері мен бізге беймәлім болып келген мәтіндеріндегі, баяндамалары мен түрлі конференция, ғылыми және әдеби мәжілістерде сөйлеген сөздеріндегі, тәуелсіздік жылдары Ресей мемлекеттік әдебиет және өнер мұрағаттарынан алынған, бұрындары ғылыми айналымға түспеген қолжазбаларындағы манастанудағы ойлары – қазақ-қырғыз әдебиеті мен кәсіби мамандары үшін қызығушылық танытар жаңа тақырыптар.

1997-2011 жылдар аралығында жарық көріп, әдеби және ғылыми айналымға енген М. Әуезовтің елу томдық толық шығармалар жинағында жарияланған әр жылдардағы алуан түрлі мәжілістер мен СССР және Қазақстан Жазушылар одақтарының съездерінде, әдебиеттанудың әртүрлі салаларына (драматургия, театр, кино, аударма, проза, поэзия, сын, т.б.) қатысты одақтық, республикалық пленумдарда сөйлеген сөздері мен айтқан пікірлеріндегі тек «Манас» эпосына қатысты құнды пікірлерін жинақтап, жүйелеп, бір ізге түсіру бүгінгі күн талабы. Көп жағдайда

назар түсе бермейтін сол шағын мәтіндердің өзінде қаншама тың мәліметтер, соны ойлар, жаңа пайымдаулар бар екендігін ескере бермейтініміз өкінішті. Көрнекті зерттеушінің әдеби айналымға енген осы елу томдық академиялық жинағындағы бар мұраларды бүгінгі уақыттың рухани қажеттілігіне сай ғылыми айналымға енгізіп, кәсіби мамандар назарына ұсыну біздің еңбегіміздің басты мақсаты болмақ.

«Қазіргі кезде Абай мұрасы елімізде ғана емес, әлемдік деңгейде және түркі әлемінде белсенді түрде танытылып, насихатталып, шығармалары зерттеліп жатыр. Абай мұрасы әртүрлі ғылым салаларының зерттеу нысанасы болып жатқан уақытта абайтану ғылымының даму деңгейін көрсететін зерттеу еңбектерге қажеттілік туындайтыны сөзсіз» (Дүйсенбі, 2023). Сол секілді Мұхтар Әуезовтің де шығармашылығының түркі әлеміндегі орнын зерттеудің де маңызы зор.

М. Әуезовтің манастанудағы бір ізге түсіп, жүйеленбеген ғылыми теориялық ой-пікірлерінің өзі жинала келе бұрындары еленбей жүрген, біздің назарымызға ілінбей келген қаншама құнды тұжырымдарды тарту ететіні күмәнсіз.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысының материалы ретінде жазушы М. Әуезовтің эпистолярлық мұралары, естеліктері мен бізге беймәлім болып келген мәтіндеріндегі, баяндамалары мен түрлі конференция, ғылыми және әдеби мәжілістерде сөйлеген сөздеріндегі, кейінгі жылдары мұрағаттардан табылған барша түркі халықтарына ортақ «Манас» эпосына қатысты мәтіндері алынды. Сондай-ақ зерттеудің негізгі мақсатына жету үшін қазақ және қырғыз ғалымдарының ғылыми еңбектеріне назар аударылды.

2.2 Материалға сипаттама

Түркі әдебиеті мен манастануға байланысты М. Әуезовтің зерттеулерінің ерекшелігін анықтау мақсатында тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды. Ғалымның осы тақырыптарға байланысты барлық еңбегін бір арнаға топтастыру үшін тарихи-жүйелі әдіс басты бағдарға алынды. Саяси-әлеуметтік мәселелерге байланысты «Манас» эпосына байланысты туындаған ғылыми пікірлерді сараптау мақсатында дискурстық және нарративтік әдістер пайдаланылды.

3. Талқылануы

М. Әуезовтің елу томдық академиялық жинағының 45-ші томында «Қазақ-қырғыз әдебиеті тарихына социологиялық кіріспе тәжірибесі» баяндамасына аннотация» («Тезисы к докладу «Опыт социологического введения в историю казак-киргизской литературы») деген тезис сынды шағын мәтін берілген (Әуезов, 2010, 89-97 б.). Оның алғашқы тараушасы «I», «II», «III» деген пунктерден тұрады, онда қазақ-қырғыз халқының тарихи кезеңдері бүгінгі әдебиетпен байланыстырыла қарастырылған. Ал, «Ауызша әдебиет» («Устная поэзия») деген тараушада лирика (салт-жоқтау, қоштасу, көңіл айту және үйлену дәстүріне орай-жар-жар, бет ашар, сынсу) мен эпос жанрының (батырлар жыры, былины, лирикалық поэмалар) түрлеріне, олардың генезисі мен даму кезеңдеріне шолу жасалып, әдеби категорияларға кәсіби деңгейде ғылыми теориялық анықтамалар беріледі. Мұндағы талдауларға «Манас» эпосындағы көркем мәтіндер мен әдеби категориялар мысалға алынған. Көне эпикалық мәдениет, эпостың генезисі мен тарихи қалыптасу жолдары, ондағы батырдың образын

бойы қалыптасқанын байқаймыз. Б.д.д. грек философы Платон «Софист» трактатында мимесис ұғымын өнердің, әсіресе поэзияның табиғатқа еліктеу арқылы пайда болуымен байланыстырады. Оның шәкірті Аристотель «Поэтикасында» өнер түрлерінің бәрі белгілі бір деңгейде еліктеуге негізделетінін атап көрсетеді де: «Эпикалық және трагедиялық поэзия, сондай-ақ комедия, дифирамбиялық поэзия, авлетика мен кифаристиканың көп бөлігі – барлығы да еліктеуші өнерлер. Олар бір-бірінен не нәрседе еліктейді, неге еліктейді, қалай еліктейді деген барлық уақытта бірдей бола бермейтін үш түрлі қатынас тұрғысынан ерекшеленеді. Кейбіреулердің оларды тудыру кезінде, бояуы мен пішіндерімен, біреулері шеберлігімен, кейбірі дағдысымен, ал кейбірі табиғат сыйының арқасында көп нәрсеге еліктейтіні сияқты, жоғарыда аталған барлық өнерде солай еліктеу жүзеге асады» (Аристотель, 1957:40), – деп ұстазының еліктеу (мимесис) туралы ілімін тереңдете отырып, өнер туындыларының шынайы өмірді тура қайталамайтынын, керісінше, шығармашылық өңдеуден өтіп, жаңа мазмұнға ие болатындығын айтады. «Аристотельдің көзқарасы бойынша, адамдар еліктеу арқылы үйренеді, ал мимесистен ләззат алу – адамның табиғатына тән қасиет. Кейінірек Цицерон мен Квинтилиан еліктеуді тек үйрену құралы ретінде емес, жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін саналы интертекстуалдық тәжірибе ретінде қарастырған. Олардың ойынша, мимесис – жай қайталау емес, ол белгілі бір мағынаны түсіну және оны толықтыру әрекеті» (Alfaro, 1996: 269). Қайта өрлеу дәуіріндегі ойшылдар өнер тек табиғатқа ғана емес, сонымен қатар табиғатты әсем бейнелей білген өнер иесіне де еліктеуі тиіс деген тұжырым жасады. Бұл идея әдебиетті тануға байланысты теориялардың қалыптасу кезеңінде айтылғанымен, интертекстің мәнін ашуға көмектесетін құнды көзқарастардың бірі болды. Сонымен қатар, бұл ұстаным XX ғасырдың екінші жартысында Ю.Кристева негізін қалаған интертекстуалдылық теориясының басты қағидаларымен үндеседі. Ал интертекстуалдылықтың негіздерін Аристотель ұсынған мимесис теориясымен байланыстырған М.Риффатер «Intertextual Representation: On Mimesis as Interpretive Discourse» атты мақаласында мимесисті шындықты тікелей бейнелеу құралы ретінде емес, керісінше, мәтіндер арасындағы қатынастар арқылы мағынаны құру үдерісі ретінде қарастырады. Ол поэзияның миметикалық емес, семиотикалық үдеріс арқылы, яғни ауыстыру және өзгерту арқылы жүзеге асатынын айтады (Riffaterre, 1984: 142). Аристотель мимесисті шындықтың бейнесі (representational realism) ретінде қарастырса, Риффатер мимесистің мәні тікелей шындықты қайталау емес, бұрынғы мәтіндер мен дискурстарды қайта өңдеу деп есептейді. Ол мимесис ұғымын дәстүрлі мағынасында емес, постструктуралистік дискурста қайта түсіндіреді. Бұл жерде ол интертекстуалдылық ұғымына сүйенеді, яғни кез келген мәтін басқа мәтіндермен байланыста ғана мағынаға ие болады. Мәтіндердегі реалистік бейне (мимесис) оқырманға бұрыннан таныс дискурстар мен мәтіндерді еске түсіру арқылы құрылады. Демек біз шындықты емес, басқа мәтіндер туралы көркем пайымдауларды қабылдаймыз. Оқырман мәтінді оқығанда, ол тікелей реалистік бейнені емес, бұрынғы мәтіндерден алынған интертекстуалдық ишара-белгілерді таниды. Осылайша, мимесис статикалық емес, оқырманның түсіндіруіне тәуелді динамикалық құбылысқа айналады.

XVI–XVII ғасырларда француз ойшылдары әдеби туындыдағы еліктеудің мәні, қандай авторларға сүйену керектігі, дәйексөзді қолданудың артықшылықтары мен шектеулері, сондай-ақ жаңа шығарманың құрылымындағы дәйексөздің рөлі мен авторлық шеберлік туралы ой қозғады. Жоашен Дю Белле «Француз тілін қорғау мен дәріптеу» (1549), Мишель Монтень «Тәжірибелер: Кітаптар туралы» (1592), Жан де Лафонтен «Юэге арнау» (1687) еңбектерінде бұл мәселелер қарапайым, бірақ маңызды тұжырымдар арқылы түсіндірілді. Осы ғалымдардың ішінде Жоашен Дю Белле «Француз тілін қорғау мен дәріптеу» атты трактатында: «...біздің еліктеушіміз ең алдымен кімге еліктегісі келетініне, олардың несіне еліктей алатынына және еліктеуге қайсысы лайықты соған қарасын... Ең алдымен, ол өзінің бейімділігін мұқият зерттеп, өз ойынша етене жақын келе аламын деген адамға еліктеп бастауы үшін, өз күшін таразылап, шамасы неге жететінін сынап көруі керек.....» (Дю Белле, 1981:255-256), – дейді. Ойшылдың бұл пікірі авторлық шеберліктің өзіндік ерекшеліктерін терең түсінуді талап ететінін көрсетеді. Дю Белле шығармашылық үндестіктің маңыздылығын атап өтіп, егер жазушы өз табиғатына сай келмейтін үлгілерге сүйенсе, мұндай еліктеу сәтсіздікке ұшырайтынын ескертеді.

Жоашен Дю Белленің трактатында еліктеуге негізделген мәтінаралық байланыс барысында автор беделі ерекше маңызға ие екенін аңғарамыз. Ол мәтін еліктеуге лайық болуы үшін автор беделі мен мәтіннің құндылығын ескеру қажет екенін атап өтеді. Егер бұл идеяны қазіргі көзқарас тұрғысынан қарастырсақ, мәтіннің маңызын арттыру және оқырманның тұтас мәтіннің ішінен дәйексөз ретінде алынған түпнұсқа мәтінді ажыратып, салыстыра отырып ой түюі үшін пайдаланылатын дереккөз танымал мәтін, танымал есім, танымал мәлімдеме не танымал ситуация болуы қажет.

Осы талаптарға сай таңдалған дереккөздер мәтіндегі интертекстуалдық байланыстарды айқын көрсетіп, автор мен оқырман арасындағы диалогты тереңдете түседі.

Егер бұл талаптар сақталмаса, мәтіннің толыққанды түсінілуіне нұқсан келіп, автордың интертексті қолданудағы мақсаты жүзеге аспай қалуы әбден мүмкін. Себебі оқырман түпнұсқа мәтін мен дәйексөз арасындағы байланысты тануда қиындыққа тап болып, интертекстуалдық амал өз әлеуетін толық аша алмайды. Жоашен Дю Белле трактатында бұл мәселе жүйелі түрде талданбағанымен, автордың еліктейтін мәтінінің құндылығы мен маңызын саралап, оның өз шығармашылығына үйлесімділігін анықтау қажеттігін дәл көрсете білген.

XIX ғасырдағы зерттеушілер де өз еңбектерінде интертекст жөніндегі пайымдарымен бөлісіп, зерттеу аясын тереңдете түсті. Мысалы, В.Гюго «Одалар мен балладалар» атты жинағына жазған алғысөзде («Оды и баллады», 1826) автордың өзінен бұрынғы шығармаларға еліктеуден өзін аулақ ұстауы керектігін атап өтеді. Ол еліктеу жазушының шығармашылық қуатын әлсіретеді деген тұжырым жасап, нағыз өнер табиғат пен шындыққа негізделуі тиіс дейді. В.Гюгоның пікірінше, жазушы шығармашылық ізденісінде тек «Інжіл» мен Гомер мұрасын зерттеу арқылы кемелдікке жете алады (Гюго, 1956: 40-42). Гюго бұл пікірі арқылы өз дәуіріндегі әдебиеттің жағымсыз үрдістерді тұспалдап көрсеткенімен, интертекстуалдылықтың

аясын тарылтып, тек санаулы шығармаларды ғана интертекстуалды байланысқа лайық көрген. Ол интертекстуалдылықтың автордың мәдени ортасы, білімі және саналы бақылауынан тыс қабылдаған мәтіндері арқылы да қалыптасатынына терең бойламай, еліктеудің саналы түрде жүзеге асатын түріне ғана назар аударады. Бұл оның интертекст тек мақсатты түрде жасалады деген түсінікке бейім болғанын көрсетеді, алайда кейінгі зерттеулер интертекстуалдылықтың жазушы санасынан тыс та жүзеге асатынын дәлелдеді.

XX ғасырда француз философы, постструктурализм мектебінің өкілі Ролан Барт және басқа да зерттеушілер интертекстуалдылықтың негізгі ерекшеліктерінің бірі ретінде мәтіннің қат-қабаттылығын (палимпсест) атап көрсетеді. Олар кез келген мәтінді интертекст ретінде қарастырып, көне немесе заманауи мәдени элементтердің автор санасы арқылы сүзіліп, жасырын дәйексөздер, аллюзиялар, парафразалар, еліктеу нәтижесінде мәтінге енбей қоймайтынын алға тартады. Бұл үдеріс көбіне автордың еркінен тыс жүреді.

Р.Барт интертекстті «тоқылған матаға» теңеп, кей жағдайда мәтіндегі интертекстік элементтерді анықтау мүмкін болғанымен, кейбір жағдайларда оларды айқындау қиын екенін айтады. Ол мұны автордың жинақтаған бүкіл білімі мен мәдени тәжірибесінің жаңа мәтінге бейсаналы түрде сіңуімен түсіндіреді (Барт, 1973:78). Р.Барттың интертекст жөніндегі тұжырымдары «автордың өлімі» теориясымен сабақтасып, XX ғасырдың екінші жартысында постмодернистік мәтіндерді талдаудың негізгі құралдарының біріне айналды.

Ж.Женнет интертекстерге егжей-тегжейлі талдау жасай келе оны тек мәтіндік құбылыс ретінде қарастырады. Ол мұндай мәтіндерді түсіну белгілі бір деңгейде «қалыптастырушы пайымға, яғни оқырманның интерпретациялық шешіміне» тәуелді екенін мойындағанымен, «оқырманның герменевтикалық қызметіне» тым үлкен «билік» пен «маңыз» беруді құптамайтынын ашық мәлімдейді. Женет интертекстуалдық құбылысты құрылымдық мәтіндік талдау шеңберінде қарастырып, оқырман интерпретациясына шектеулі мән береді (Genette, 1997:9).

Алайда интертекстуалдық өзгеріске түскен мәтінді оқу – ерекше әрі айрықша ләззат сыйлайтын үдеріс екені белгілі. Оқу үдерісі мәтінаралық байланыста автор шығармашылығына жетекабыл маңызды қызмет атқарады. Оқырман автор тек ұсынылған мәтін бөліктерін құрастырып қана қоймай, бұрынғы мәтінді есте сақтай отырып, оған қосымша мән үстейді, мағына дарытады. Зерттеуші Турк те интертекстуалдылық арқылы берілген мәтіндегі оқырманның роліне ерекше назар аударып: «Оқырманның бұл мәтінді қалай қабылдайтыны – оның бұрынғы мәтінмен таныстығына тікелей байланысты. Практикалық тұрғыдан алғанда, мәтін трансформативті болып саналуы үшін оқырман оны солай деп тануы және солай оқуы қажет: егер оқырман баяндаудың құрылымына бірлесе қатыспаса, мәтін өзіне жүктелген қызметті орындай алмайды» – дейді (Turk, 2011:296). Мәтіндердің мәңгілік ғұмыры автор-мәтін-оқырман үштағанына тікелей байланысты деген пікірді қуаттағандықтан, ғалымның бұл пікірі интертекст теориясындағы маңызды тұжырым деп білеміз.

Жалпы, интертекст мәселесі зерттеушілердің назарын ежелден өзіне аударған құбылыс. Бұл тақырыпқа байланысты бірқатар көрнекті ғалымдар мен жазушылар

күнды еңбектер қалдырды. Мысалы, Т. де Квинси «Адам миының палимпсесті» (*Suspiria de profundis*, 1845) атты еңбегінде, М.Пруст «Флобер «стилі» туралы, Хроникалар» (1928) мақаласында, Х.Л. Борхес «Пьер Менар – “Дон Кихоттың” авторы» (1939) зерттеуінде, Р.Барт «Әдебиет және үздіктілік» (1962) атты жұмысында интертекст ұғымын түрлі қырынан қарастырды. Сондай-ақ, М.Фуко «Ғажайып кітапхана» (1967), М.Бютор «Сын және шығармашылық» (Репертуар III, 1968), Н.Пьего-Гро «Интертекстуалдылық теориясына кіріспе» (2008), Ж.Женетт «Палимпсестер» атты еңбектерінде бұл ұғымның көпқырлы сипаты жан-жақты зерделенді.

Қазақ әдебиеттануында интертекст ұғымының орнын басып тұрған мәтінаралық байланыстар мәселесін зерттеуге бірқатар ғалымдар өз үлесін қосты. Әдебиеттанушы Р.М.Әбдіқұлова интертекстуалдық теориясының сілемдерін қазақ әдебиеттануының бастапқы кезеңдеріндегі еңбектерде де кездестіруге болады дейді (Әбдіқұлова, 2015: 33). Олардың қатарында А.Байтұрсынұлы, М.О. Әуезов, Н.Келімбетов, Е.Д. Тұрсынов, Ө.Күмісбаев, А.Қыраубаева, А.С. Адилова, Р.Әбдіқұлова, К.С. Бұзаубағарова, С.С. Агибаева, А.Б. Темірболат және басқа да зерттеушілер бар.

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, әдебиеттанушы, ғалым М.О. Әуезов интертекст құбылысын арнайы зерттеу нысанына айналдырмаса да, оның «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» мақаласындағы эпостық мұралардың қалыптасуы туралы пайымдары интертекст табиғатымен тікелей үндеседі.

«Халық арасында әлдебір батырдың қоштасуы және соны жоқтауға байланысты таралған өлең-жырды алғашқыда бір ақын жинап, басын құрауы, сөйтіп тұңғыш эпостық дастанның тууына негіз қалауы ықтимал. Бір ақынның аузынан екінші ақынға көшкенде дастан толысып, оқиғасы қалыңдап, молыға түсіп отырған. Эпостық дастанның туып, қалыптасуына ақындармен бірге халық та қатысқан, кей нұсқаны қабыл алып, кейбір нұсқаны жақтырмаған. Дастанның бар ақын жырлайтын тұрақты, түбегейлі нұсқасы жасалғанша осылай болған» (Әуезов, 1985: 157) – деген тұжырымына зер салсақ, фольклорлық мұралардың сақталуында, жаңғыруында және дамуы барысында интертекстуалдылықтың маңызды рөл атқарғанын байқаймыз. Бастапқыда бір оқиғаға негізделген дастан мәтіні келесі жыршының орындауында жаңа өңдеуден өтіп, авторлық реминисценция арқылы мүлде жаңа мағынаға ие болған. Бұл үдерісте мәтіннің үздіксіз өзгеріске ұшырап, жаңа оқиғалық қырларымен толығып отыруында шығармашылық қиялға қоса интертекстуалдық байланыстардың да үлесі мол.

Кез келген халықтың ежелгі мұраларын зерттей қарасақ, интертекстуалдылықтың айқын іздерін байқауға болады. Бұл, әсіресе, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен эпостық шығармаларда ерекше көрініс табады.

Мысалы, шамамен б.д.д. VII ғасырда пайда болған түркі дастаны «Алып Ер Тонға» сюжеті, мазмұны және стильдік ерекшеліктері тұрғысынан парсы ақыны Әбілқасым Фирдаусидің «Шахнама» дастанының бірнеше тарауына негіз болған. Фирдауси өз дастанында Тұран мен Иран арасындағы тартысты сипаттай отырып, түркілердің тарихи тұлғаларының әрекеттері мен ерліктерін бейнелеген. Бір халықтың эпостық

мұрасы екінші халықтың әдеби жәдігерімен астасып, жаңаша интерпретацияған. Бұл жағдай тек әдеби ықпалдастық қана емес, сонымен қатар тарихи-мәдени байланыстардың тереңдігін көрсетеді. Көне жәдігерлерге салыстырмалы зерттеу жасаған Н.Келімбетов: «Фирдаусидің «Шахнамасында» Тұран елінің қалың қолын бастаған Афрасиаб (Алып Ер Тоңға) жорықтарын бейнелеп көрсеткен оншақты арнаулы тараулар бар. Олар: «Афрасиабтың Бәрман мен Құмайынды Сұхраб құзырына жіберуі», «Афрасиабтың қорқынышты түс көруі», «Афрасиабтың қайраткерлермен мәслихат құруы», «Сияуыш пен Афрасиабтың бір-біріне ант беруі», «Афрасиабтың Сияуышқа хат жазуы», «Афрасиаб пен Сияуыштың аңға шығуы», «Афрасиаб ордасына Рүстемнің түнде шабуыл жасауы», «Афрасиабтың ирандықтардан жеңілуі», т.б. Демек, парсы елінің ұлы шайыры Фирдауси осы «Алып Ер Тоңға» дастанын толық күйінде оқыған сияқты. Ол өзінің «Шахнамасында» Тұран елінің патшасы, әскери қолбасшысы, даңқты батыры Алып Ер Тоңға жайында әфсана-аңыздарды, тарихи деректерді, мақтау өлеңдері мен жоқтау жырларын аса дарынды сөз зергеріне ғана тән шеберлікпен пайдалана білгені көрініп-ақ тұр» (Келімбетов, 2005:21- 22), – десе, әлемдегі «Шахнаманы» зерттеуші ғалымдар А.Стариков «Шахнаме: об эпосе «Шахнаме» (1957), «Литературные памятники», Фридрих фон Шпигель «Eranische Alterthumskunde», (том I, Лейпциг, 1871), Теодор Нёльдеке «Persische Studien, Das iranische Nationalepos» атты зерттеу еңбектерінде X-XI ғғ. шамамен отыз бес жыл бойы жазылған бұл дастанда зароастризмнің қасиетті кітабы Авестаның, үнді мәдениетінің әйгілі мұрасы Ригведаның, сондай-ақ исламға дейінгі және исламнан кейінгі түрлі халықтардың ежелгі мифтері мен аңыздарынан алынған жекелеген сюжеттер мен мотивтер жинақталғанын дәлелдеген. Ал «Шахнама» әлем халықтарының әдеби мұраларына зор ықпал етіп, интертекстің түрлі әдістерін қолдана отырып жазылған шығармалардың тууына себепші болды. Парсы және түркі әдебиетінде «Шахнамаға» еліктеу негізінде көптеген тазкирелер дүниеге келді. «Тазкире – парсы және түркі әдебиеттеріндегі ортағасырлық әдебиеттанудың негізгі формаларының бірі. Бұл жанр негізінен поэзияда көрініс тауып, дәйексөз ретінде алынған шығармалардың алдында авторлар туралы қысқаша мәлімет беріледі. Тазкиредегі материалдар географиялық және әулеттік-хронологиялық қағида бойынша жүйеленеді» (Қазақ әдебиеті, 2005; 433).

Ал Батыс Еуропада мәтінаралық байланыстар тарихының бастауы антикалық дәуірде жатыр. Ортағасырлық әдебиетте жеке авторлық мәселесі айқындалмаған кезеңде көптеген мәтіндер, әсіресе, қасиетті жазбалар, ғаламдық рухани болмыс жөніндегі эзотериялық білім жиынтығы ретінде қабылданды. Сол дәуірде авторлардың өз еңбектерінде басқа мәтіндерден алынған дәйексөздерді тырнақша мен сілтемесіз қолдануы кең таралған тәжірибе еді. Антикалық дәуірдің соңына қарай әртүрлі шығармалардан алынған үзінділерден құралған центондар жасау әдеби тәжірибенің бір бөлігіне айналды. Сонымен қатар, ежелгі интертекстуалдық тәсілдердің бірі – реминисценция да Платонның «Федр», «Менон», «Федон» секілді еңбектерінде түсіндіріліп, термин ретінде орнықты. Бұл құбылыс центондармен ұқсастыққа ие, себебі ол да алдыңғы мәтіндермен тығыз байланыс орнатудың бір түрі ретінде қолданылды.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Батыс әдебиетінде түпкі бастауы мимесиске тірелетін мәтінаралық байланыстар Шығыс әдебиетінде, оның ішінде қазақ әдебиетінде де өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасқан. Қазақ әдебиетіндегі интертекстің бір көрінісі – «назира» немесе «назирагөйлік» дәстүрі. Бұл дәстүр белгілі бір шығарманың мазмұнын сақтай отырып, оны жаңа көркемдік шешімдермен, өзіндік стильдік ерекшеліктермен қайта жырлау арқылы дамытуды көздейді. Назирагөйлік қазақ әдебиетінде поэтикалық диалогтың, мәтіндер арасындағы байланыстың маңызды тәсілдерінің бірі ретінде орныққан. «Назира», «назирагөйлік» дәстүрі осы аталған интертекстің қазақ әдебиетіндегі бір көрінісі. «Назира (араб. тілінен – жауап, ұқсату мағынасында) – шығыс поэзиясында орта ғасырларда қалыптасқан әдеби үрдіс. Белгілі бір ақынның өзіне дейінгі классикалық жырлаған шығармаға «жауап» қатуы түрінде, өнер сынасу, өлең жарыстыру мақсатында пайда болған. Жыр бәйгесіне тәуекел еткен шайыр бұрыннан мәлім жырдан жаңаша жол іздеуге, өзі өнеге тұтып отырған дастанның тақырыбын, өлең өлшемін көркемдеу тәсілін пайдаланып, ілкі туындыдан асып кетпесе жетеғабыл түсетін, өзіндік бояу, реңі бар шығарма жазуға тиіс еді...» (Қазақ әдебиеті, 2005:391). Назирагөйлік дәстүрі тек сюжеттердің қайталануымен шектелмей, өлеңнің ырғағы, ұйқасы, көркемдік құралдарына дейін сақталатын ерекшелігімен дараланады. Парсы-түркі поэзиясында бұл үрдіс XI ғасырдан бастап ақынның шығармашылық шеберлігін сынау тәсілі, әдеби тартыстың бір құралы ретінде қолданылып, XIII ғасырдан бастап кеңінен өрістей түсті.

Антикалық дәуірдегі Гомер мен Аристофанның комедияларынан, сондай-ақ Овидий, Вергилий, Лукан поэзиясынан құрастырылған центондар секілді, Шығыс поэзиясында да белгілі шығармаларды жаңаша жырлау дәстүрі орнықты. Низами дастандарының ықпалымен Дехлеуи, Жәми, Науаи, Физули сынды ақындар назирагөйлік бағытында бай әдеби мұра қалдырды. Егер антикалық центондар қалыптаса келе діни сипат алып, Інжіл мәтіндерін қайта баяндауға негізделген діни сипатымен ерекшеленсе, Шығыс поэзиясы, соның ішінде қазақ әдебиеті де назира дәстүрі арқылы алғашқы мифтерден, аңыздардан «Құран» желілерінен, «Мың бір түн», «Тотынама», «Ләйлі-Мәжнүн», «Шахнама», «Жүсіп-Зылиха» сияқты шығармалар желісінде жазылған қисса-дастандармен толықты.

Қазақ әдебиетіндегі назирагөйлік дәстүрдің жарқын мысалдарына: Шәкәрім Құдайбердіұлының Низамидің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын жаңаша жырлауы және Пушкиннің «Дубровский» поэмасын негізге ала отырып осы аттас шығармасын жазуы, Абай Құнанбайұлының ортағасырлық Шығыс әдебиетінде кең таралған Александр Македонский туралы дастандар желісінде жазылған, бірақ өзіндік көркемдік шешіммен ерекшеленетін «Ескендір» поэмасы, Тұрмағамбет Ізтілеуовтің Фирдоусидің «Шахнамасынан» бастау алатын «Рүстем-Дастан» поэмасы жатады.

Бұл туындылар назирагөйлік дәстүрдің қазақ әдебиетіндегі көркем жалғасуы мен интертекстуалдық байланыстардың маңыздылығын айғақтайды.

Жоғарыда аталған әдеби тәсілдермен қатар, ежелгі әдеби мұраларда кездесетін интертекстуалдық құбылыстарды мәтіндік талдау барысында төмендегідей ерекшеліктер арқылы анықтауға болады:

- Мәтіндердің бірнеше нұсқада таралуы – шығарманың әртүрлі өңдеулерден өтуі, дәстүрлі түрде әр ұрпақтың өз заманындағы эстетикалық және идеялық талаптарға сай қайта жырлануы;

- Сюжеттердің бірнеше мәтінде қайталануы – белгілі бір оқиғалық желінің әртүрлі дәуірлердегі, түрлі авторлардың шығармаларында кездесуі;

- Мотивтердің бірнеше мәтінде қайталануы – ортақ сарындар мен концептілердің әртүрлі көркем туындыларда орын алуы;

- Мәтіннің бірнеше авторының болуы – белгілі бір шығарманың әртүрлі авторлардың өңдеуінен өтіп, түрлі нұсқаларының қалыптасуы;

- Бір образдың екі не одан да көп мәтінде көрінуі – белгілі бір әдеби кейіпкердің немесе архетиптік бейненің әртүрлі шығармаларда бейімделуі.

Осы ерекшеліктерді негізге ала отырып, көне әдеби жәдігерлердегі интертекстуалдық байланыстарды анықтауға болады.

Әдебиет – ұлттың көркемдік жадын сақтайтын жүйе болғандықтан, әрбір жаңа мәтін – өткен әдеби дәстүрлермен байланыстағы «ескі мәтін» іспетті. Бұл тұрғыдан алғанда, кез келген халықтың дәстүрлі әдебиеті интертекстуалдық байланыстарға негізделген көркем шежіре болып табылады. Микаэла Баукс мәтінді жеткізу құралына немесе материалына тәуелсіз таңбаларды өндіру немесе қабылдау үдерісінің маңызды формасы ретінде қарастырады. Ол: «Антикалық дәуірде интертекстуалдылық мәтіндерді хатшылардың дауыстап оқуымен және көшіріп жазуымен тығыз байланысты болды. Бұл үдерісте хатшылар мәтіндік дәстүрлерді қайта құрастырып, өңдеп, толықтырып, кейінгі ұрпаққа жеткізді. Жартылай ауызша сипаттағы әлемде мәдениеттердің өзара ықпалдасуын бейнелейтін кең ауқымды когнитивтік жүйе антикалық мәтіндердегі интертекстуалдылықтың өрістеуіне ықпал етті» – дейді (Bauks, 2013:12). Ғалымның пікірінше, мәтіннің (жиі) қайта жазылып, кеңейтілуі оның белгілі бір қоғамның мәдени жадында орнығып, жазбаша немесе канондық беделге ие болғанын білдіреді. Себебі антикалық дәуірде мәтін негізінен ауызша оқылып, үнемі сілтеме жасалатын тұрақты дереккөз ретінде қызмет еткен. Мұны біз шығыстық әдеби үлгілерге де қатысты айта аламыз. Сондықтан ежелгі мәтіндердегі интертекстуалдылық қазіргі заманғы интертекстуалдылықтан өзгеше сипатта қарастырылуы қажет. Тек ортақ белгісі әдебиеттанушы М.Бахтин анықтап кеткендей: «Сөйлеуші сөзінің тақырыбы, қандай тақырып болса да, ол бірінші рет сөйлеу объектісіне айналғалы және сөйлеуші бұл туралы бірінші рет айтқалы тұрған жоқ. Тақырып, былайша айтқанда, келісіліп, талқыланып, баяндалып және түрліше бағаланып қойған, ол туралы әртүрлі көзқарастар, дүниетанымдар, бағыттар тоғысады және алшақтайды. Сөйлеуші тек таза, әлі атау берілмеген заттарды көріп, оларға алғаш рет есім бергелі тұрған інжілдік Адам емес» (Бахтин, 1996:198).

Яғни, көне әдеби жәдігерлерде адамзатты толғандырған мәселелер кейінгі мәтіндерде қайта жаңғырып, нақтыланып немесе мүлде қарама-қарсы көзқарастар тұрғысынан жаңаша мәнге ие болуы мүмкін.

4. Зерттеу нәтижелері

Интертекстуалдылық құбылысының тарихи тамыры ежелгі дәуірге дейін созылатынын интертекстуалдылықтың теориясына қатысты еңбектерді қарастыра

отырып көз жеткіздік. Бұл зерттеулер интертекстуалдылықтың батыс әдебиетіндегі даму сатыларын қамтиды. Осы зерттеулердегі Платон мен Аристотельдің еңбектерінде өнер мен әдебиеттің мимесис (еліктеу) теориясына сүйене отырып шығыс әдебиетіндегі интертекстуалдылықтың даму бағыттарына жасаған болжамдарымыз дәлелденді.

Шығыс әдебиетіндегі интертекстуалдылықтың даму сатысының бір көрінісі ретінде «нәзирагөйлік», дәстүрінің өзіндік ерекшеліктері нақтылы талдаулармен қисындалды. Бұл дәстүрлердегі белгілі шығармаларға жауап ретінде жаңа шығармалар жазудағы мәтінаралық байланыстар интертекстуалдылықтың шығыс мәнерінде қалыптасқан ерекше тәсілдер екені ғылыми негізделді.

Әлемдік әдеби мұралардағы интертекстуалдылық әдісінің даму сатыларының фольклорлық мәтіндердегі мәтінаралық байланыстардан бастау алатыны секілді қазақ әдеби мәтіндерінің қалыптасуындағы фольклорлық және әдеби дәстүрлердің рөлі зерделенді.

Кез келген мәтіннің іргелі қасиеті ретінде қарастырып отырған интертекстуалдылық құбылысының Батыс және Шығыс әдебиетіндегі тарихи дамуындағы ортақ ерекшеліктері және әдебиеттанудағы орны салыстыру барысында кеңінен талданды.

5. Қорытынды

Интертекстуалдылық әдісі әлемдік әдебиеттану үшін күн тәртібінен түспеген, әр қырынан түрлі парадигмалар аясында түрлене зерттеліп келе жатқан әдіс. Бұл мақалада сол әдістің Батыс және Шығыс әдебиетіндегі қолданыс аясының бірнеше ерекшеліктеріне ғана тоқталып өттік. Мақалада салыстырмалы зерттеу арқылы шығыс әдебиетінің дамуында тек өзіне ғана тән мәтінаралық байланыстардың түрлері болғандығына назар аудартуға тырыстық. Бұл әлі де терең зерттеулерге негіз боларлық тақырып. Бұл мақала әдебиеттану ғылымындағы интертекстуалдылықтың әмбебаптығы мен маңыздылығын терең түсінуге мүмкіндік береді. Осы орайда мақаланың маңыздылығын арттыратын, құндылықтық бағдарларын атай отырып қорытындылағмыз келеді:

Зерттеу мәтіндер арасындағы қарым-қатынасты зерттеп қана қоймай, мәдениетаралық және тарихи байланыстардың әдебиетке әсерін анықтауға ықпал етеді. Әдеби мәтіндерді талдауда интертекстуалдылық теориясын практикада қолдану мүмкіндіктеріне жол ашады.

Әдебиет пен өнерді оқытуда бұл әдіс оқушыларға және студенттерге мәтіндерді тереңірек түсінуге ықпал етеді. Әсіресе, шығармашылық жазу сабақтарында интертекстуалдылық жаңа идеяларды дамыту үшін қолданылуы мүмкін. Қаламгерлер үшін интертекстуалдылық шығармашылық процесінде жаңа идеялар мен бағыттарды табуға көмектеседі. Фольклорлық мәтіндер мен дәстүрлердегі интертекстуалдық байланыстарды зерттеу мәдени мұраны сақтау мен түсіну үшін маңызды.

Қорытындылай келе, мақала әдеби және мәдени зерттеулер үшін кең көлемде қолданылуы мүмкін маңызды әдіснамалық негізді ұсынады. Әдебиеттану саласында интертекстуалдылық ұғымының маңыздылығы мен құндылығын жан-жақты талдау әлемдік әдебиеттануда толастаған жоқ. Бұл әдістің тарихи негіздеріне қатысты болжамдар, дамуы мен әлемдік әдебиеттегі қолданысына қатысты зерттеулер легі

де біршама. Біздің зерттеуіміз осы бағыттағы жұмыстарды толықтырумен қатар, интертекстуалдылықтың шығыстық даму ерекшеліктерін зерттеуге үлес қосары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Әбдіқұлова Р.М. (2016). Қазақ сөз өнеріндегі интертекст мәселесі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2016. – 154(2). – Б. 33-36. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1706>
2. Alfaro M. J.M. Intertextuality: Origins and Development of the Concept // Atlantis, 1996. – 18(1/2). – P. 268–285. <http://www.jstor.org/stable/41054827>
3. Аристотель Об искусстве поэзии. – Москва: «Художественное литературное», 1957. – 138 с.
4. Әуезов М.О. Қазақ халқының эпосы мен фольклоры. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1985. – Т. 17. – 352 б.
5. Bauks M. Intertextuality in Ancient Literature in Light of Text-linguistics and Cultural Studies. – Between Text and Text. The Hermeneutics of Intertextuality in Ancient Cultures and Their Afterlife in Medieval and Modern Times edited by Michaela Bauks, Wayne Horowitz etc. Bristol, Vandenhoeck & Ruprecht, 2013. – 363 p.
6. Barthes R. Text // Encyclopedia universalis. – Paris, 1973. – Vol. 15.
7. Васильникова Т.Н. (2016). Теория интертекста в филологии: основные этапы исторического формирования // Известия Самарского научного центра Российской академии наук. Социальные, гуманитарные, медико-биологические науки, 2016. – №18 (1-2). – с. 189-196.
8. Волчков А.С. Теория интертекстуальности и ее роль в библейских исследованиях // Христианское чтение, 2018. – №4. – с. 42-46. doi: 10.24411/1814-5574-2018-10081
9. Genette G. Palimpsests: Literature in the Second Degree. Translated by Channa Newman and Claude Doubinsky. – Lincoln: Univ. of Nebraska Press, 1997.
10. Гюго В. Предисловия к различным изданиям сборника «Оды и баллады». Предисловие к изданию 1826 года // Собр. соч.: В 15 т. Критические статьи, очерки, письма. – Москва: Худ. лит., 1956. – Т. 14. – 768 с.
11. Дю Белле Ж. Эстетика Ренессанса: Сост. В.П. Шестаков, В 2 т. Т. 2. – М.: Искусство, 1981. – 641 стр.
12. Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. – Алматы: Алатау, 2005. – 332 б.
13. Кремнева А.В. Эволюция теории интертекстуальности в контексте меняющихся парадигм // Вестник Новосибирского государственного университета. Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация, 2014. – 12 (1). – С. 54-63.
14. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd7», 2005. – 576 б.
15. Бахтин М. Проблема речевых жанров // Собр. соч.: В 7 т. Т. 5. – М.: Русские словари, 1996. – 732 с.
16. Riffaterre M. Intertextual Representation: On Mimesis as Interpretive Discourse. – Critical Inquiry, 1984. – 11(1), 141–162. <http://www.jstor.org/stable/1343294>
17. Turk T. Intertextuality and the Collaborative Construction of Narrative: J. M. Coetzee's Foe. Narrative. The Ohio State University Press Volume 19, Number 3, October 2011 pp. 295-310 DOI: 10.1353/nar.2011.0019 <https://www.scopus.com/pages/publications/80355136587>
18. Worton M., Judith S. Intertextuality: Theories and Practices. – Manchester: Manchester University Press, 1990.

References:

1. Abdikulova, R. M. (2016). Qazaq söz önerindegi intertekst мәселеси [The Problem of Intertext in the Kazakh Word Art]. QazҰU Habarshysy. Filologia seriasy, vol. 154, no 2, pp. 33-36. Retrieved from <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1706> (in Kaz.).
2. Alfaro, M. J. M. (1996). Intertextuality: Origins and Development of the Concept. Atlantis, vol. 18, no (1/2), pp. 268-285. <http://www.jstor.org/stable/41054827> (in Eng.).
3. Aristotel. (1957) Ob iskustve poezii [On the Art of Poetry]. Moskva: «Hudojstvennoe literatura», – 138. p. (in Russ.).

4. Auezov M.O. (1985) Qazaq halqynyñ eposy men föklory [The Epic and Folklore of the Kazakh People]. Jıyrma tomдық шығармалар жинағы. Almaty: «Jazuşy», Vol. 17. – 352 p. (in Kaz.).
5. Bauks M. Intertextuality in Ancient Literature in Light of Text-linguistics and Cultural Studies. – Between Text and Text. The Hermeneutics of Intertextuality in Ancient Cultures and Their Afterlife in Medieval and Modern Times edited by Michaela Bauks, Wayne Horowitz etc. Bristol, Vandenhoeck & Ruprecht, 2013. – 363 p. (in Eng.).
6. Barthes R. (1973) Text. // Encyclopedia universalis. Paris: vol. 15. (in Eng.).
7. Vasilchikova T.N. (2016). Teoria interteksta v filologii: osnovnye etapy istoricheskogo formirovaniya. [The Theory of Intertext in Philology: Main Stages of Historical Development.] İzvestia Samarskogo nauchnogo sentra Rosiskoi akademii nauk. Sosiälnye, gumanitarnye, mediko-biologicheskie nauki, 18 (1-2), pp. 189-196. (in Russ.).
8. Volchkov A.S. (2018). Teoria intertekstuälnosti i ee rôl v bibleiskih issledovaniyah [The Theory of Intertextuality and Its Role in Biblical Studies]. Hristianskoe chtenie, (4), pp. 42-46. doi: 10.24411/1814-5574-2018-10081 (in Russ.).
9. Genette G. (1997) Palimpsests: Literature in the Second Degree. Translated by Channa Newman and Claude Doubinsky. Lincoln: Univ. of Nebraska Press. (in Eng.).
10. Gügo V. (1956) Predislovie k razlichnym izdaniyam sbornika «Ody i balady». Predislovie k izdaniyu 1826 goda [Prefaces to Various Editions of the Collection Odes and Ballads. Preface to the 1826 Edition]. Gügo V. Sobr. soch.: in 15 vol. vol. 14. Kriticheskie stati, ocherki, pisma. M.: Hud. lit., S. (in Russ.).
11. Dü Belle J. (1981) Estetika Renesansa [Renaissance Aesthetics]: Sost. V.P. Şestakov, V 2 t. T. 2. M.: İskustvo, – 641 p. (in Russ.).
12. Kelimbetov N. (2005) Ejelgi ädebi jädigerlikter [Ancient Literary Monuments]. Almaty: Alatau, – 332 p. (in Kaz.).
13. Kremneva A.V. (2014). Evolüsia teorii intertekstuälnosti v kontekste menäiuşihsä paradigm [The Evolution of Intertextuality Theory in the Context of Changing Paradigms]. Vestnik Novosibirskogo gosudarstvennogo universiteta. Seria: Lingvistika i mejkülturnaia komunikasia, 12 (1), pp. 54-63. (in Russ.).
14. Qazaq ädebieti. Ensiklopedialyq anyqtamalyq [Kazakh Literature: Encyclopedic Reference Book]. (2005) Almaty: «Aruna Ltd7», – 576 p. (in Kaz.).
15. Bahtin M. (1996) Problema rechevyh janrov [The Problem of Speech Genres] // Sobr. soch.: V 7 t. T. 5. M.: Ruskie slovari, – 732 p. (in Russ.).
16. Riffaterre, M. (1984). Intertextual Representation: On Mimesis as Interpretive Discourse. Critical Inquiry, 11(1), 141–162. <http://www.jstor.org/stable/1343294> (in Eng.).
17. Turk T. (2011) Intertextuality and the Collaborative Construction of Narrative: J. M. Coetzee's *Foe*. Narrative. The Ohio State University Press Volume 19, Number 3, October 2011 pp. 295-310 DOI: 10.1353/nar.2011.0019 <https://www.scopus.com/pages/publications/80355136587> (in Eng.).
18. Worton M., Still J. (1990) Intertextuality: Theories and Practices. Manchester: Manchester University Press (in Eng.).

Г.Т. Тлеубердина^{1*}, М.К. Нуржаксина², Г.Ш. Шахманова³

^{1,2,3} *Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан*

E-mail: ¹guldentleuberdinga@inbox.ru, ²makosya_06@mail.ru, ³gulshat.shakhmanova@gmail.com

ORCID: ¹ 0000-0002-0574-643X, ²0000-0002-6471-2643, ³0000-0001-6246-2356

ҚАЗІРГІ АЙТЫСТАҒЫ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ (Мақсат Ақанов айтыстары негізінде)

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының ауыз әдебиет үлгілерінің бірі – ақындар айтысының бүгінгі үлгілері туралы сөз қозғалады. Қазіргі таңда айтыс өнері жаңа мазмұнда, жаңа бағытта дамып, жылдам өзгеріп заманның талабынан шығып қарыштап жаңаша сипат алған. Осыған орай суырыпсалмалық өнердің дамуына серпін беріп, оның өрісін кеңейтуге атсалысып жүрген айтыскер ақындар шоғыры қалыптасқаны белгілі. Мақалада осындай дарынды ақындардың бірі, қыз бен жігіт айтысының шебері, сал-серілік дәстүрді жалғастырушы – Мақсат Ақановтың айтыстары басты назарға алынып отыр. Еліміздің әр аймағында түрлі атаулы күндер мен тұлғаларға, мерейтойларға байланысты республика көлемінде ұйымдастырылған айтыстарда өнердің үздік үлгісін көрсетіп, өзіндік сөз құрау, қайталанбас арқа дәстүрін жалғаған мақамымен халық назарын жаулаған Мақсат Ақановтың айтыскерлік өнерін талдау басты мақсатымызға айналды. Айтыскер ақынның айтыстың көрнекті үлгісі – қыз бен жігіт айтысын дамытуға қосқан үлесін Айнұр Тұрсынбаевамен, Жансая Мусинамен, Әсем Ережеқызымен, Жұлдызай Маратбековамен, Жамайқа Токоновамен айтыстарынан байқаймыз. Мақсат Ақанов айтыс өнеріндегі өзіндік даралығын сөз құрау шеберлігі, сахналық мәдениеті, сазды мақамы арқылы дәлелдеп отыр. Көпшілікті ұлттық рухпен сусындатуды мақсат еткен, елдік, ерлік, бірлік жайлы, келер ұрпақтың тәрбиесі қозғалған сөз сайыстарын талдап насихаттау мақаланың басты мақсаты болып табылады.

Алғыс: Мақала АР 19574645 «Қазіргі қазақ айтысының типологиясы мен поэтикасы» жобасы аясында дайындалды.

Кілт сөздер: дәстүр жалғастығы, мақам, қыз бен жігіт айтысы, сал-серілік дәстүр.

Г.Т. Тлеубердина^{1*}, М.К. Нуржаксина², Г.Ш. Шахманова³

^{1,2,3} *Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан*

E-mail: ¹guldentleuberdinga@inbox.ru, ²makosya_06@mail.ru, ³gulshat.shakhmanova@gmail.com

ORCID: ¹ 0000-0002-0574-643X, ²0000-0002-6471-2643, ³0000-0001-6246-2356

ПРОДОЛЖЕНИЕ ТРАДИЦИЙ В СОВРЕМЕННОМ АЙТЫСЕ (На основе айтысов Максата Аканова)

Аннотация. В статье рассматриваются современные формы одного из образцов казахского устного народного творчества – поэтического айтыса. В наши дни айтыс приобретает новое содержание, развивается в новых направлениях и стремительно трансформируется в соответствии с требованиями времени. В связи с этим сформировалась плеяда импровизаторов, вносящих значительный вклад в развитие этого искусства и расширение его горизонтов. В центре внимания статьи – творчество одного из таких талантливых акынов, продолжателя традиций сал-серілік и мастера айтыса между девушкой и юношей – Максата Аханова. Акын, демонстрируя высокие образцы поэтического состязания на республиканских айтысах, проводимых по всей стране по случаю памятных дат и юбилеев, завоевал любовь публики благодаря своей неповторимой манере исполнения и уникальному поэтическому стилю. Основной целью статьи является анализ айтыскерского мастерства Максата Аханова, особенно

его вклада в развитие жанра айтыса между девушкой и юношей, на примере его состязаний с такими акынами, как Айнур Турсунбаева, Жансая Мусина, Асем Ережекызы, Жұлдызай Маратбекова и Жамайка Токонова. Особое внимание уделяется его индивидуальному стилю, сценической культуре и мелодичному исполнению. Главной задачей статьи является популяризация айтысов, в которых затрагиваются темы национального духа, патриотизма, единства и воспитания подрастающего поколения.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках проекта AP19574645 «Типология и поэтика современного казахского айтыса»

Ключевые слова: продолжение традиции, макам, айтыс среди девушек и парней, традиция сал-сері.

G.T. Tleuberdina^{1*}, M.K. Nurzhaxina², G.Sh. Shakhmanova³

^{1,2,3} Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan

E-mail: ¹guldentleuberdina@inbox.ru, ²makosya_06@mail.ru, ³gulshat.shakhmanova@gmail.com

ORCID: ¹0000-0002-0574-643X, ²0000-0002-6471-2643, ³0000-0001-6246-2356

CONTINUATION OF TRADITIONS IN MODERN AITYS (Based on the Aitys of Maksat Akhanov)

Abstract. The article explores contemporary forms of one of the key genres of Kazakh oral literature – the art of improvisational poetic dueling known as aitys. Today, aitys has acquired new content, developed in new directions, and rapidly transformed to meet the demands of the modern era. As a result, a generation of talented improvisational poets (aitys performers) has emerged, contributing to the expansion and dynamic development of this traditional art form. This article focuses on the work of one such gifted performer – Maksat Akanov, a master of the traditional aitys between a girl and a boy, and a follower of the sal-seri artistic tradition. Maksat Akanov has captivated audiences across the country with his unique poetic style and melodic performance during national aitys events held in honor of various significant dates and personalities. The main objective of the article is to analyze the poetic craftsmanship of Maksat Akanov, particularly his contribution to the genre of aitys between a girl and a boy, through his performances with fellow aitys poets such as Aynur Tursynbayeva, Zhansaya Musina, Asem Erezhekizi, Zhuldyzai Maratbekova, and Zhamayka Tokonova. Special attention is given to his linguistic artistry, stage presence, and musical intonation. The article aims to promote poetic contests that address themes of national spirit, patriotism, unity, and the moral upbringing of future generations.

Acknowledgments: The article was prepared within the framework of the AR 19574645 project “Typology and poetics of modern Kazakh aitys»

Keywords: continuation of tradition, makam, aitys among girls and boys, sal-seri tradition.

1. Кіріспе

Айтыс – өнердің сан түрін бойына жинап, суырыпсалмалықты, ұшқыр ой мен сөз дәлдігін, ырғақ мен мақамның үйлесімін, сазды аспапты жоғары меңгеру деңгейін айтыскер акынның бойына жинақтап осы заманға жеткізіп келе жатқан бірден-бір өнер. Ықылым заманнан осы күнге дейін түрлі трансформациядан өткен айтыс өнері өзінің басты мақсаты мен миссиясын әлі де атқарып келе жатқаны талассыз. Өншілік, ақындық, артистік қабілеттерді бойына жинақтаған айтыскер ақындардың қазақ халқының рухани мәдениет пен өнерінде алар орны да ерекше.

Айтыс – ақындық тәрбие мектебі. Елімізде Арқа, Жетісу, Сыр, Батыс деп аталатын дәстүрлі өнер мектептері қалыптасқаны белгілі. Өнердің әр мектебінің өз ерекшелігі бар. Мәселен, Арқа мектебі сал-серілік дәстүрді жаңғыртуымен ерекшеленсе, Батыс мектебі төкпе жыраулық мақамымен белгілі. Айтыскерлік өнерде де әр өңірдің

мақамы, сазы ерекше байқалады. Мәселен, Абыл, Нұрым, Қашаған қалыптастырған жыраулық, жыршылық дәстүр Батыс мектебін сипаттаса, Біржан сал, Ақан сері қалыптастырған Арқа мектебі кең тыныс, зор дауыспен шырқалатын үлкен диапазонға құрылады.

Айтыс өнеріндегі Арқа мектебінің маңызын зерттеушілер пікірлерінен байқаймыз. Есмағамбет Ысмайылов «Ақындар» атты еңбегінде айтыскер бойында ақындық, музыкалық, драмалық өнердің қабысып келетіндігін атап өтсе (Исмаилов, 1956), қазақ айтыс өнерінің бастауында сал-серілік дәстүр тұрғанын байқаған өнертанушы Г.Н. Омарова XIX ғасырда қазақ топырағында сауық құрған ақын-музыканттар, сал-серілер қоғамдастығы пайда болып, сал-серілер әлеуметтік артықшылық иеленіп, уақытын халықты жинап музыкалық аспаптармен ән салып, актерлік және цирк өнерін көрсетіп, өнеріне тәнті еткен деген ой білдіреді (Омарова, 2019: 92).

Ұлттық поэзия тарихында ақындық-әншілік, композиторлық-орындаушылық, импровизаторлық-ойыншылық өнерді сәтті тоғыстырған сал-серілердің өрелі өнерпаздық табиғаты айрықша мәнділігімен ерекшеленетінін, сал-серілердің ым-ишаратында, кимыл-қозғалысында, бет-жүзінде, ән айту мәнерінде қисапсыз нәзік көрініс-құбылыстар көп болады (Негимов, 2005: 128).

Сал-серілер суырыпсалмалық өнерін игере отырып айтыс барысында немесе дүйім жұрттың алдында өнер көрсетіп, ән мен жырға бөлеп ақындық-музыкалық дарыны арқылы кез келген жағдайға, ойға, эмоцияға бейімделеді. Өнді мен күйді естіген сәтте қағып алып, есте сақтап келесі орындаушыларға сәл өзгертіп айтып, импровизация жасаған.

Сал-серілік дәстүрдің ажырамас бір бөлігі, айтыс өнерінің шырайын келтіретін ерекше түрі қыз бен жігіт айтысы екені көпшілікке мәлім. Ежелгі грек әлемі мен қазақ лирикасының табиғатын зерттеген ғалым Алма Құнанбаева өз мақаласында қыз бен жігіт айтысы туралы мынадай пікір білдіреді. «The numerous varieties of the aitys itself are the central genre field of Kazakh poetic culture. I will only name a few genres: kyz ben zhigit aitysy (an aitys between a young woman and young man), din aitysy (a religious aitys), zhumbak aitysy (an aitys with riddles), akyn dar aitysy (an aitys between akyns), and others» (Kunanbaeva, 2019: 2).

Ева-Мария Дюбуиссонның қазақ айтысы туралы зерттеулерінде «Confrontation in and through the Nation in Kazakh Aitys Poetry» қазақ халқының мәдени бірегейлігін білдірудегі және қоғамдық сын құралы ретіндегі айтыстың рөліне тоқталып, айтыстың ұлттық құндылықтарды жеткізудегі маңызын, қазіргі заманғы цифрлық кеңістікте, әсіресе онлайн-платформаларда жастар қауымына қалай әсер ететінін зерттейді. Дюбуиссон сонымен қатар айтысты қазіргі қоғамдағы диалог пен дәстүрді қолдайтын ауызша поэзияның бір түрі ретінде қарастырады (Dubuisson, 2010: 113).

Айтыс өнеріндегі қазақ ақын қыздарының алар орнына тоқталған ғалымдар Қ. Жалғасбаева мен Г. Даутова он тоғызыншы ғасырдағы қыз бен жігіт айтыстары мен осы күнгі қыз бен жігіт айтыстарының көрнекті үлгілерін өзара салыстыра бүгінде барлық әлем ақылды телефондарға көз алартқан тұста кез келген ақпараттың қолжетімділігі артқандықтан, айтыскерлердің сан қырлы өнерін танытатын айтыстың да эфирлерін еркін тамашалай аламыз деген қорытындыға келеді (Жалғасбаева, 2023: 191).

Қазіргі айтыстағы дәстүр жалғастығына тоқталған ғалымдар Насихат Мурсалимова, Алмас Оралбек дәстүрлі айтыс мақамдарының әр аймақта сақталмай жатқанына алаңдайды: «Айтис şairlerinin, ünlü akınların aytislarını ritimlerine uymadan aktarmaları ve yüzyıllardır yaşayagelen bölge okullarının müzik geleneklerine saygı göstermemeleri de oldukça üzücüdür. Dolayısıyla bu durumlar, modern aytis sanatının çözülmemiş sorunlarından yalnızca birkaçıdır» (Mursalimova, 2022: 469). Аманжол Өлтаев өз зерттеуінде айтыс қоғамды тәрбиелеу құралы, қоғамдық сананың шын мәнінде гуманистік бағытта қалыптасуына ықпал ету құралы деген ой айтады (Өлтай, 2020: 176).

Еліміздің әр өңірінде айтысты жетілдіріп, көркейтіп келе жатқан айтыскерлер баршылық. Сондай дарынды айтыскерлердің бірі – Арқаның сал-серілік дәстүрін жалғастырып, қыз бен жігіт айтысының шебері атанған Мақсат Ақанов.

Мақсат Ақановты сал-серілік дәстүрді жалғастырушы тұлға ретінде қарастыруға оның бойындағы өнерпаздық дарыны мен шығармашылық қабілеті негіз бола алады. Болашақ айтыскер жастайынан өнер ортасында тәрбиеленіп, әке өнегесін көріп, белгілі ақындар мен дарынды тұлғалардың шығармашылығына куә болған.

Асылмұрат Ақанов – дәстүрлі әнші, сахна шебері, халық театрының актері Мақсат Ақановты жастайынан сахнаға шығарып, актерлік, әншілік шеберлігін шыңдағанын айтыскер өз сұхбаттарында атап өтеді (https://youtu.be/bCoUx9CUB20?si=JVRN6xMmPz5_cor).

Ақындықтың қалыптасуына Ерік Асқаровтай ақын өнерін көзбен көріп, Шынболат Ділдебаевтай азулы ақыннан бата алуы, Абаш Кәкенов, Рамазан Саттыбаев, Нұрлан Аққазин сынды айтулы ақындардың айтысын өз көзімен тамашалап тәнті болуы әсер еткенін жасырмайды. М. Ақанов сал-серілердің бүгінгі өкілі Аманжол Өлтаевтай ақтаңгер айтыскерден үлгі алғанын жасырмайды. Қазіргі қазақ айтысының айтулы өкілі Бекарыс Шойбеков өз сұхбаттарының бірінде мықты ақындар қатарынан Мақсат Ақанов, Еркебұлан Қайназаровты атайды да, Мақсат Ақановты қыз бен жігіт айтысының серісі, төресі деген сипаттау келтіреді.

2. Зерттеу әдістері мен материалдары

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеу нысаны ретінде Мақсат Ақановтың хатқа түспеген бейнебаяны жазылған айтыстары алынды. Тақырыпты зерттеуде талдау, саралау, салыстыру, анализ, синтез әдістері қолданылды. Мақсат Ақановтың қазіргі қазақ айтысының көрнекті түрі қыз бен жігіт айтысын дамытуға қосқан үлесі мен сөз қолданудағы образдық-поэтикалық қолтаңбасын зерделеу, мәтінмен жұмыс әдісі, айтыс үлгілерін көркемдік-поэтикалық талдау әдістері, еңбектерді саралау және салыстыру әдістері қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Мақала жазу барысында зерттеу нысанына алынған айтыскер Мақсат Ақановтың Айнұр Тұрсынбаевамен, Жансая Мусинамен, Әсем Ережеқызымен, Жұлдызай Маратбековамен, Жамайка Токоновамен сөз сайыстары негізгі мәтін ретінде алынып, мақала барысында тақырыптық-мазмұндық, көркемдік-поэтикалық тұрғыдан талданды.

Зерттеудің теориялық негізі ретінде ғалымдардың ғылыми-теориялық еңбектеріне сүйене отырып сараптама жасалды. Есмағамбет Ысмайыловтың «Ақындар» монографиясы, Серік Негимовтың «Қазақтың сал-серілері», Аманжол Әлтаевтың «Қазіргі айтыс өнеріндегі заман келбеті: әдеби талдау» зерттеулері алынып отыр. Г. Омарованың «Ұлттық қазақ музыкасының мәдени контекстері», А.В. Kunanbaeva «Surprises of Typology: From the World of Ancient Greek and Kazakh Lyric Poetry», Dubuisson E.M. «Confrontation in and through the Nation in Kazakh Aitys Poetry», Жалғасбаева Қ.Б., Даутова Г.Р. «Айтыс өнеріндегі қазақ ақын қыздарының алар орны», Mursalimova N., Oralbek A., Ақа М. «Kazakh halkinin aitys sanati» мақалалары дәстүр жалғастығы тақырыбын айқындауға негіз болды.

3. Талқылау

Мақсат Ақанов дара қолтаңбасы бар, өзіндік сөз өрнегі қалыптасқан, қыз бен жігіт айтысының көрнекті үлгісін көрсетіп жүрген болмысы бөлек ақын. Айтыс сүйер қауым Мақсат Ақановтың сахнаға шығуын асыға күтеді. Өзін ұстау, сөз саптау мен домбыраны меңгеру деңгейі, киім кию мәдениеті көрерменнің ыстық сүйіспеншілігін тудырады. Осындай керемет сырт бейнесімен қатар, ішкі ақындық қуаты арқылы серілік қасиетін халық алдында көрсетіп келе жатқаны анық.

Оған дәлел ретінде youtube бейнехостингіндегі Мақсат Ақановпен Жансая Мусина айтысы 2 млн 200 мың қаралым жинаса, Аспанбек Шұғатаевпен айтысын 1 млн 100 мың адам тамашалаған. Қарлығаш Әубәкіровамен айтысын 700 мыңға жуық, Жұлдызай Маратбековамен айтысын 2 млн, Әсем Ережеқызымен айтысын 1 млн адам қарап қызықтаған. Ақынның қыздармен айтыстары танымал болғанмен, ел есінде Ринат Зайытовпен, Мейірбек Сұлтанханмен, Еркебұлан Қайназармен, Мұхтар Ниязовпен, Мұрадым Мирлановпен, Иранғайып Күзенбаевпен айтыстары ерекше сақталған.

Өз сұхбаттарында айтыскер ақын қалжың, еркелік, әзіл-қалжыңмен өрілген айтыс жүргізудің, қыз ақынның көңіліне тимей, жұмсақ әрі сыпайы айтысудың оңай еместігін атап көрсетеді. Мақсат Ақанов – ұстазы Аманжол Әлтаевтың жолын жалғап, айтыс сахнасында көптеген ақын қыздармен сөз сайысына түскен ақын. Ол үшін ең қиын әрі есте қаларлық айтыстардың бірі – Айнұр Тұрсынбаевамен өткен айтыс болғанын өзі де жасырмайды. (<https://youtu.be/mYH3yfiw4i4>).

М. Ақанов айтыс жүлдесін талайдан бері иеленіп келе жатқан айтыскер. «Жүрсіннің жүйріктері» жобасында, «Алтын домбыра» республикалық сайысында сан мәрте өнер көрсетіп, 2023 жылы озып шықса, осы жылы ақын «Біржан-Сара ізімен» телевизиялық айтысында қыз бен жігіт айтысының үздігі ретінде бас жүлдеге ие болды.

Айтыскер ақын осылайша айтыскерлік жолға әке өнерін жалғастыра, ақындық ортада тәрбиеленіп, көптеген жыр додасында өнерін шыңдап, айтыс биігін бағындыра білді.

4. Зерттеу нәтижелері

Қиыннан қиыстырып сөйлейтін ақын Мақсат Ақанов – қыз бен жігіт айтысының майталманы. 2002 жылы Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың 1500 жылдығына арналған жыр сайысында студент ақын танымал ақын Айнұр Тұрсынбаевамен айтысып сөз шеберлігін танытады.

Аяғөздің төріне кеп қонайын,
Арқадан алып ұшып жеткен күнде,
– деп басталатын жыр додасын ақын өзін балықшыға, қарсылас ақын қызды аққуға теңей отырып жалғайды.

Жырымды желбіретсем аққу құсап,
Сөзімді тыңда, елім, нақты бір сәт.
Қармақ салып отырған балықшының,
Қасына келіп қонған аққу құсап,
Жырымның айдынына шомылдырып,
Аялап тербетейін гәккуге сап (<https://youtu.be/mYH3yfiw4i4>).

Үкілі Ыбырай атамыздай серілік танытып, гәккулетіп жырын бастаған Мақсат ақын ұтымды әзілге қиыннан жол тапқандай жауап қайтарады. Айдың көмескі сәулесінің жарығымен өлең оқуға құмар ақын төмендегіше сөзбен бейне жасауға шебер:

Ай-сәулесін жарық қып алақанға,
Оңаша жыр оқитын түнді аңсадым (<https://youtu.be/mYH3yfiw4i4>).
Ақын қыздың нәзік мақамынан аққудың әуенін байқайды.
Сызылған үніңізден айналайын,
Аққудың әуеніндей көкте салған.

Халық алдында естен кетпес өнер көрсетуді мақсат етеді, осы ойды теңеу сөзбен жалғастырады.

Жарқын елдің алдында жарқылдайық,
Шалдардың шалғысындай шөпке салған (<https://youtu.be/mYH3yfiw4i4>).

Сара Тоқтамысовамен айтысында Арқа дәстүрін өз өнерімен жалғап келе жатқанын байқатады ақын.

Айтыста арқа салтын қолданам көп,
Жаратқан қадамымды оңғарар деп...
Біржан мен Сара айтысын бүгінгі ел,

Мақсат пен Сараны айтсын жалғаған деп (<https://youtu.be/krLEjyb97vU?si=RTouiTzPzNKf36mMN>)

Мақсат Ақанов Жансая Мусинадай батыстың батыл ақын қызымен де талай рет айтыс сахнасында кездескен.

Ж. Мусинамен айтысы әзілі жарасқан, тапқырлыққа құрылған. Қыз бен жігіт айтысының озық үлгісі ретінде танымал. Ақын дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажарлап сөздің реңін келтіреді.

Тасқа салса таймайтын тарландардай,
Ақ боранда адаспас арландардай.
Алдымнан жиырма жүйрік өте шықты
Бәрін де жеңсем деген арман бардай (<https://youtu.be/RNDf-dXO0BY>).

Айтыс өнері ақынды халық алдында белгілі бір белеске көтереді. Әлеуметтік өмір шындығын шырқағанда ақын халық атынан тіл қатады. Өлең жолдарында *дара құдай, қара қытай* эпитеттерін сәтті қолданады.

Қазақтың азаттығы баянды боп,
Отан үшін төгейік терімізді.

*Дара құдай жарылқап алашымды,
Қара қытай баспасын елімізді* (<https://youtu.be/Eslz6mkACJk?si=B-5fNHSLJTxpGBd5>).

Әсем Ережеқызымен 2023 жылғы айтысында толғауы тоқсан қызыл тілді орынды жұмсай отырып, өткір мәселелерді қозғайды. Елде болып жатқан өзгерістер мен түйткілді мәселелерден хабардар ақын өз пікірін білдіріп, ұлттық аспап домбыраны қаралағандарға пікірін білдіреді.

*Біреулер ұсталыпты параменен.
Біреулер жабылыпты жаламенен,
Біреулер домбырамды харам депті,
Ойнайын деген екен бабаменен* (<https://youtu.be/Eslz6mkACJk?si=B-5fNHSLJTxpGBd5>).

In our work we have relied both on textbook texts of the theory of postmodernism, and on works devoted to the work of V. Sorokin. One of the most famous works devoted to the poetics of postmodernism belongs to Canadian researcher L. Hutcheon. He notes that the literature of postmodernism is parodic and ironic. Hutcheon calls game, black humour, intertextuality, which is a sign of a decentralized universe, pastiche (combining and gluing together elements of different works), fabulation (mixing of fiction and reality), poyomenon

(as a type of metaprose), temporal distortions, hyperreality, paranoia (Hutcheon, 1988). M. Lipovetsky, a famous theorist of Russian postmodernism, continues this series, including dialogism (in particular, dialogue with Chaos), culturogenicity of text, semiotics in the characteristics of postmodernism (Lipovetsky, 1997). S. Suleiman (Suleiman, 1986) writes about ontology of postmodernism. The Routledge Companion to Postmodernism remains an indispensable theoretical source. It contains works by scholars from all over the world, essays on philosophy, politics, literature, critical theory, business, gender and the performing arts, the concept of simulacra (Bodrijar, 2015), the aesthetics of Russian postmodernist discourse (Mankovskaya, 2000), late postmodernism (Green, 2005) and hypermedia (Sim, 2011). According to H. Demeyer and S. Witse, the contemporary development of fiction has not yet overcome the ontological dominance of postmodernism; however, there is a shift towards affective dominance in recent literature. Dominants are structures that bring order and hierarchy to the variety of techniques and methods of the fiction text. "Postmodernism functions include Anti-authoritarianism, or the unwillingness to acknowledge the authority of anyone's style or concept of what art should be, and the blurring of the lines between high culture and mass or popular culture, as well as between art and everyday life, are all aspects of postmodernism" (Harihasudan, 2022: 151).

When studying Sorokin's work, it is important to remember that the author deliberately "breaks" authorial expectations in accordance with his own authorial strategy. Despite the fact that postmodernist literature is characterized by the "death of the author" (R. Barthes), the overthrow of the figure of the General (Deleuze, 2005), Sorokin, staying behind the scenes, "trolls" the reader as a buffoon, a trixer, staying on the other side of 'scenery'. On authorial strategies, see (Iser, 1980). Consequently, the setting of the reader's reception must initially be adequate (Eco, 1990).

3. Discussion

The short story "Nastya", which we have chosen for our analysis, is part of the author's novel "The Feast". As we can see already on the level of the title, the text refers us to the paradigm of other known texts of world literature, each of which participates in the amplification of the original meaning. First of all, we reconstruct Plato's Feast and partly reproduce the concept of the philosophy of the ideal (which is important, because it is to the ideal that the heroes of the story "Nastya" aspire to as the result of overcoming the boundaries of the human). Another reference in this case is to Pushkin's A Feast in the Time of the Plague - but, in the rhizome principle, also to Boccaccio's Decameron. The semantics of the feast, set in the context of a calamity, is intended to imbue the action with a hint of sacredness, ritualism and mysticism. The very title of his novel, Sorokin prepares us for a particular event which is set to overturn our ideas about the world. As Schmid rightly points out, an event only occurs if the situation "turns" the plot upside down, leading it from the logical to the unforeseen (Schmid). This is the kind of event that the reader will encounter as he or she reads the story.

The heroine of the story "inherits" the features of the romantic heroines of classic Russian literature: a delicate, slightly exalted young lady, who is preparing to celebrate her sixteenth birthday, writing her thoughts of the innermost, as if continuing a gallery of images created by Alexander Pushkin, Ivan Turgenev and Lev Tolstoy. Up until the key

event of her initiation, she remains a child, pure and chaste, a girl who has never been born. remains a child - immaculate and pure. The theme of childhood in Russian literature - and in world literature in general - is one of the eternal ones. It is the child as an image, semantically correlated with the idea of innocence, that marks the future, the capacity for renewal and continuation of society, vitality.

The chronotope of the story is rather limited: the action takes one day and unfolds in the Sablins' estate. The reader is left to "guess" at the time of the action, following the markers in the text: the lexemes "babysitter", "footman", The lexemes "nanny", "footman" and "manor" refer back to a classical late 19th-early 20th century manor house, which, by the law of accretion of meaning, takes on the features of a Turgenev, Tolstoy, Goncharov or Chekhov manor. "The deepening and expansion of ethnocultural and linguistic contacts is changing the language situation of the XXI century. A new bi-and poly-lingual picture of the world is formed in which ethnic identity (identity, self-identification of an individual with a certain ethnic group, ethnos, nation) includes the complicity of ethnocultural tradition" (Ananyeva, 2021: 28).

4. Results

Sorokin stylizes the text for the manner of writing of that time: the reader perceives the author's discourse as a continuation of the traditional realistic prose. In addition to the manor's left and right wings the reader is introduced to the garden, which is divided into the New and the Old - an association with the Old and the New Testament is inevitable. A "greenhouse cone" appears in the New Garden, a futuristic image that runs counter to the "stale wicket" of the Old Garden.

Nastia is preparing for the holiday; it is interesting the details that the girl notices in the people around her. For example, the "kvasha of Nanny's belly", the "cool dough of Nanny's hands", the unexpectedly "toothy" head of her mother prepare us for the fact that people are not just intelligent, they are predators; moreover, they can be perceived in the modus operandi of edible.

A proleptic leap occurs when the nanny tells Nastia that she is "better suited to other things" than having children and carrying on the family name. The premonition of dramatic events is justified. Nastenka, washed and beautifully dressed, who has written in her diary that she "must overcome herself" and swallowed the black pearl presented to her, does not sit down at the festive table. She is undressed and sent straight to the furnace

- But the girl is not shocked; she accepts her fate with humility and serenity. Only now the reader guesses that the main course of the birthday party is Nastia herself. A basic literary image is dismantled: the child is transformed into food (and even the association with God's body is perceived here inappropriately, blasphemously, due to the shocking physiological details of Nastia's dying and eating).

"In this episode, a device typical of Sorokin's texts occurs: a 'transformation' ('fracture', 'disruption') of the narrative, when, around the middle of the text, one narrative is suddenly and counterpointually replaced by another: space is inverted, time goes backwards, clothes are re-framed,

"The 'figurative' plot is replaced by verbal gibberish, the simplest of meanings displaced by alphabetic graphics. It is important to note that in this fragment of the story this

"disruption" has only just begun. It is as if a kind of reversal of the entire preceding text is taking shape. All of the images that appeared at the beginning of the story are replaced by their polar opposing pairs. Throughout the rest of the story the "dislocation" will only intensify, and eventually the transformation of the characters, which begins in this episode, will reach verbal abracadabra, alphabetic graphics and illogical actions. In "Nasta", this technique is not carried out in a single moment, but rather lives on and develops throughout the entire subsequent text" (Bibergan, 2011: 16).

The guests enjoy eating Nastya. The father starts with the "breast"; the brutality of the scene reaches its climax when the mother is forced to divide her daughter's "meat" among those present.

"Shifter" turns out to be even the image of Father Andrei eating Nastia's eye (as we know, the eyes are the mirror of the soul, the external representation of the inner self). Moreover, the meal is not at all a special occasion for those present - they chat about society, philosophy and the modernization of agriculture. The reader is soon to learn that two of her friends have been roasted and eaten before Nastia. Nastya, for her part, was prepared for her fate from the start. It is no coincidence that the inscription on her pendant read "Overcome". This is one of the basic tenets of Nietzschean philosophy. That the guests and the mansion's owners themselves are participants in a familiar ritual is evidenced by the episode with the golden nails, each of which bears a code word. The absurdity of the narrative grows. Father Andrei asks one of the guests - Mamut - for his daughter's hand in marriage. Sorokin masterfully plays here with the desemantization of phraseologically linked units. To ask for the hand is to ask for permission to marry. However, the hero asks for hands in the literal sense of the word - and the other hero takes it literally. The girl's hand is sawed off and Father Andrew, having performed a ritual with her in front of the icon of the Saviour, withdraws.

The ritual with the nails only becomes clear towards the end of the piece: the lenses, refracting light, flare up and give birth to a projection of Nastia in the air, who smiles at those present from another dimension. "The reference to Nietzsche at the beginning of the story eventually becomes the key to reading the text. Nietzsche's ideology and the foundations of his philosophy turn out to be one hundred percent applicable to Sorokin's text, which seems cut out to overlap with Nietzschean philosophy. It is important to note that Sorokin's implementation of Nietzsche's philosophical views is somewhat mutated. The ideal of Nietzsche's philosophical ideals is the image of the single man, whose powerful will is the only criterion of good and evil. The man and the world merge into one common superhuman being. According to the Nietzschean philosophy, man - is only a transitional stage to something more perfect. The aim of mankind is to overcome oneself in the name of a higher ideal. It is these words ('to overcome oneself') that flicker in the pages of the novel, constituting the prerequisite for the achievement of the higher goal" (Bibergan, 2011: 27).

The reader once again finds himself "The reader is once again deceived: more than once throughout the course of the story Sorokin changes the optics of what is depicted. The initial deconstruction of the "eternal image" of the child leads to the creation of a fundamentally new dimension in which other values and ideals prevail.

That the optics of the narrative are transformed more than once is evident from the numerous details and intertextual interjections. When Nastya is given a black pearl, she

says "Straight from the island of Bujan! The reader is transported in advance into the modus operandi of the unreal. The description of the scene Nastya's "cooking" as a roast also conjures up associations with fairy tale discourse.

"The red-stone fence of the courtyard, the fresh whitewashing of the newly built large Russian cooker, the waist-naked cook Savely with a long poker in front of the orange stove-roof, his father, mother, father Andrey, Lev Ilyich. The heat is good, - Savely straightened himself, wiping sweat away. - In the name of the Eternal One," his father nodded to him. Savely put a huge iron shovel with dangling chains on the table: - Lie down, Nastasia Sergeyevna. Nastya hesitantly approached the shovel. Her father and Savely picked her up, put her back on the shovel" (V.G. Sorokin "Nastya"). The well-known folklore plot of Baba-Yaga who is trying to roast a hero of a fairy-tale by sly trick is given birth in a new setting. The very symbolism of the fairytale dates back to ancient rites of "guardianship of the infant". The infant, in the views of the ancient Slavs, was a creature that belonged to neither world. Before giving it the opportunity to enter the world of the living, it has to be hardened in the warmth of "the mother's womb" - the oven. Thus, we should perceive Nastia herself ("risen") in a symbolic rather than body-oriented way. From this perspective, the dismantling of eternal themes - childhood, the child, the family - contributes to and intensifies the effect on the reader, which is, after all, what postmodernist aesthetics is all about.

V. Sorokin's texts are ironic through and through, but it is difficult for the reader to understand this mode. The events taking place in "Nastya" are so naturalistic that they shock the reader with every physiological detail. The text is divided into pseudo-realistic and metaphorical. We managed to establish that it is the metaphorical level that should be recognized as the main one. The Nietzschean myth about overcoming the human being within oneself becomes the main one. The main thing here is the author's game with the reader, the author's strategy of deliberately misleading the reader.

Solving our key tasks - namely, the revelation of postmodern implicatures - we come to the conclusion that it is necessary to focus on all the texts of the "Feast" cycle in order to corporally confirm our observations.

5. Conclusion

The aesthetics of postmodernism is not oriented towards the search for harmony, but towards an endless conversation with Chaos as the ontological essence of this world. This is evidenced by its metaphor of the "dismembered Orpheus". There is no place in postmodern discourse for the pivotal, bearing axes of the universe. The thinking of its adherents is decentred, rhizomatic. The rhizome, as a root growing broadly, represents an inexhaustible potential of connecting one with another in an infinite set of variants. The figure of the "omniscient" author, the General, is abolished. However, the death of the author does not always come. Often, as Sorokin demonstrates, the author plays with the reader, deliberately misleading him and remaining "out of the picture" in the unfolding narrative. Sorokin's prose implements the key principles of the postmodernist aesthetic. The interpenetrability of the modus realus and the unreal, the presence of prolepsis, which prepares the reader for the dramatic (but only at first glance!) situation, the deanonization of the classic literary images are "accompanied" by a broad intertextuality, which contributes to numerous

extensions of the source text. Moreover, as the analysis of the story "Nastya" shows that multiple reconfigurations of meaning is one of the strategies of the game Sorokin plays with the reader.

References:

1. Allen G. (2000) Intertextuality. London & New York: Routledge, 2000. – 238 p.
2. Ananyeva S.V. (2021). Postmodern vision of the world in modern literature. // *The Scientific Journal "Keruen"*, 71(2). <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.2-03>
3. Bibergan E.S. (2011) Conceptuality and Philosophy in Vladimir Sorokin's story «Nastya» // *Vestnik (Herald) of St. Petersburg State University. Language and Literature*. No. 4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kontseptualnost-i-filosofiya-v-rasskaze-vladimira-sorokina-nastya> (date of accession: 04.03.2023).
4. Bodriyazh Zh. (2015) Simulyakry i simulyacii [Simulacra and simulations] / Zh. Bodriyazh ; [per. s fr. A. Kachalova]. – M.: Izdatel'skiy dom «POSTUM», 2015. – 240 p. (in Russ)
5. Deleuze J. (2005) Guattari F. Treatise on Nomadology // *NC*. Vol. 92. No. 2. – P. 183-187.
6. Demeyer H., Vitse S. (2021) The affective dominant: Affective crisis and contemporary fiction. // *Poetics Today*. Vol. 42. No. 4. – P. 541-574. doi:10.1215/03335372-9356851
7. Eco U. (1990) The Limits of Interpretation. Bloomington & Indianapolis: Indiana University Press, 1990. – 295 p.
8. Green J. (2005) Late Postmodernism: American Fiction at the Millennium. – NY: Palgrave, 2005. – P. 1-246.
9. Hariharasudan, A. and Pandeewari, D. and Hassan, Ahdi, Research Trends in Postmodernism: A Bibliometric Analysis (March 17, 2022). *World Journal of English Language*, Vol.12, No.2; 2022: <https://doi.org/10.5430/wjel.v12n2p148>
10. Hutcheon L. (1998) A Poetics of Postmodernism: History, Theory, Fiction. – New York: Routledge, 1988. – 567 p.
11. Iser W. (1980) Interaction between Text and Reader // *The Reader in the Text*. Princeton, New York: Princeton University Press, 1980. – P. 106-119.
12. Kosharnaya S. A., Grigoryanova T. (2019) Intertextuality as discursive phenomenon (from Horace to V. Sorokin) // *Scientific result. Issues of theoretical and applied linguistics*. Vol. 5. No. 1. – P. 13-26. DOI: 10.18413/2313-8912-2019-5-1-0-2
13. Leeds, G.R. (2015) «Moscow - Petushki» by V. V. Erofeev: on the verge of documentary and fiction // *Bulletin of the TSHPU*. Vol. 39. No. 1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/moskva-petushki-v-v-erofeeva-na-grani-dokumentalnogo-i-hudozhestvennogo> (date of access: 01/21/2023).
14. Lipovetsky M.N. (1997) Russian postmodernism. (Essays on Historical Poetics). – Yekaterinburg: Ural State Pedagogical University, 1997. – 317 p.
15. Mankovskaya N.B. (2000) Aesthetics of postmodernism. – St. Petersburg: Aleteyya, 2000. – 347 p.
16. Sim S. (2011) The Routledge Companion to Postmodernism. – London: Routledge, 2011. – 352 p.
17. Suleiman S.R. (1986) Naming and Difference: Reflections on Modernism vs. Postmodernism in Literature // Fokkema, Duuwe and Hans Bertens (eds.) *Approaching Postmodernism*. Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins Publ.Comp. – P.48.

Әдебиеттер:

1. Аллен Г. Интертекстуальность. Лондон и Нью-Йорк: Рутледж, 2000. – 238 с.
2. Анянэва, С.В. (2021). Постмодернистское видение мира в современной литературе // *Keruen*. – 71(2). <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.2-03>
3. Бибеган Е.С. Концептуальность и философия в рассказе Владимира Сорокина «Настя» // *Вестник СПбГУ. Язык и литература*. – 2011. – №4. Web. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kontseptualnost-i-filosofiya-v-rasskaze-vladimira-sorokina-nastya> (дата обращения: 04.03.2023).
4. Бодрийяр Ж. Симулякры и симуляции / Ж. Бодрийяр; [пер. с фр. А. Качалова]. – М.: Издательский дом «ПОСТУМ», 2015. – 240 с.
5. Делёз Ж., Гваттари Ф. Трактат о номадологии // *НК*. – 2005. – Т. 92. № 2. – С. 183-187.

6. Демейер Н., Витце С. Аффективный доминант: Аффективный кризис и современная художественная литература. Поэтика сегодня. – 2021. – Т. 42. № 4. – 541-574 сс. doi:10.1215/03335372-9356851
7. Эко У. Пределы интерпретации. Блумингтон и Индианаполис: Издательство Университета Индианы, 1990. – 295 с.
8. Грин Дж. Поздний постмодернизм: American Fiction at the Millennium. NY: Palgrave, 2005. – P. 1-246.
9. Харихарасудан А., Пандисвари Д., Хассан Ахди. Исследовательские тенденции постмодернизме: библиометрический анализ // World Journal of English Language. – 2022. – Т.12. – № 2. – С. 148. DOI: <https://doi.org/10.5430/wjel.v12n2p148>.
10. Хатчеон Л. Поэтика постмодернизма: история, теория, художественная литература. – Нью-Йорк: Рутледж, 1988. – 567 с.
11. Изер В. Взаимодействие между текстом и читателем // Читатель в тексте. Принстон, Нью-Йорк: Издательство Принстонского университета. – 1980. – 106-119 сс.–
12. Кошарная С. А., Григорьянова Т. Интертекстуальность как дискурсивный феномен (от Горация до В. Сорокина) // Научный результат. Вопросы теоретической и прикладной лингвистики. – 2019. – Т. 5. № 1. – С.13-26. DOI: 10.18413/2313-8912-2019-5-1-0-2
13. Лидс Г. Р. «Москва - Петушки» В. В. Ерофеева: на грани документального и художественного // Вестник ТГГПУ. – 2015. – Т.39. – №1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/moskva-petushki-v-v-erofeeva-na-grani-dokumentalnogo-i-hudozhestvennogo> (дата обращения: 21.01.2023).
14. Липовецкий М.Н. Русский постмодернизм. (Очерки исторической поэтики). – Екатеринбург: Урал. гос. пед. ун-т., 1997. – 317 с.
15. Маньковская Н.Б. Эстетика постмодернизма. – СПб.: Алетейя, 2000 г. – 347 с.
16. Сим С. The Routledge Companion to Postmodernism. – Лондон: Рутледж, 2011. – 352 с.
17. Сулейман С. Р. Именование и различие: Размышления о модернизме и постмодернизме в литературе // Фоккема, Дууве и Ханс Бертенс (ред.). Подход к постмодернизму. Амстердам/Филадельфия: Джон Бенжамин Публ. – 1986. – С. 48.

Е. Хуатбекұлы

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: ereta_k91@mail.ru

ORCID: 0000-0002-7426-2973

БАҚЫТ БЕДЕЛХАНҰЛЫНЫҢ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ПЕН ЖАЛҒЫЗДЫҚ

Аңдатпа. Бақыт Беделханұлының поэзиясы – ұлттық болмыс пен рухани ізденістің терең тоғысын айқын бейнелейтін көркемдік кеңістік. Ақын шығармашылығында тектілік мәселесі мен ұлттық сана негізгі тақырыптардың бірі ретінде көрінеді. Бұл тұрғыда ақын жырларынан қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен этнографиялық құндылықтарына деген терең құрмет байқалады. Беделханұлының өлеңдеріндегі жалғыздық – тәннің немесе физикалық болмыстың жалғыздығынан гөрі, рухани және экзистенциалды жалғыздық ретінде көркемдік сипат алады. Бұл поэтикалық жалғыздық ақынның қоғамнан оқшаулануын, рухани әлемге терең бойлауын және жаратылыс пен болмысты философиялық тұрғыдан пайымдауын аңғартады. Ақын шығармаларында гротеск пен мистикалық бейнелер молынан кездеседі. Бұл тәсілдер ақынның шындық пен қиял арасындағы шекараны жойып, поэтикалық кеңістікті кеңейтеді. Рухани бұлқыныс, тарихи жад пен таным, ұлттық тектіліктің жоғалуы – оның лирикасында когнитивтік эрозия ұғымы арқылы бейнеленеді. Тілдік-стильдік тұрғыдан алғанда Беделханұлы троптардың алуан түрін шебер қолданады, метафоралар, символдар мен аллюзиялар арқылы ішкі рухани тереңдікке жол ашады. Оның поэзиясындағы циклдік құрылым мен мазмұндық сабақтастық – шығармашылықтағы кәсіби кемелдіктің айғағы. Сонымен қатар ақын поэзиясынан эксперименттік ізденістер, дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысын байқауға болады. Бұл зерттеу Беделханұлы поэзиясындағы жалғыздық концепциясын, рухани-дүниетанымдық мазмұнын және көркемдік әдістерін ғылыми-теориялық тұрғыдан талдай отырып, оның қазіргі қазақ әдебиетіндегі орнын нақтылауға бағытталған.

Алғыс: Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2025-2026 BR27101897 «Қазақстан әдебиеттануы, фольклортануы және өнертануы экожүйесінің цифрлық трансформациясы: пәнаралық зерттеулер» атты іргелі ғылыми-зерттеу жобасының қаржыландыруы негізінде жарияланды

Кілт сөз: Тектілік, ұлттық болмыс, рухани жалғыздық, ішкі әлем, гротесктік бейнелеу, қиял мен шындық, рухани ізденіс, когнитивтік эрозия, стильдік ерекшеліктер.

Е. Хуатбекұлы

Институт литературы и искусства имени М. О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

E-mail: ereta_k91@mail.ru

ORCID: 0000-0002-7426-2973

НОВАТОРСТВО И ОДИНОЧЕСТВО В СТИХАХ БАХЫТА БЕДЕЛХАНУЛЫ

Аннотация. Поэзия Бахыта Беделханулы – это художественное пространство, ярко отражающее глубинное слияние национальной самобытности и духовных исканий. В творчестве поэта одна из ключевых тем – проблема тектологии и национального сознания. В этом контексте в его стихах чувствуется глубокое уважение к традиционному мировоззрению казахского народа и его этнографическим ценностям. Одиночество в поэзии Беделханулы предстает не как физическая изоляция,

а как духовное и экзистенциальное состояние. Это поэтическое одиночество отражает отстранённость поэта от общества, его стремление к погружению в духовный мир, философское осмысление бытия и природы. В его произведениях часто встречаются гротескные и мистические образы. Эти приёмы позволяют поэту стирать грань между реальностью и фантазией, расширяя поэтическое пространство. Духовные потрясения, историческая память и сознание, утрата национальной идентичности – в его лирике передаются через концепт когнитивной эрозии. С точки зрения языка и стиля, Беделханулы мастерски использует разнообразные тропы: метафоры, символы и аллюзии открывают доступ к внутренней духовной глубине. Циклическая структура и содержательная преемственность в его поэзии свидетельствуют о профессиональной зрелости автора. Кроме того, в его творчестве прослеживаются экспериментальные поиски, синтез традиций и новаторства. Данное исследование направлено на научно-теоретический анализ концепта одиночества, духовно-мировоззренческого содержания и художественных методов в поэзии Беделханулы, а также на уточнение его места в современной казахской литературе.

Благодарности: Статья опубликована Научным комитетом Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в 2025-2026 годах. Издано на основе финансирования фундаментального научно-исследовательского проекта BR27101897 «Цифровая трансформация экосистемы литературоведения, фольклористики и искусствознания Казахстана: междисциплинарные исследования».

Ключевые слова: Дворянство, национальная идентичность, духовное одиночество, внутренний мир, гротескная образность, фантастика и реальность, духовные поиски, когнитивная эрозия, стилистические особенности.

E. Khatbekuly

M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

E-mail: erema_k91@mail.ru

ORCID: 0000-0002-7426-2973

INNOVATION AND LONELINESS IN THE POEMS OF BAKHYT BEDELKHANULY

Abstract. The poetry of Bakhyt Bedelkhanuly represents an artistic space that vividly reflects the deep fusion of national identity and spiritual exploration. One of the central themes in the poet's work is the concept of lineage and national consciousness. In this regard, his verses reveal a profound respect for the traditional worldview and ethnographic values of the Kazakh people. Loneliness in Bedelkhanuly's poetry is portrayed not as physical isolation, but as a spiritual and existential state. This poetic solitude signifies the poet's detachment from society, his deep immersion into the spiritual realm, and his philosophical contemplation of existence and nature. His works are rich in grotesque and mystical imagery, which helps blur the line between reality and imagination, thereby expanding the poetic space. Spiritual upheaval, historical memory and awareness, and the erosion of national identity are conveyed in his lyrics through the concept of cognitive erosion. From a linguistic and stylistic perspective, Bedelkhanuly skillfully employs a wide range of tropes—metaphors, symbols, and allusions—opening pathways into profound spiritual depths. The cyclical structure and thematic continuity in his poetry are evidence of the poet's artistic maturity. Additionally, his work exhibits experimental explorations and a synthesis of tradition and innovation. This study aims to conduct a theoretical and scientific analysis of the concept of loneliness, the spiritual and philosophical content, and the artistic techniques in Bedelkhanuly's poetry, while also clarifying his place in contemporary Kazakh literature.

Acknowledgments: The article was published by the Scientific Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan in 2025-2026. Published on the basis of funding for the fundamental research project BR27101897 «Digital Transformation of the Ecosystem of Literary Studies, Folklore Studies and Art Studies of Kazakhstan: Interdisciplinary Research».

Keywords: Nobility, national identity, spiritual loneliness, inner world, grotesque imagery, fantasy and reality, spiritual quest, cognitive erosion, stylistic features.

1 Кіріспе

Поэзия – үнемі ізденісті, әрдайым қозғалысты талап етеді. Кез-келген ақын өз стилін қалыптастыру жолында ізденеді, талпынады, эксперимент жасайды. Жалпы дүрмектің ортасынан шығар жол, саңылау іздейді. Міне осы ізденіс жаңашылдық пен өзгеше өрнек туғызады. Айналып келгенде талант пен еңбектің сәтті тоғысы көркемдік кеңістікке тың дүние әкеледі. С.Рахметұлы: «Поэзия жаңа хабаршы – жадыдағы сауаланама секілді. Жалпы поэзия – экспериментті талап ететін өнер. Өлең – әлемдік ой мен сананың шайтани бөлекеттерімен күресудің коді. Поэзиядағы жалғыздық конфигурациялық (configuration) жағынды үйлесті зерделеудің ақыры сені жалғыздыққа сүйрейді. Поэзиядағы жалғыздық (жеке батырлық емес. – Р.С) деген күрделі формуламен алысу» (Рахметұлы, 2023: 190) – дейді. Жалпы жалғыздық ұғымы ақындар табиғатына тән, сол жалғыздықты кім қалай сезініп, қалай жеткізеді бұл бөлек әңгіме. «Жалғыздық – адамға өз ойымен болуға, еске алу, елестеу, қайғыру, сүйсіну, белгілі бір шешім қабылдау т.б. секілді толып жатқан философиялық, психологиялық категориялар мен процестерді, сан алуан түрлі сезімдік құбылыстарды бастан кешетін кезең» (Прәлиева, 2017: 25). Түрлі сезімдік құбылыстарды бастан кешу ақынның шығармашылық лабораториясына тән. Шабыт үстінде, қиял әлеміне (рухани әлемге) сіңген ақын қоршаған ортадан өзін бөлек сезінуі, объективтік ортадан бөлінуі рухани жалғыздыққа алып келеді. Әділ Ботпановтың «Ақынның бәрі жалғыз, Жалғыздың бәрі құдай» деуі де рухани жалғыздық. Бұл рухани жалғыздық Бақыт Беделханұлында да бар.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Ақын өлеңдеріндегі тектілік пен ұлттық болмыс, рухани ізденістерді, ішкі байланыстар мен циклдік сабақтастықты анықтау, өлеңдердің құрлымын тақырыптық және көркемдік тұрғыда мәнін ашу үшін интерпретациялық және мәтіндік талдау әдістері алынды. Ақынның жалғыздық тақырыбын, этнографиялық құндылықтар мен тарихи танымды ашуда тақырыптық-идеялық, этнографиялық және тарихи талдау әдістері пайдаланылды. Сондай-ақ құбылудың түрлерін шебер пайдалануы, стильдік ерекшеліктері мен эксперименталды ізденістері, ішкі әлемі, қиялы мен шындықтың ұштасуы сияқты тақырыптарды зерттеу үшін эксперименталды және стилистикалық талдау, феноменологиялық әдістер қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Бақыт Беделханның өлеңдер жинағы поэзиялық шығармашылықтың жарқын үлгісі ретінде зерттелуде. Оның шығармаларына теориялық талдау жүргізу үшін қазақ әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілдері – З.Ахметов, М.Базарбаев, С.Қирабаев, Б.Ыбырайым, Б.Майтанов т.б. ғалымдардың еңбектері қаралып, «Арнау» (Ахметов, 1996), «Замана тудырған әдебиет» (Базарбаев, 2005), «Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең» (Кішібеков, 1999), «XX ғасырдағы қазақ поэзиясы» (Ыбырайым, 2022) т.б. сынды еңбектер ғылыми басшылыққа алынды. Бұл зерттеулер қазақ поэзиясының эстетикалық және философиялық мазмұнын, ұлттық рух пен әдеби дәстүрдің сабақтастығын ашып көрсетеді.

3. Талқылануы

Қазақ поэзиясында рухани жалғыздық тақырыбы ақындардың шығармашылығындағы басты мотивтердің бірі болып табылады. Бақыт Беделханұлының өлеңдері осы тақырыпты терең философиялық және эстетикалық деңгейде ашады, ақындық болмыстың күрделі формуласын ұсынады. Оның шығармашылығы – тәннің емес, жанның жалғыздығы, ойдың биік шыңдарына ұмтылу және қоғамнан оқшаулану арқылы рухани ізденістің көрінісі. Беделханұлының өлеңдері өзіне дейінгі ақындардың дәстүрін жалғастыра отырып, ұлттық болмыс пен этнографиялық құндылықтарды заманауи поэзия тілімен ұштастырады.

Ақынның шығармашылығында жалғыздық тек жеке тұлғаның күйі емес, сонымен қатар ұжымдық сананың когнитивтік эрозиясының көрінісі ретінде суреттеледі. Оның өлеңдеріндегі «жындылық», «мұң» және «жүректің ағысы» сияқты ұғымдар ақынның күнделікті өмірдің қалыпты ережелеріне бой ұсынбай, рухани ізденіс жолындағы еркіндігін білдіреді

«Атадан,

Жетеу боп туғам, заты амын.

Ақымақ қоғам қолыма қалам ұстатып,

Жалғыз қылып қойды жападан» (Беделханұлы, 2012: 91)

Бұл ақынның концепциясы. Барлық ақынға ортақ концепция. Тәннің емес, жанның жалғыздығы. Атадан бір туған жеті бауыры, маңайын қоршаған досы, өмірлік таңдап алған жары ақынның рухани кеңістігіне әсер ете алмайды. Сұраған Рахметұлы айтып отырған «күрделі формула» да осы.

«Жалғызбын.

Көлеңкесінің ұшында жүрмін жар-күздың» (Беделханұлы, 2012: 91).

Ақын неге жар-күздың өзінің емес көлеңкесінің ұшында жүреді? Ойдың биігіне, қиял әлеміне құлаш сермеуі. Тәннің емес оймен қиыр шыңдардың басына шығуы, шешімі жоқ сұрлеуде, хауста адасуында гротесктік нышан бар. Жазушы өз шығармашылығында шынайылық пен қиялды ұштастырып ерекше, қалыптан тыс және таңғаларлық әлем құра алады. Бұл әлемде шындық пен иллюзия бір-бірімен үйлесіп, гротеск эстетикасы арқылы оқырманға ерекше әсер қалдырады (Osranova, 2024: 110).

«Мұңдымын.

Мұңдымын, кейде, жындылығыммен құндымын» (Беделханұлы, 2012: 91).

Бұл арада «жындылық» Мұқағали Мақатаевтың «Ақын деген бірде қарт, бірде сәби» деген тармағымен мәндес. Ақын күнделікті ережеге құрылған өмір дағдысына бой ұсынбайды. Психологияда жиі айтылатын қарапайым адамның үйреншікті әдетіне айналған, бұзуға тәуекелі бара бермейтін «комфорт аймағынан» ақындар ізденіс үстінде, шабыт үстінде жиі шығып отырады және бұл серпін ақынды жалғыздыққа жетелейді. Әрқашан ой жетегінде жүру, өлеңін санада пісіру коммуникацияда кері әсерін тигізуі заңдылық. Тіпті сырт көзге ақынның өзімен-өзі сөйлесіп бара жатқандай көрінуі ақынның параллель кеңістікте өмір сүруінің белгісі.

«Бәрі де бар – дос та, бауыр, туыс та

Бірақ менің жалғыздығым, жалғыз ғой...» (Беделханұлы, 2012: 19) деген өлең

жолдары да біздің пікірімізді толықтыра түседі. Оймен оңаша қалу, үнемі ой жетегінде жүру ақынды тым сезімтал етеді. Қоғамда болған оқиғаны, әділетсіздікті, қылмысты ақындардың бөлек қабылдауы, бірінші болып үн қатуға ұмтылуы да содан. Бақыт Беделханның «Ой қайыру» өлеңінде жалғыздығын, арманын, қалауын бір арнаға тоғыстырған. Ақын, Абайдың 17 қара сөзіндегідей жүректі бәрінен биік қояды.

«Былғанба ойым, әр неге айтақтама.

Боданыңа көнбеймін, шайтақтама.

Жаны ашыған жандардай оданда, кел.

Жүрегіміңнің ағысын байқап қара» (Беделханұлы, 2012: 84) – деп, жүректің үкіміне бой ұсынады. «Жүрегімде-қанымда дала көшіп» деген тармағы Мұқағали Мақатаевтің «Тамырымда тулайды есіл ағым» деген тармақты еске түсіреді, идеялық, тақырыптық ұқсастық қалам ұстаған кез-келген ақынға тән. Бір-бірін қайталамау, формалық, стильдік, ырғақтық ерекшеліктер табу үшін ақындар тоқтаусыз ізденеді. Эксперимент те осыдан пайда болады. Экспериментке баруда Бақыт Беделханның өлеңдерінде кәсібилік басым. Әр өлеңінде синтез бар. Өлеңнің өз арасындағы ішкі байланыстан бөлек, кейбір өлеңдері цикл сияқты, бір-бірімен сабақтасып жатады. Бір талдауымызға арқау етіп отырған жалғыздық тақырыбы да сан тарапты қаузаған, түрлі құбылтуларды орынды пайдалана отырып түпкі өзегі ақынның, Бақыттың жалғыздығын, ол жалғыздық бүкіл саналы адамға тән жалғыздық екендігіне әкеледі.

«... Жалғыздықтың жанарынан кеше мен

Ақын көрдім шоқ үстінде ауаған...» (Беделханұлы, 2018: 32). «Маңдайында тамырланған пешенесіне» ақындық жазылған соң қашсаңда құтылмайтын жүк арқалайтынын жазады. Ол жүк бүкіл халықтың, ұлттың, жер әлемнің жүгі. Кез келген ірілі-ұсақты оқиғалар ақынның жүрегіне жүк, бұл бүкіл өнер тудырушы талант иесіне ортақ құбылыс болар, ақынның құралы сөз болған соң ішкі алауын өлеңмен жеткізеді.

«Түсімде

Күллі күрсіністердің ішінде,

Құснихат жазып құлазып отыр екенмін.

Құсаға түскен пішінде» (Беделханұлы, 2012: 150).

Бұнда ақын жалғыздықты түс көру мотиві арқылы жеткізеді. Мистикалық кеңістікте күрсіністердің ішінде отырған ақын өмірлік өлеңін (құснихат) жазады.

Кең жазирада еркін өскен, ат жалын тартып мініп, желмен жарысқан, шексіз, шетсіз кеңістікте еркін көсілген ақын үшін көрер көзге бәрі жасанды көрінетін тас қаланың сұлбасы суық көрінері анық. Қуаныш пен мұң араласқан сезімді, терең ойға шомған мұңды жырлаған элегиялық өлеңдерде тас қаланың көрінісін жанына суық сезіну көпшілік ақындарда бар. Оны жеткізудің жолды да формасы да әртүрлі. Талдауымызға арқау етіп отырған өлеңінің:

«Түсімде,

Тас-қалалардың ішінде,

Бір уыс топырақ таба алмай жүрмін сандалып,

Ауа да, су да, у да жоқ ұрттап ішуге» (Беделханұлы, 2012: 150) – деген шумағында ақынның күйі өзгеше суреттелген. Тас қаладан бойкүйез болған ақын

тәнге емес жанға қажеттілікті таба алмауын, өлімнің өзі негізгі шешім емес екендігін «Ауа да, су да, у да жоқ» деп жазу арқылы жеткізеді.

Жалғыздық, адам әлмисақтан жалғыз жаратылыс, қоршаған орта, сені қаумалаған адамдар болғанымен әр әрекетке, өмірге, атқарған ісіңе өзін жауап бересің. Тек сол жалғыздықты көбінің мойындауға батылы бара бермейді. Егер соны жан біткеннің бәрі сезінсе қоғам бәлкім басқаша болар ма еді. Жаратушы алдында да, ар алдында да жалғыз тұру әр пендеге тиесілі шындық.

«Мен туғанда-ақ, өлім жазасына кесілгем

Есейе келе шығып кетіпті есімнен» (Беделханұлы, 2012: 157) – деп өмірдің өткінші екендігін, өлімнің ақиқатын жырлайды. Тек сол ақиқатты мойындауға дәтіміз шыдамайтынын, ұмытуға тырысатынымызды поэтикалық түрде жеткізеді.

Адам атадан бастап бүгінгі күннің арасындағы ұзақ уақытты көркем кеңістікте баяндаған, қилы тарихымызды негізгі арқау еткен «Рух жыры» поэмасы. «Тиек», «Қос ішек», «Бұрау», «Перне», «Зар», «Сағак», «Ширату», «Тілек», «Түйін» деген тоғыз бөлімнен тұратын поэманың әр бөлімінің атауы мен тоғыз бөлімге бөлінуінде де домбырамен сәйкес келеді. Әр бөлім тоғыз пернелі домбыра секілді тоғыз түрлі күйді сипаттайды, тоғыз түрлі оқиға суреттеледі.

Тиек бөлімін поэманың кіріспесі секілді қара сөзбен жазылған, Сақ пен Ғұнның ерлігі мен өрлігі, өнері рухын асқақтатып тұратын мәдениеттің бастауы ретінде баяндайды. «Қос ішекте» домбыраның қос ішегі секілді бақ пен құттың қадірін қатар жырлайды. Ақын поэмада қобызды жырға қосуы қобыздың қою қоңыр үнінен болар. Қазақтың болмыс бітімі мен мінезін, аумалы-төкпелі заманды бастан кешкенін қобыздың үнімен, қобыздың зарымен жеткізуді көздеген.

«Қабылдың ізі қобыздың үнін күңіrentіп,

Қор-құт боп кетті,

Өлместі іздеп,

өртеңіп келе жатқалы» (Беделханұлы, 2018: 8)

Ақын қобыздың үнін Абыл мен Қабылдың өмір сүрген уақытына апарып рухтың мәңгілік жасайтынына үн қосады. «Қор-құт боп кетті» деп «Қорқыт» сөзінің этимологиясын ұтымды пайдаланып өлместі іздеген Қорқыт пен бауырын жоқтаған Қабыл арасында поэтикалық байланыс орнатады.

Б.Беделханұлы поэманың әр бөлімін күй секілді төгілтіп отырады, қазақтың түп тарихын, ерлігін жырға қосып рухты сөздермен оқырманның өткенге деген көзқарасын, елге деген сүйіспеншілігін арттыруға ат салысады. «Бұрау» бөлімінен кейін «Перне» бөлімінің жазылуы да құлақ күйін, бұрауын келтіргеннен кейінгі төгілген күй секілді.

«Ай шаңырақ астында

ару сүйдім – жарым деп

Күн шаңырақ астында

бәрін сүйдім – бауыр деп» (Беделханұлы, 2018: 8)

Өр рухты халықтың бәрін бауырындай жақсы көргенін «Күн шаңырақ астында» деген тармақтан аңғарамыз. Жер бетіндегі бар пендені жатсынбайтын кеңдігін жырлайды.

Әл-Фарабидан бастап қазақ топырағынан шыққан ойшылдарды жырлай келе, даналар мен дарындардың, хандар мен бектердің ұрпағы бар құтынан айырыла жаздап бодандықтың қамытын кигенін «Зар» бөлімінде жырлайды. «Бақ байлаған тақ қайда, Алашымның арманымен зерленген?» деуі де азаттықты, теңдікті, салт пен сана еркіндігін аңсаған езгідегі кезді суреттейді. Әр арман бір, әр құндылық бір жауһар секілді «Бақ байланған таққа» айналды.

Азаттық алған шақты, қуаныш пен шаттықты суреттеген ақын:

«Мен өйткені

Тірсегінен қасқырдың,

Сірі жіптей суырылған сіңірімін.

«А, Құдай» деп, оянатын қазақ ем,

Аруақты айтып тірілдім!..» (Беделханұлы, 2018: 16) – деп, бүкіл болмысымызды бес тармаққа сыйғызады. Қасқырдың сіңіріндей суырылуының мәні салт-дәстүріміз бен, ырым-тиымдарымызда жатыр. Түпкі шығу тегімізді қасқырмен байланыстырған түркі жұртының өмірі де қасқырмен біте қайнасқаны белгілі. Сондықтан ата-бабамыз қасқырды қасиетті санап, оны қолға түсірсе жанын қинамаған. Малға шабу да қасқырдан өткен әккі жыртқыш жоқ. Оның сол жақ артқы аяғы жүргенде жерге тиер-тимес қана іс қалдырады, сондықтан оны «ұры аяқ» деп атаған. Қолға түскен қасқырдың сол аяғының сіңірін сылып алып кептіріп, қораға түскен ұрыға магия ретінде пайдаланған. Бұл қазақтың дәстүрінде болған. Жоғымды түгендеуші, жоғалғанымды табушы қасқырдың суырылған сіңірімін деп өзінің өр рухын жеткізеді. Бөрімен қатар бұл шумақта аңғаратынымыз «аруақ культі». Ұлттық танымымызда аруақты қадірлеу, оған сену, сыйыну берік сақталған дәстүріміздің бірі. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деп барша марқұмдардың рухына құрметпен қараған. Бірақ бәрін бірдей «Аруақ» деп атын ұранға қоспаған. Елге сыйлы, сөзі дуалы, әулетінің қадірлі адамдардың рухын тұрақты бақылаушы ретінде көрген. Есімін ерекше қастерлеген. Ақынның «Аруақты айтып тірілдім» деуі ата бабамыздың тарихи, салт санасын қайта жаңғырттым, жоғымды түгендедім деген ойды толықтырады.

Осы тұста ескере кететін бір жайт ақынның өлеңдеріндегі формалық ерекшеліктер. Бақыт Беделханұлының өлеңдерінің басым көпшілігі еркін өлең өлшемімен жазылған. Формалық қасаң қағидадан шығып ойды толық жеткізуде буын мен бунақ санын сақтап жатпайды. Десе де ішкі ырғақ бір-бірімен үйлесіп келді. Өлең құрылымында брахиколон мен гипометриялық өлшем үлгілері де кездеседі.

Бақыт Беделханұлының өлеңдерін оқу барысында философиялық тереңдікпен қоса этнографиялық қоры бай ақын екеніне көз жеткізесің. Ұлттық болмыс пен ерекшеліктерімізді, салт-санамызды жырлауда өзіндік ерекшелігі бар. «Кешегі біздің» деген өлеңінде ескі мен бүгінді салыстыра жырлайды, еркін ұйқасқа құрылған өлеңнің алғашқы шумағында ақ кимешек киген әжелеріміздің мәдениеті мен тағылымы жырланса, екінші шумақта арын сатуға дейін төмендеген қыздардың болмысын суреттейді. Біреудің ала жібін аттамаған тектілігіміз бүгінде құнын жойып, келмеске кетіп бара жатқандай көрінетінін атап өтеді.

Заман ағымы ысырып шығарып, күнделікті тұрмыста қолдану аясы тарылып бара жатқан, негізгі жәдігеріміз шаңырақты жырлаған «Шаңырағым бар еді» өлеңі.

«Түңлігін түрсең тәңірдің нұры төгілген» қасиетті шаңырақтың музейлерде экспонат ретінде көрсетуге айнала бастауы бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Шаңырақтың қадір-қасиетін Жүмекен Нәжімеденовтың «Бұл шалға емес, мен мүсіркей қараймын, есті адамы жоқ қайсыбір шаңыраққа!» деген тармағынан-ақ аңғаруға болады. Шаңырақ әулет, отбасы, бір рудың негізгі өзегі, жердің, үйдің иесі деген кең мағынаға ие еді. Қазіргі таңда осы қасиетті құндылығымыз қолданыстан алыстап, негізгі этимологиясы да жас ұрпақтың көбі білмейтін күйге жете бастауы заман ағымына ілесеміз деп өзегімізден алшақтап бара жатқанымыздан болар.

«...Қарлығаштай қанатымен су сепкен» өлеңі киелі құстың танымдағы ерекшелігіне мән берген. Қарлығаш туралы аңыз көп, ақын сол көп аңыздың ішінен «Қарлығаштай қанатымен су сепкен» сөйлемін алуы қамқорлықтың, жанашырлықтың белгісін көрсетеді.

«Кей кездері елін сүйген ерлерді

Қойғым келді осы құстың орнына» (Беделханұлы, 2018: 109)

Ұлтым деп бар күш жігерін жұмсап жүрген ұлтшыл жандарды осы құс сияқты жанашырға теңейді. Бұл құстың адамға жақындығын баяндай келе:

«Бірақ неге Қарлығаштың ұясы

Көңілсіздеу күмбездерге ұқсайды» (Беделханұлы, 2018: 109) – деп, ой тастайды. Автор өлімі теориясының негізінде қарасақ біз мысал ретінде алған қос тармақтарда мағыналық байланыс бар. Тарих беттеріне көз жүгіртсек елім деген ерлердің тағдыры өмір талқысына көп түскендігінің куәсі боламыз. «Кім біледі ол қайда барып қыстайды?» деуінде де ұлттың сөзін айтып құрбан болған жандардың құнын кім өтейді, құныкері кім деген ой туғызары анық. Ұлттық ұғымдағы қарлығаш пен ұлтын сүйген жандардың арасындағы байланысты суреттеген өлең бейнелілік арқылы әр тұлғаның болмысын ашады.

«Неге осы айыр құйрық арман-құс

Аспандағы жұлдыздарға ұқсайды?»

Халықтың қараңғыда жол сілтер темір қазығы болған ұлтын сүйген жандардың, халқының жолында жанын қиып аққан жұлдыздай жарық етіп сөнген игі жақсыларды еске алу «көңілсіз күмбез» көргендей күй сыйлайтынын поэтикалық астармен жеткізе білген.

Ақынның болмысымыздың өзгергенін, құндылық туралы ұғымымыздың бүгінгі таңда мүлдем басқаша сипат алғанын «Қарға тамырлы қазақпыз» өлеңінде баяндаған. Кеңестік ықпалдың әсерінен көне мұраларымыз бен салт-дәстүрімізді толық жаңғырта алмауымыз біздің ұлт ретінде ойлануымызға да кедергі жасады. Бүкіл мәдениетіміздің құретамырын қиып ұлт ретінде өзімізді тануға барынша кедергі келтірді. Салдарынан бұрын қасиет тұтқан, жақсы пікірдегі құндылықтар мүлдем басқа мән үстеді. Соның бірі «қарға», орыс әдебиеті мен батыс әдебиетінде қарғаның жағымсыз кейіпкер болып сомдалуы біздің танымымызға да әсер етті. Ақын сол қарға ұғымын қайта жаңғыртушы топтың бір өкілі ретінде «Қарға тамырлы қазақпыз» өлеңін жазған. Сол арқылы қарғаның болмысын ғана емес қазақтың мәдениетін жырлайды.

«Аппақ әлемді оған... Алласы берген,

Ал, ірімшікті (әлгі...) пендесі» (Беделханұлы, 2012: 99)

Кеңестік таным қарғаны сатқын, жағымсы сипаттағанымен, қазақы таным, ұлттық рухани тұрғыда қарғаның интеллектуалы жоғары, қасиетті құс ретінде бағалаған. Сондықтан да қарға туралы ауыз әдебиетімізде тек жағымды пікірлер ғана ұшырасады. 2005 жылы Д. Сол, Г. Стерлинг пен Л. Лефевр сынды ғалымдардың жүргізген зерттеуінің нәтижесінде қарғаның өте ақылды құс екендігі ғылыми түрде дәлелденді, оның топпен жұмыс жасай алатынын, қажет кезде құралдарды да пайдаға жарататынын ғылыми эксперименттер арқылы дәлелдеп IQ-і өте жоғары деңгейде екендігін көрсеткен (Sol, 2005: 1433-1441). Ақынның «Аппақ әлемді оған... Алласы берген» дегені де осы қасиетіне сай келеді. Поэзияда қарғаның болмысын сомдау арқылы қазақтың интеллектуалдық деңгейінің жоғары екендігін, біз өзімізді тану арқылы өзгелерді мойындата алатынымызды жырға қосады. «Ал, ірімшікті (әлгі...) пендесі» деуінде де поэтикалық мән бар. (әлгі...) сөзін жақшаға алып, соңынан көп нүкте қоюы да интонациялық-психологиялық пауза жасайды. Сол арқылы өзгенің таңсығы талғажау болмайтынын нұсқайды.

Поэма-хамса деп жариялаған «Өтеуіл» поэмасында ұлттық таныммен ұштасады. Хамса деп беруі бес бөлімнен, бір-бірімен бес түрлі оқиғаны суреттеуінен қойылғаны болмаса нақты «хамса» жанрына келмейді. Жалпы құрлымы бес бөлімді поэма. Әр бөлімде оқиғаларға лирикалық шегініс жасау арқылы бір дәуірдің көрінісін сипаттайды. Сол арқылы этнографиялық жәдігерлерімізді қайта тірілтеді. Поэмада Өтеуіл образы арқылы жүйрік ат, құмай тазы, қыран бүркіт, қасқырдың қасиеттері сипатталады. Соғысқа кеткен Өтеуілді күткен тазысын жырлау арқылы тазының тектілігін, өзге иттер құсап жалақтау мен далақтау бойында болмайтынын кестелі суреттейді.

«Қай атаңнан көріп едің тазыға

Қарғы байлап, ұстап жүрген жіп ұшын» – деп, бүгінгі таным мен бұрынғы танымның бір-біріне кереғар тұсын сипаттайды. Қарғыбау тағып үйінде ит асырайтын бүгінгінің келбеті мен ең далада еркін өскен бұрынғы түсінік мүлде екі басқа екендігін. Қазақы танымнан алшақтап бара жатқанымызды мәтін астарына жасырады.

Тірідей байлауда жатқан арланның лақ кеп иіскегеніне шыдамай, намыстан жүрегі жарлып өлуін бөрі текті қазақтың болмысын ашады. Бұл тектілік пен қорлық қайшылығынан туған когнитивтік диссонанс. Ақынның бұндай қарама-қайшы ұғымдарды мысал ретінде пайдалануы уызынан бойына жинаған «санамен ұғынылып, таныммен қорытылатын» (Саргелтаева, 2023: 129) рухани кодта жатыр.

Тектілікті табиғаттан үйренген қасиетіміздің құрдымға кетіп бара жатуын:

«Көп ұзамай сол тәкепар өр таулар

Өтеуілді жүрегінде тербетті» – деп, көнені көрген қарттармен бірге табиғаттан дарыған болмысымызда топыраққа көміліп жатқанын шеберлікпен суреттейді. Поэма бастан аяқ этнографиялық құндылықтарымызды көркем тілде баяндаған. Тарихи танымы терең, құнды туындылардың бірі.

4. Зерттеу нәтижесі

Әр түрлі тақырыпты жырына арқау еткен ақын қоғамда болып жатқан оқиғаларға да бей-жай қарамайды. 2011 жылдың желтоқсанында бүкіл қазақтың қабырғасын қайыстырған «Жаңаөзен» оқиғасын ақын:

«Оқ атылды, жанарымда жас барда –

Отпантауда жыным жылап жатқанда!» – деп, қоғамдағы әділетсіздіктің зардабын көрсетуге тырысады. Өлеңнің эмоционалды реңі ауыр. «Жас жанға» оқ ату арқылы отанға оқ ату, елдің арман, мақсатына, болашағына тигізген зардабын ашуға тырысады. Отпантауда бүкіл қаралы қазақтың жаны жылағанын суреттеулер мен метафоралар арқылы жеткізеді. «Отпантау» мен «жылаудың» контрастық ұғымы терең уайым мен әділетсіздіктің, өкініштің күйін сездіреді. Автор Жаңаөзендегі атылған оқтың бүкіл қазақтың жанына салған жара екендігін жеткізеді.

Осы секілді қоғамдағы әртүрлі оқиғалар мен өзгерістерді қаперінде ұстаған акын «Алматы – ару қалам-ау», «Тоқмейілсіген тобырға сеніп», «Неге, неге, неліктен ел құлады?», «Тобыр түбі – топалаң», «Ей, қиялымның киып түсер сұңқары», «Мынау нұрлы заманда» т.б. өлеңдері арқылы бүгінгі заман бейнесін әр қырынан береді.

«Бөрі-сөз» (Заманбектің соңғы сөзі) деген өлеңінде адамзаттың рухани күйін, ішкі қайшылықтарын көрсетеді. Өлеңдегі негізгі тақырып пендешілік пен адами қасиет арасындағы конфликт. Өлеңнің негізгі идеясы – бөрі текті тұлға мен пендешіліктен аспаған болмыс арасындағы айырмашылықты параллель суреттеу. «Бөрі» образында берілген Заманбек бейнесі ел жолында жанын құрбан еткен, арын жанынан жоғары қойған өр рухтың белгісі. Өлеңде көркемдік тәсіл ретінде метафораны ұтымды пайдаланған. Бөріні еркін рухтың символы, ал адамды – материалдық құндылықтың көрінісі ретінде сипаттайды.

«Адамдар-ай, адамдар-ай, адамдар

Өксік толы өтті қанша замандар» (Беделханұлы, 2018: 100) – деген жолдардағы қайталау арқылы өлеңдегі негізгі салмақты «адам» бейнесіне аударып, әлсіздікті, көп болса да материалдық құндылықты көксеп түбінде сол нәпсінің құрбаны болғанын алға тартады.

«Мен – сол, баяғы Бөрімін

Сен – сол, әлі пендесің» – деп салыстыру арқылы әділдік жолында құрбан болу арқылы болмысымды сақтап қалдым, ал пенделіктің соңында жүрген өмірдің еш мәні жоқтығына назар аударады.

Одной из задач проекта «Традиционное и современное искусство Казахстана в фокусе визуальных исследований: иконография, семиотика и дискурс» (2024–2026 гг.) было изучение опыта визуальных исследований Монголии, которое показало не только стремление ученых к осмыслению и переосмыслению культурного наследия, но и выявило особую национальную самобытность современного искусства. Среди именитых монгольских художников безусловно значится Цэвэгийн Байды (1943) – выпускник МГПХА им. С.Г. Строганова много лет, сотрудничавший с художниками знаменитого сатирического журнала «Крокодил».

Научному осмыслению карикатуры как художественного явления посвятили свои труды: Э.С. Золотов (Золотов, 2023), О.А. Воронина (Воронина, 2009), В.И. Башаран (Башаран, 2018), Т.В. Алентьева (Алентьева, 2020), О.Л. Некрасова-Каратеева и Е.П. Сталинская (Некрасова-Каратеева, Сталинская, 2015) и другие. Каждая из представленных работ вносит определенный вклад в развитие теории карикатуры как художественного феномена, но не менее ценны для нас положения О.А. Ворониной, которая рассматривает карикатуру как вид креолизованного текста: такая карикатура содержит в себе вербальную (текст, надпись и т.д.) и иконическую части (рисунок, фотография, таблица), что вкупе организуют семиотическое пространство изображаемого (Воронина, 2009). Немалый интерес представляет статья В.И. Башаран, который считает, что карикатура в историческом значении фокусирует внимание зрителя на конкретных проблемах (Башаран, 2018).

Анализу проблематики отражения политической пародии в современном монгольском искусстве посвящено исследование Ochirbat Naidansuren (Naidansuren, 2015). Автор на огромном фактологическом материале рассматривает творчество монгольских карикатуристов во взаимосвязи с мифологической фигурой мангаса (демоническое существо), которой в народном сознании приписываются элементы звериной природы.

Таким образом, в научной литературе карикатура рассматривается как ценный исторический источник, креолизованный текст, в контексте народной мифологии и др. Но, неизменно главное свойство карикатуры при всем многообразии тем изображения – это ее сатирико-комический характер. Это основное свойство карикатуры на наш взгляд имеет более глубокие культурные основания, чем функционирование этого жанра искусства как такового. В этом плане нам импонирует мнение Г. Гусейнова о карикатуре как о древнейшей форме передразнивания-подражания (Гусейнов, 2015). Ученый считает, что итифаллические изображения ничто иное как первейшее проявление карикатурных мотивов, а античную древнегреческую комедию, высмеивающую управляющую элиту Афин, можно назвать одной из первых политических карикатур. Именно такая культурная форма как передразнивание-подражание в карикатуре и, как следствие высмеивание – комизм всего лишь одна сторона, другая сторона – в высшей степени серьезная и, даже в некоторой степени трагическая, отмечает А.Я. Гуревич (Гуревич, 1979: 65).

Материалы этнографии и фольклор по традиционной монгольской культуре

демонстрируют богатые юмористические и сатирические традиции, которые не могли не получить отражение в визуальном. Данное, на наш взгляд, выразилось наиболее рельефно в карикатуре, которая благодаря целому поколению художников-карикатуристов Монголии приобрело яркий национальный колорит. В обозначенном плане привлекает творчество Цэвэгийн Байды. Его произведения отличаются особой глубиной и характеризуются несколькими направлениями: политическая, социально-бытовая (ситуационная) и философская карикатура.

Целью настоящего исследования является анализ творчества Ц.Байды, которое характеризуется как многоплановое явление демонстрирует взаимосвязь карикатуры и монгольского юмора.

2. Методы и материалы исследования

2.1 Методы исследования

Основным методом исследования выступает системно-сопоставительный анализ, который позволяет рассмотреть карикатуру как целостный комплекс взаимосвязанных элементов. Синонимами или близкими по смыслу с понятием «карикатура» являются такие понятия как юмор, смех, комизм, остроумие, сарказм, сатира, осмеивание, подражание, передразнивание и т.д. Исследование природы этих понятий, а прежде всего смеха как культурфилософской категории позволил ряду ученых утверждать, что он является пережитком архаики, вернее обрядовой культуры. Во многих культурах мира считалось, что с помощью ритуального смеха можно воскресить человека или оплодотворить землю, т.е. смех, по представлениям древних людей, обладал живительной, рождающей силой и является метафорой смерти.

2.2 Материалы исследования

Монгольская культура здесь не составляет исключение. Исследователь О.А. Сапожникова пишет, что богатые традиции сатиры и юмора вплетены в ткань монгольской словесности, питают, оживляют, ярко расцветивают ее на протяжении всего многовекового пути развития (Сапожникова, 2014: 46).

В свою очередь, Д.А. Носов, исследуя народные сказки монголов, бурят и калмыков, обнаружил любопытный мотив одновременного плача и смеха (Носов, 2014). Таким образом, логическая цепочка опирается на сочетание антитез смех-плач, трагичное-комичное, похоронное-фарсовое. Эти качества, на наш взгляд, отличает и карикатура монгольских художников, в частности творчество Ц. Байды. Острота национального юмора в его творчестве проявилась глубоко, ярко и самобытно.

Рассмотрение творчества Ц. Байды как визуального отражения традиционного монгольского юмора органично сочетается со сложившимися методами искусствоведческого и системно-сопоставительного анализов и позволяет наметить будущие траектории исследования карикатуры как национально-маркированного феномена.

3. Обсуждение

3.1 Политика в творчестве Цэвэгийн Байды

Один из значимых циклов работ Байды посвящен теме, никогда не теряющей актуальности – политической карикатуре. Этот вид считается самым мощным коммуникативным оружием и отличается тем, что она создается в условиях

ограниченного времени. Страна советской сферы влияния – Монголия, как и другие страны постсоветского пространства, прошла все историко-политические коллизии: искоренение религии, репрессии, стремление найти баланс между двумя гегемонами – Китай и СССР и, в итоге, борьба за свободу, начиная с 1980-х годов. Все это нашло отражение в творчестве Байды. Работы художника в этом направлении можно назвать самыми злободневными и сатирическими, где художник виртуозно смог раскрыть всю подноготную режима, времени и обстоятельств.

В этом фокусе одной из его знаковых работ является «Came through layoffs» (1989). На картине на фоне пасущихся баранов изображен оратор, чиновник, бюрократ (Рис. 1). В своем ярком явно декламирующем выступлении чиновник даже не замечает, что овцы пасутся сами по себе. Из всего «коллектива» лишь пара-тройка самозабвенно слушают его проникновенную речь, а одна овца даже облизывает трибуну. Думается, что художник изобразил оратора в роли идейного и духовного пастыря стада овец-людей. Сюжет этой карикатуры Байды построен сугубо на монгольском материале, но ее смысл нам представляется универсальным. Еще не раз художник в своем творчестве обратится к образу овец-людей, что, несомненно, передает модальность сообщения, актуализируя отрицательные свойства животного – покорность, неприхотливость и т.д.

Из этой же серии другая работа Байды «Yurt wagon» (1990), на которой по мотивам древних гравюр изображена сцена из воинского парада во главе с ханом на колеснице (Рис. 2). Но вместо хана непомерно большим изображен надменный чиновник с сигарой во рту. Примечательно, что фигура чиновника несоизмеримо большая по сравнению со всем остальным изображаемым: людьми, животными и всем окружающим.




Рис. 1. Цэвэгийн Байды. «Came through layoffs» (1989). Фотография Ж.Н. Шайгозовой

В работе «I don't remember what happened» (1990) изображен человек в пиджаке (думается, что чиновник) лицо, которого передано в виде кирпичной стены (Рис. 3). Сам «герой» повествования вещает свою речь в микрофон, а на его фоне лежат расстрелянные люди, вероятнее всего буддийские монахи. Думается, что предтечей

картины послужили массовые репрессии буддийского духовенства в 30-х годах XX в., проводимые в соответствии с личными указаниями И.В. Сталина. К этому периоду в Монголии были закрыты все монастыри, большинство лам репрессировано, а остальные были вынуждены принять светский образ жизни.

К этой же серии можно отнести следующую работу художника «Harness dog» 1998 (обузданная собака). На картине изображена собачья будка, из которой к шесту-перу, вотканному в землю, тянется огромная цепь. Перо, видимо, символизирует свободу слова и свободу выражения мысли, которую в данном случае приковали цепью.



Рис. 2. Цэвэгийн Байды. «Yurt wagon» (1990).
Фотография Ж.Н. Шайгозовой

На полотне «Debt» (1990) на краю утеса изображен, согнувшийся практически вдвое мужчина в традиционной монгольской шапке, с которого буквально в три ручья льется пот. На его спине художник поместил огромный тюк, на котором восседает за столом чиновник – указывающий пальцем в сторону небоскребов. Тюк подписан словом «ор» (долг). Художник словно задается вопросом: кому должен бедный и босой человек, к чему должен стремиться простой скотовод? К небоскребам? Думается, что небоскребы здесь олицетворяют правительственную мечту-стремление или мечту-обещание, далекую от реальной жизни простого человека.

На карикатуре Байды «Authoritarian whips Freedom of Thought» (1988) изображен чиновник с кнутом, погоняющий овец в виде человеческих мозгов (Рис. 4). По поводу этого полотна художника исследователь Ochirbat Naidansuren отмечает, что коммунизм породил «стадо людей-овец», которые утратили способность самостоятельно мыслить (Naidansuren, 2015: 84).

Обсуждение политической темы в творчестве Байды можно подытожить словами О.А. Сапожниковой, которая, обосновывая литературный процесс Монголии рассматриваемого периода, характеризует его как время «Свободы выбора» (Сапожникова, 2014: 48), который получил своеобразное отражение и в творчестве художника. Здесь политическая карикатура – это реализованное право художников на свободу слова и попытка создания нового типа наблюдения-изображения.




Рис. 3. Цэвэгийн Байды. «I don't remember what happened» (1990).
Фотография Ж.Н. Шайгозовой




Рис. 4. Цэвэгийн Байды. «Authoritarian whips Freedom of Thought» (1988).
Фотография Ж.Н. Шайгозовой

3.2 Женщины и мужчины: трансформация ролей в современном обществе

В рассматриваемой тематике привлекает произведение «A man who wanted freedom» (1991). Сюжет представлен следующим образом: на лавочке художник поместил сидящей довольно громоздкую женщину, которая держит в руках клетку (Рис. 5). В клетке изображен никто иной как мужчина с крыльями – так сказать ангелочек. Разумеется, пропорции фигур несоизмеримо разные – женщина слишком большая с угрожающе-пугающим взглядом, а мужчина не только в меньших размерах, но и явно испуган. Возможно, это чисто «мужской» взгляд на брак-клетку.

Другая работа, относимая нами к этой же проблематике, называется «Foreigners have the right culture» (1991). На фоне степи разворачивается целая драма, конфликт традиционной монгольской культуры и иностранной (Рис. 6). Традиция выражена с помощью женщины в национальной одежде на фоне юрты, которая буквально отпряла от

молодой беременной женщины с мужем-гуманоидом и таким же ребенком-гуманоидом. На заднем фоне изображена летающая тарелка. Примечательно, что молодая женщина изображена в человеческом облики, а вот ее муж и ребенок в виде инопланетян. Так иносказательно художник выразил отношение матери к избраннику дочери – представителю иной культуры. Для нее избранник дочери и ее внук – это инопланетяне, не укладывающиеся в систему ее миропонимания и миропредставления. Усиливает ужас происходящего не только выражение и жесты матери, но и пролитое на землю молоко. Жест и его информативность в сочетании с мимикой матери расставляет смысловые акценты в картине. Эту карикатуру можно назвать противостоянием двух сознаний.



Рис. 5. Цэвэгийн Байды. «A man who wanted freedom» (1991).
Фотография Ж.Н. Шайгозовой



Рис. 6. Цэвэгийн Байды. «Foreigners have the right culture» (1991).
Фотография Ж.Н. Шайгозовой

Другая работа, относимая нами к этой же проблематике, названа художником «Making a man angry» (1977). На полотне изображена статная и уверенная в себе

женщина, восседающая на бегущем верблюде. Под мышкой у женщины буквально орущий мужчина. Картина явно изображает похищение. Думается, что Байды в аллегорической форме выражает древнейший обычай кочевников – хищнический брак, брак захватом, уводом, который был традиционно характерен для военно-демократического общества, но в реальности, изображаемой художником – похищение «наоборот».

Исследуемую тематику произведений Байды характеризует оригинальная сюжетная и стилистическая канва, метко подмеченные детали и некоторые этнографические подробности. Это направление карикатуры Байды выражает «природное остроумие монгольского народа», соединяющее в себе «все виды комического: от мягкого юмора до острой сатиры» (Сапожникова, 2014: 46).

3.3 Прогресс настигает? ...

Следующая серия карикатур художника посвящена теме экологии. Относительно экологической тематики в фокусе художника проблематика урбанизации степи. Это работа «The enemy of cattle» (1989) – если раньше безопасности овец угрожал просто волк, то теперь художник в виде огромного волка изобразил автомобили – грузовые, легковые, автобусы и т.д., которые буквально заволокли степное пространство, забирая пастбища для выпаса скота. Бедным овцам уже нет места в их же родном «доме», словно говорит художник.

«For grazing» (1989) – занимательная картина, изображающая столкновение природного и технократического. Художник выразил это образах быка и грузовика, столкнувшихся лбами. Как и полагается под ногами быка цветущая степь, а под грузовиком разумеется асфальт. Прием противопоставления двух «цивилизаций» использован художником как средство усиления сатирического эффекта.

Не менее показательна в рассматриваемом плане картина «To posterity» (1990) – Рис. 7, где птица-родитель кормит своих птенцов металлическими болтами, вместо живых червей. Даже само гнездо для птенцов свито из металлических прутьев.




Рис. 7. Цэвзгийн Байды. «To posterity» (1990). Фотография Ж.Н. Шайгозовой




Рис. 8. Цэвэгийн Байды. «Electronic game» (2002). Фотография Ж.Н. Шайгозовой

4. Результаты исследования

Еще в начале 2000-х годов художник словно пророчески предвидел одну из болезней современного мира – компьютерную игроманию или киберзависимость, которая великолепно и минимумом средств изображена в картине «Electronic game» (2002) – Рис. 8. Перед экраном монитора компьютера играет ребенок, а из монитора вылез скелет, в руках которого вилка с ее помощью скелет буквально «ест» мозги ребенка.

Творчество известного монгольского карикатуриста Ц. Байды выразилось в ряде направлений: политическая, социально-бытовая (ситуационная) и философская карикатура. Первое направление как важная часть политического дискурса отражает в лице художника народное мнение о происходивших на тот момент событиях в стране и в полной мере отражает политические пороки, ставшие предметом активного обсуждения.

Второе направление – социально-бытовая (ситуационная) карикатура Ц. Байды характеризуется в целом довольно широким диапазоном тем от смены социальных ролей в обществе до сохранения традиционных устоев. И, наконец, третье направление работ художника мы условно относим к философскому, что ярко и самобытно демонстрирует зрителям стремление Ц. Байды обозначить свою мировоззренческую позицию через обобщения и глубокий эмоциональный подтекст.

5. Заключение

Нельзя не согласиться с утверждением, что карикатура – это сложная закодированная система, которая как показало данное исследование, вполне может быть окрашена национальным колоритом. Ц. Байды ярко демонстрирует национально самобытные подходы и приемы создания сатирических образов, которые безусловно характеризуются рядом свойств комического знака: гиперболическое преувеличение, метафора, образность и др. Художник в большинстве случаев выбирает сюжеты, хорошо известные в данной культурной среде, а его творческий почерк одновременно изящен, динамичен и выразителен. Самое главное: он индивидуален и неповторим, заставляет не только смеяться, но задуматься.

На наш взгляд, Байды чисто визуально отражает фольклорный мотив одновременного плача и смеха. Как пишет Д. Носов (Носов, 2014), этот мотив возник еще в древности как метонимическое обозначение традиционного погребального обряда (обрядов перехода) и основан на понимании смеха как способа и символа возвращения к жизни. Так своеобразно Цэвзгийн Байды через свое творчество возвращает своих соотечественников к жизни в широком смысле этого слова, где «трагическое и комическое тесно, переплетаясь органично дополняют друг друга» (Бактыбаева, Орынханова, Жалелова, 2023: 121).

Литература:

1. Алентьева Т.В. Англо-американские отношения в последней трети XIX столетия в отражении американской карикатуры // *Американистика: актуальные подходы и современные исследования*, 2020. – №12. – с. 168-202.
2. Башаран В.И. Карикатура как исторический источник для изучения международных отношений (на примере России и Турции) // *Гасырлар авазы - Эхо веков*, 2018. – № 1. – с. 192-203.
3. Бактыбаева, А., Орынханова, Г., Жалелова, Г. Эмотивы и их роль в произведениях О. Арукеновой (на примере анализа улыбки, радости, смеха). – *Keruen*. – 2023. – № 81(4). – с. 119-130. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-09>
4. Воронина О.А. Карикатура как вид креолизованного текста. – *Вестник ЦМО МГУ*. – 2009. – № 2. – с. 14-18.
5. Гуревич А. Я. «Эдда» и сага. – М.: Наука, 1979. – 189 с.
6. Гусейнов Г. Карта Нашей Родины: идеологема между словом и делом. – М.: ОГИ, 2005. – 2014 с.
7. Золотов Э.С. Семиотика карикатур, сатирических плакатов и сатирических фотомонтажей в теоретико-аргументативном и деонтическом аспектах // *Universum: филология и искусствоведение: электронный научный журнал*, 2023. – № 12 (114). URL: <https://7universum.com/ru/philology/archive/item/16398> (дата обращения: 04.02.2025). <https://doi.org/10.32743/UniPhil.2023.114.12.16398>
8. Носов Д. Семантика одновременного смеха и плача в народных сказках монголов, бурят и калмыков // *Сборник научных статей по монголоведению посвящается 180-летию исследователя Центральной Азии, этнографа, публициста, монголоведа-фольклориста Григория Николаевича Потанина*, 2016. – с. 51-54.
9. Некрасова-Каратеева О. Л., Сталинская Е. П. Карикатуры братьев Николая и Сергея Легат: опыт интерпретации // *Вестник Санкт-Петербургского университета. Искусствоведение*, 2015. – № 5(1). – с. 85-100.
10. Сапожникова О.А. Эволюция комического в монгольской литературе XX века // *Сборник научных статей по монголоведению посвящается 130-летию со дня рождения Б. Я. Владимирцова (1884–1931)*, 2014. – с. 46-54.
11. Ochirbat Naidansuren. Political parody: The new image of Mongolian contemporary art: This thesis is presented for the Degree of Doctor of Philosophy of Curtin University, 2015. – 146 p.

References:

1. Alentieva T.V. (2020) Anglo-American Relations in the Last Third of the 19th Century as Reflected in American Caricature // *American Studies: Current Approaches and Modern Research.*- No. 12. - P. 168-202 (in Russ.).
2. Basharan V.I. (2018) Caricature as a Historical Source for Studying International Relations (Based on the Example of Russia and Turkey) // *Echo of the Centuries.* - No. 1. - p. 192-203 (in Russ.).
3. Baktybaeva A., Orynkhanova, G., & Zhalelova, G. (2023). Emotives and their role in the works of O. Arukenova (on the example of the analysis of a smile, joy, laughter). *The Scientific Journal "Keruen"*, 81(4), p. 119-130. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-09> (in Russ.).
4. Voronina O.A. (2009) Caricature as a Type of Creolized Text // *Bulletin of the Centre for Sociological Research of Moscow State University.* No. 2. - p. 14-18 (in Russ.).

5. Gurevich A.Ya. (1979) "Edda" and Saga. Moscow: Nauka. - 189 p. (in Russ.).
6. Guseynov G. (2005) Map of Our Homeland: Ideologeme Between Word and Deed. - Moscow: OGI. - 2014 p. (in Russ.).
7. Zolotov E.S. (2023) Semiotics of Caricatures, Satirical Posters, and Satirical Photomontages in Theoretical-Argumentative and Deontic Aspects // *Universum: Philology and Art Studies: Electronic Scientific Journal*. - No. 12(114). URL: <https://7universum.com/ru/philology/archive/item/16398> (accessed: 04.02.2025). <https://doi.org/10.32743/UniPhil.2023.114.12.16398> (in Russ.).
8. Nosov D. (2016) Semantics of Simultaneous Laughter and Weeping in the Folktales of Mongols, Buryats, and Kalmyks // *Collection of Scientific Articles on Mongolian Studies Dedicated to the 180th Anniversary of the Researcher of Central Asia, Ethnographer, Publicist, Mongolian Studies Folklorist Grigory Nikolaevich Potanin*. - P. 51-54 (in Russ.).
9. Nekrasova-Karateeva, O. L. ., & Stalinskaia , E. P. . (2015). Caricatures by brothers Nikolai and Sergei Legat. A study in interpretation. *Vestnik of Saint Petersburg University. Arts*, 5(1), 85–100 (in Russ.).
10. Sapozhnikova O.A. (2014) Evolution of the Comic in 20th Century Mongolian Literature // *Collection of Scientific Articles on Mongolian Studies Dedicated to the 130th Anniversary of the Birth of B. Ya. Vladimirtsev (1884–1931)*. - P. 46-54 (in Russ.).
11. Ochirbat Naidansuren. (2015) Political parody: The new image of Mongolian contemporary art: This thesis is presented for the Degree of Doctor of Philosophy of Curtin University. 146 p. (in Eng.).

А. Шамишев^{1*}, Л. Чхарташвили²

¹Қазақ Ұлттық хореография академиясы, Астана, Қазақстан

²Шота Руставели атындағы Грузин мемлекеттік театр және кино университеті,
Тбилиси, Грузия

E-mail: ¹Almat-naz@mail.ru, ²lasha.chkharto@gmail.com

ORCID: ¹0000-0002-5445-5911, ²0000-0002-5884-2812

БАЛАЛАР ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ ҰЖЫМДАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ РУХ ПЕН ПАТРИОТИЗМДІ ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа. Балаларға өз еліне деген сүйіспеншілікті үйрету оларға жауапкершілік сезімін береді. Балалар өз тағдырының туған елімен байланысты екенін түсінгенде өздерін қоғамдастықтың бір бөлігі ретінде сезінеді және өзі өмір сүріп отырған қоғамның алдында адалдық сезімін қалыптастырады. Бұл өз елінің мақтанышына айналуға талпыну және оның дамуына үлес қосуға деген ұмтылысқа әкелуі мүмкін. Өз елін жақсы көретін балалардың қоғамдық іспен, азаматтық қызметпен айналысу ықтималдығы жоғары болады. Мұндай қатынас қоғам үшін де, мемлекет үшін де пайдалы. Осы аспектілері жастардың рухани дамуына, шығармашылық қабілеттерінің артуына және патриоттық сезімдерінің нығаюына септігін тигізеді. Балалардың ұлттық руханиятын көтеру, патриоттыққа баулудың түрлі жолдары бар. Соның бірі – балаларды би арқылы, соның ішінде ұлттық билер арқылы тәрбиелеудің маңызы зор. Зерттеу барысында балалар хореографиясы жете мән беретін мәселе екендігіне көз жеткізуге болады және оны дамыту үшін қажетті шараларды қабылдау маңызды деген тұжырым жасадық. Сонымен қатар балалар хореографиялық ұжымдарының ұлттық рух пен патриотизмді дамытудағы функциясын одан әрі жетілдіру қажеттілігі туындайды. Себебі, балалар хореографиясы арқылы жасөспірімдерді патриотизмге тәрбиелеу нәтиже беретінін көруге болады. Балалар хореографиялық ұжымдарында теориялық және практикалық білімді ұштастыра отырып, би атауы, оның шығу тарихы, бидің қазақ мәдениетіндегі орны, сол биде киілетін ұлттық киімдер, киімдердегі ұлттық ою-өрнектер және тағы басқа да нақыштар мен белгілер баланың ұлттық тәрбие алуына ықпал ететін факторлар екеніне мән беру ұсынылады. Ойын түрінде балаға музыка мен би әлеміне деген сүйіспеншілікті оята аламыз. Қозғалыстардың сұлулығы арқылы баланы еліктіріп, оның мінез-құлқын табиғи және үйлесімді етуге болады. Балалар хореографиясының рухани құндылықтарды дамытудағы функциясын зерттеу әлемдегі елдердің барлығына ортақ мәселе болғандықтан бұл тақырып халықаралық дәрежедегі зерттеушілер үшін де қызығушылық тудыруы мүмкін.

Кілт сөздер: балалар хореографиясы, балалар репертуары, дәстүр, өнер, патриотизм, ұлттық сана.

А. Шамишев^{1*}, Л. Чхарташвили²

¹Казахская национальная академия хореографии, Астана, Казахстан

²Грузинский государственный университет театра и кино
им. Шота Руставели, Тбилиси, Грузия

E-mail: ¹Almat-naz@mail.ru, ²lasha.chkharto@gmail.com

ORCID: ¹0000-0002-5445-5911, ²0000-0002-5884-2812

РОЛЬ ДЕТСКИХ ХОРЕОГРАФИЧЕСКИХ КОЛЛЕКТИВОВ В РАЗВИТИИ НАЦИОНАЛЬНОГО ДУХА И ПАТРИОТИЗМА

Аннотация. Обучение детей любви к своей стране дает им чувство принадлежности. Когда дети понимают, что их судьба связана с родной страной, они чувствуют себя частью сообщества и учатся

ответственности перед обществом, в котором они живут. Это помогает в достижении таких аспектов, как стать гордостью своей страны, внести свой вклад в ее развитие. Дети, любящие свою страну с большей вероятностью будут заниматься общественным делом, гражданской деятельностью. Такие отношения полезны как для общества, так и для государства. Эти аспекты способствуют духовному развитию молодежи, росту творческих способностей и укреплению патриотических чувств. Есть разные способы развить национальную духовность детей, воспитать их патриотами своей страны. Один из них – воспитание детей через танцы, в том числе через национальные танцы. В ходе исследования убедились в том, что обучение хореографии детей – это всегда актуально и имеет большое значение, но для ее развития необходимо принимать определенные меры. Воспитание патриотизма у подростков через хореографию весьма продуктивная идея. В данной статье автор акцентирует внимание на том, что уже само название танца, его происхождение, значение танца в казахской культуре, национальные костюмы, национальные узоры на одежде и другие мотивы и символы являются факторами, способствующими эстетическому и патриотическому воспитанию ребенка. Рассказывая историю происхождения национального танца, можно формировать национальное сознание детей. В игровой форме можно прививать ребенку любовь к миру музыки и танца. Через красоту движений раскрепощать ребенка и делать его поведение естественным и гармоничным. Поскольку изучение функции детской хореографии в развитии духовных ценностей является общей проблемой для всех стран мира, эта тема также может представлять интерес для исследователей международного уровня.

Ключевые слова: хореография для детей, детский репертуар, традиции, искусство, патриотизм, национальное сознание.

A. Shamshiev^{1*}, L. Chkhartishvili²

¹*Kazakh National Academy of Choreography, Astana, Kazakhstan*

²*Shota Rustaveli Theater and Georgia State Film University, Tbilisi, Georgia*

E-mail: ¹Almat-naz@mail.ru, ²lasha.chkharo@gmail.com

ORCID: ¹0000-0002-5445-59112, ²0000-0002-5884-2812

THE ROLE OF CHILDREN'S CHOREOGRAPHIC GROUPS IN THE DEVELOPMENT OF NATIONAL SPIRIT AND PATRIOTISM

Annotation. Teaching children to love their country gives them a sense of belonging. When children understand that their destiny is connected with their native country, they feel part of the community and assume a sense of responsibility to the society in which they live. This can lead to a desire to become the pride of your country and contribute to its development. Patriotic children who love their country are more likely to be engaged in public affairs and civic activities. Such relations are useful both for society and for the state. These aspects contribute to the spiritual development of young people, the growth of creative abilities and the strengthening of patriotic feelings. There are different ways to raise the national spirituality of children, to introduce them to patriotism. One of them is the upbringing of children through dancing, including through national dances. In the course of the study, we were convinced that children's choreography is a problem that is of great importance, and came to the conclusion that necessary measures must be taken for its development. After all, we see that the education of patriotism among teenagers through children's choreography is productive. In this scientific article, the author draws attention to the fact that the name of the dance, its origin, the place of dance in the Kazakh culture, national costumes worn in this dance, national patterns on clothes and other motifs and symbols are factors contributing to the national upbringing of a child. He also shows that by telling the story of the origin of traditional dance, it is possible to form the national consciousness of children. Studies the importance of children's choreography in the formation of national consciousness and suggests ways to improve it. In a playful way, you can instill in your child a love for the world of music and dance. Through the beauty of movements, to liberate the child and make his behavior natural and harmonious. Since the study of the function of children's choreography in the development of spiritual values is a common problem for all countries of the world, this topic may also be of interest to international researchers.

Keywords: children's choreography, children's repertoire, traditions, art, patriotism, national consciousness.

1. Kіріспе

Балалар хореографиялық ұжымдары қоғамда ұлттық рухты және патриотизмді дамытуда маңызды рөл атқарады. Бүгінгі күні жастардың ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттыру, патриоттық сезімді нығайту мақсатында хореографиялық өнердің тиімділігін зерттеу қажет. Ұлттық рух – Отанға деген сүйіспеншілік. Ол адамның өз жеріне, ұлтына, мәдениеті мен салт-дәстүріне, тарихына деген құрметінен байқалады. Шын мәнінде, ұлтшылдық – бұл терең және күрделі құбылыс, оны бір сөзбен немесе анықтамамен білдіру мүмкін емес. Патриотизм - адамның ең тұрақты, жойылмайтын және қасиетті сезімдерінің бірі. Бұл ұғым грек тілінен шыққан «Патрис» – Отан деген мағынаны білдіреді. Сергей Ожеговтың «Орыс тілі сөздігінде» «патриотизм» сөзін «өз халқына деген адалдық пен сүйіспеншілік» деген сипаттама береді (Ожегов, 1986 : 543). Әлемде патриотизмнің әртүрлі елдерде қалай көрінетіні туралы көптеген мысалдар бар. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында 18 жасқа толған әрбір азамат қажет болған жағдайда өз елін қорғау үшін әскери қызметке тіркелуге міндетті, сондай-ақ осы елде мемлекет байрағын жеке азаматтардың пәтерлеріне іліп қоюы, оны көшеде алып жүруі, көліктеріне іліп қоюы да ұлтшылдықтың көрінісі десе болады. Туға байланысты осындай патриотизм үлгісін Түркия елінен де аңғаруға болады.

Ұлтшылдық идеялары ежелгі дәуірде пайда болған. Ежелгі Грецияда патриотизм «полис» – мемлекет ұғымымен байланысты болды. Гректер әр азамат өз Отанына адал қызмет етіп, оның мүдделерін қорғауы керек деп есептеді. Рим империясында патриотизм маңызды рөл атқарды. Римдіктер өз елін әлемдегі ең жақсы және ең мықты деп санады және оны кез-келген жағдайда қорғауға дайын болды. Кейіннен патриоттық сезімдер Рим империясы мен христиандықтың рухани өмірінде шешуші рөл атқара бастады. Орта ғасырларда патриотизм Құдайға табынумен және Мәсіхтің сенімімен тығыз байланысты болды. Сол күндері адамдар шағын мемлекеттерде өмір сүріп, күшті діни және мәдени байланыстарға ие болғандықтан, патриотизм мен сенім ажырамас ұғымдар болды. Қазіргі уақытта патриотизм әртүрлі халықтар мен мемлекеттердің тәуелсіздігі үшін күрес құралына айналды. Көрнекті мысалдардың бірі Америка Құрама Штаттарының пайда болуы болды. Американдық колониялар бірауыздан өз елдерін қорғауға кірісті және Британ империясына қарсы күресті. Осы фонда ұлт пайда болды. Ұлтшылдық қасиет өмірдің әртүрлі кезеңдерінде ұлттың бірлігі үшін негіз болып табылады.

Қазіргі әлемдегі патриотизм – бұл өз еліне деген сүйіспеншілік, оның мұраттарына, мәдениетіне, тарихы мен дәстүрлеріне адалдық. Қазіргі уақытта патриотизм жаһандануға, халықаралық қақтығыстарға және көптеген елдердің алдында тұрған қиындықтарға байланысты ерекше маңызға ие. Көптеген жағдайларда бұл халықты біріктіріп, қиындықтарды жеңуге көмектесетін де ұлтшылдық қасиет. Патриотизмнің басты белгісі – кез-келген жағдайда өз елін қорғауға және көмектесуге дайын болу.

Ұлттық сана туа пайда болмайды, ол жүре пайда болатын және тәрбие арқылы адам бойына даритын қасиет. Сондықтан әлемдегі кез келген ел ұлттық сананы

қалыптастыруға, өз ұлтын сүйеге дәріптеуге және дамытуға мүдделі болуы тиіс. Ол тәрбие алдымен отбасында, кейін балабақша қалыптасып, мектептер мен жоғары оқу орындарында, жұмыс орындары мен қызметте одан әрі дамытылады.

Қазақстан Республикасында отансүйгіштікті қалыптастыру және дамыту бойынша нормативтік-құқықтық актілер бар. Соның негізгісі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және осы бағдарламаның аясында қабылданған Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы. Осы бұйрықтың 3 тармағында «Азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін құрметтеуге, Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзеушілікке тәрбиелеу» тәрбие міндеттерінің бірі ретінде айқындалған (Рухани жаңғыру, 2019). Одан бөлек, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» мектеп жасындағы балаларды оқыту мен тәрбиелеудің жолдары айқын көзделген.

«Көрсетілген патриотизмі мен белсенді азаматтық ұстанымы үшін он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі балалар мен жастарды айрықша белгісімен марапаттау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №249 қаулысы да отансүйгіштікті дәріптеу мен насихаттауға бағытталған мемлекеттік деңгейдегі құжат болып табылады. Ол құжат «спорт және физикалық даму», «таланттар мен дағдылар», «кітап оқу», «ұлттық мұра», «волонтер», «туристік саяхат», «еңбек тәжірибесі» сияқты бағыттардан тұрады.

Қазақстанда этностар мен өзге ұлт өкілдері бар. Олар да Қазақстан азаматтары болғандықтан қазақстандық патриотизм бәріне ортақ болуы тиіс. Осы мақсатта «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңының 3 бабында көрсетіледі: «Ассамблеяның мақсаты қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақ халқының шоғырландырушы рөлі кезінде «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясымен біріктірілген қазақстандық азаматтық бірегейлік пен бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады» (Қазақстан халқы Ассамблеясы, 2008).

Патриотизмді дамыту мен насихаттауға қатысты жекелеген құжаттар бар болса да Қазақстанда Отанға деген сүйіспеншілік тиісті деңгейде насихатталмай келеді. Ұлттық идеология жұмысы әлі де дұрыс жолға қойылмаған. Сондықтан ұлтқа қызмет етудің мәдениетті үлгісін әлемнің озық елдеріндегі тәжірибелер көрсеткендей бала тәрбиесінен бастау қажет. Мысалы, Жапония ерекше принциптерге негізделген тәрбиесімен танымал. Жапон елінің бала тәрбиесі ұлттық құндылықтарға негізделген. Онда баланы қызығушылық танытуға шақырады. Сондай-ақ, балаларды қоғамның толыққанды бөлігі болуға және жас кезінен бастап әлемді білуге шақырады. Балалардың қоғамның толыққанды бөлігі болуы деген сөз ол балалардың өз Отанының өмірінде өз орны бар екенін түйсіну дегенді білдіреді. Яғни, әр бала өз елінің патриоты болып тәрбиеленеді. Себебі, бала – ол елдің болашағы, ертеңгі қоғамның, мемекеттің дамуына үлес қосатын тұлға.

Қазақстан мемлекеті де балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу үшін әрекет жасауда. Балаларда ұлттық сананы қалыптастыру үшін түрлі іс-шаралар, үйірмелер,

қоғамдық шаралар ұйымдастырылуда. Бала-бақшалар мен мектептерде, арнайы үйірмелерде ұлттық құндылықты оқытатын сабақтар бар. Соның ішінде балалар хореографиясы ерекше маңызға ие.

2. Әдістер мен материалдар

2.1 Зерттеу әдістері

Мақаланы зерттеу барысында әдебиеттік талдау жүргізілді. Хореография мен ұлттық мәдениет арасындағы байланыс, балалар хореографиялық ұжымдарының рөлі туралы ғылыми еңбектер, мақалалар мен зерттеулер сараланды. Сонымен қатар, жалпы хореографиялық өнер саласындағы кәсіптік шығармашылық және педагогикалық пән саласы қызметіндегі эксперименттік және теориялық зерттеу әдістері пайдаланылды. Зерттеу тақырыбы бойынша материалдарды жүйелеу, оларды салыстырмалы талдау және ғылыми жалпылау бар.

Зерттеу әдістері арқылы балалар хореографиялық ұжымдарының ұлттық рух пен патриотизмді дамытудағы рөлін тереңірек түсіну, олардың мәдени және әлеуметтік маңыздылығын айқындау мақсатында кешенді талдау жүргізу мүмкіндігі туады. Нәтижелер жастардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыру және патриоттық сезімді нығайтуға бағытталған бағдарламаларды жетілдіруге ықпал етеді.

2.2 Материалға сипаттама

Зерттеу материалдары ретінде шетелдік зерттеуші Stinson ұсынған хореографиялық сабақтың төрт кезеңдік құрылымы (дайындық, шығармашылық еркіндік, нақты жоспарлау және импровизация) қарастырылды.

3. Талқылау

Балаларға өнер құралдары арқылы тәрбие беру мәселелері ерте кезеден-ақ ежелгі грек ойшылдары Аристотель, Платон, Сократтың еңбектерінде айтылған. Ал отандық педагогикада Мағжан Жұмабаев, Сақыпжамал Ұзақбаева, Құбығұл Жарықбаев, Клара Қожахметова, Серғазы Қалиев, Қалдыбек Бөлеевтің және өзге де ғалымдардың еңбектерінде балаларға өнер (музыка, би, сурет) негізінде эстетикалық тәрбиелеу мүмкіндіктері жайлы терең ойлар қозғалған. Би – өнер түрі. Сондықтан ұлттық тәрбиенің бір өзегі балалар хореографиясы екені сөзсіз. Жалпы хореография барлық би бағыттарының негізі болып табылады. Хореографияны игере отырып, бала болашақта бидің кез-келген түрін үйрене алады. Балалар хореографияны 3 жастан бастай алады. 3 жастан асқан балаларға арналған билер ырғақты жаттығулардан басталады, ол қарапайым қимылдарды қайталау арқылы музыкадағы ырғақты тануды және естуді үйренеді. Бала неғұрлым үлкен болған сайын, соғұрлым күрделі қозғалыстар оған икемделе бастайды.

Сонымен, балалар хореографиясы дегеніміз балаға бүкіл өмірінде болатын нәр-сені беру мүмкіндігі: әдемі қалып, мықты бұлшық еттер, қимыл-қозғалыс жеңілдігі мен әсемдігі. Балаларға арналған хореография – бұл баланың өзін-өзі тануының қолжетімді тәсілдерінің бірі және оның практикалық артықшылықтары физикалық белсенділік. Хореография балалар үшін қауіпсіз, қарапайым әрі көңілді. Балаларға арналған хореография сабақтары онтогенезді нығайтуға, бұлшықет жүктемесін дұрыс дамытуға және бөлуге көмектеседі. Бұл айтылғандар баланың денсаулығы мен

эстетикалық талғамына әсер ететін көріністері. Болашақта біздің мемлекетіміздің әл-ауқаты жас ұрпақтың денінің саулығына байланысты болады. Денсаулығы жақсы адамның шығармашылықпен айналысуға, қиындықтарды жеңуге, қоғамға пайда әкелуге мүмкіндігі бар. Сондай-ақ дені сау адам ғана өз еліне белсенді қызмет етіп, өз елінің жанашыры бола алады. Ал, бидің бала денсаулығынан бөлек рухани болмысына, ұлттық санасының қалыптасуына қалай әсер ететінін зерделеп көрейік.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтары, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдай жасау» деп аталып көрсетілген (Білім туралы..., 2007). Яғни, ұлттық құндылықтар деген сөздің ішіне патриотизм кіреді. Осы тұрғыда тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға талпыныс қажет.

Балалар хореографиясы балалардың қандай жас ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асырылатынын 1 кестеден көруге болады.

1 кесте

Балалар хореографиясын	3-4,5 жас
жас ерекшеліктеріне байланысты	5-7 жас
4 топқа бөліп қарастыруға болады	7-8 жас
	8-12 жас

Би қойылымының тақырыбы да соған қарай іріктеледі. Жасы тым кішкентай балаларға би үйрету ойын түрінде жүргізіледі және ойын түріндегі билер таңдалады. Ондай ұлттық би түрлері қазақ биінің репертуарында бар. Ол туралы «Қазақ өнерінің тарихы» кітабында былай жазылған: «Ойын – халық мәдениетіндегі ертеден келе жатқан тәрбиелік мәні үлкен, аса маңызды элемент. Би ойындарының ежелгі түрлерінде еңбек процестерін дәстүрлі бейнелеу – магиялық салт әрекеттерінің жұрнақтары берік сақталады. Мысалы, қазақтар магиялық мақсатпен салттық – хореографиялық бейнелеуі мен аң-құстардың қимылына еліктеуінің нәтижесінде ол «Аю би», «Қаз-қатар», «Қоян би» және тағы басқа би ойынына айналды» (Қасқабасов және т.б., 2008: 607).


Қазақтың ескілікті тұрмысында аңшы еңбегінің дағдыларын және аңшы еңбегінің жанды құралының бірі бүркітті қолға үйретудің қилы-қилы ісәрекетін түрлендіре бейнелеп көрсететін бүркітті қолға үйретуден шыққан «Құсбегі–Дауылпаз» және бүркітпен қоян аулаудан туған «Қоян–бүркіт» секілді биойындары кең тараған. Көшпелі қазақтардың магиялық әдетсалттарын ой елегінен өткізіп, қайта қарау нәтижесінде орға құлаған таутекенің қимылқозғалыстарын қызықты, күлкілі түрде көрсететін ел арасында кең тараған «Ортеке» биойыны өмірге келді.

Салттық әдет-ғұрыптар секілді халық ойындары да өзінің тарихи даму жолында түрлі өзгерістерге ұшырады. Мәселен, «Ортеке» би ойыны негізінде қуыршақ ойын-сауығы пайда болды. Көптеген би ойындары түпкі негізінде жануарлардың

қимыл-қылықтарын магиялық мақсатта еліктеп көрсететін алғашқы түрінен, яғни жануарларды пластикалық тұрғыдан бейнелеу емес, балалардың жәй қарапайым ойын дәрежесіне дейін құлдырады. Мәселен, «Қоян-пышақ», «Қара сиыр», «Көк сиыр», «Түйе-түйе» болып ойнайтын көптеген тағы басқа балалар ойынына айналған» (Құндақбайұлы, 2006: 324).

Музыка мен қозғалыстың үйлесімі балалардың эмоционалды көңіл-күйін арттырады, қозғалыс мәдениетін қалыптастырады, жүйке мен бұлшықет белсенділігі арасындағы үйлестіруді дамытады. Зейіннің, есте сақтаудың, эмоционалдылықтың дамуына ықпал етеді. Би сұлулыққа деген сүйіспеншілікті, ырғақ сезімін, музыкалық талғампаздықты жетілдіреді. Мұндай жағымды әсерлерді кез-келген балаларға арналған өнер түрлерінен табу қиын. Балалар хореографиясы балабақшалардағы ритмопластикадан бастау алып, бастауыш сыныптарда жалғасын табады.

Ырғақпластика – бұл екі бағыттың бірігуі: физиотерапиялық жаттығулар және хореография. Оған ырғақты сабақтар, сауықтыру жаттығулары, дамытушы ойындар кіреді (1 сурет). Бұл жасы кішкентай балалардың шығармашылық қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік беретін бірыңғай сюжеттік бөлімдер.



1 сурет. Ырғақпластика түрлері

«Ырғақпластиканың анықтамасын екі бөлек ұғымға бөлу қисынды: ырғақ және пластика. Атауынан ырғақпластика музыкамен орындалатын физикалық жаттығуларды білдіретінін түсінуге болады. Ырғақпластика – бұл белгілі бір ритмақты музыкамен орындалатын және көбінесе би қимылдарымен безендірілген әртүрлі гимнастикалық жаттығулардың кешендеріне негізделген сауықтыру гимнастикасы» (Milne, 2023).

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығында ырғақ сабақтарын өткізу сағаттары бекітілген.

Ырғақ сабақтары:

1. Денені дамытуға арналған жаттығулар, дұрыс қалыпты қалыптастыру, арқа бұлшықеттерін күшейту жаттығулары, икемділік, жалпақ табанның алдын-алу және емдеу;

2. Тыныс алу гимнастикасы;

3. Ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығулар;
4. Үйлестіру жаттығулары;
5. Импровизация (баланың музыкаға өзін-өзі сезіну, музыканы есту және «сезу» қабілеті, қиялын дамыту) қамтиды.

Балалар хореографиясындағы жоғарыда аталған негізгі педагогикалық талаптарды сақтай отырып, ұлттық рухта тәрбиелеу маңызды. Патриотизм өз еліне деген сүйіспеншілік пен адалдық ретінде анықталады және ол баланың дамуының ажырамас бөлігі бола алады, ал би тақырыптарының дәстүрге негізделуі елеулі көрініс. Қазақ халқында сан түрлі сипаттағы дәстүрлі билер бар. «Билердің тақырыбы барынша ұлттық әрі дәстүрлі, сонымен қатар сан алуан, мысалы, жігіт пен қыздың қарым-қатынасына арналған күлкілі билер, қазақ халқының әртүрлі ұлттық салт-дәстүрлерін көрсететін билер өте танымал» (Шарипова, 2014: 528).

Бүгінгі таңда балалардың бойында ұлттық сананы қалыптастыру міндеті өзекті, уақтылы және өте күрделі. «Патриотизм Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған жылдарынан бастау алатыны ақиқат. Бүгін, әлемнің тез өзгеретін бейнесі мен жаңа дәуірде адамзатқа жаһандық сын-қатерлер, еліміздің шынайы патриоттарын тәрбиелеу қажеттілігі артып келеді: «біз өзімізді және балаларымызды жаңа қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуіміз керек. Бұл, ең алдымен, елдің мақтанышы және оның жетістіктері» (Tuyakoval, 2018 : 112).

Қандай әдіс-тәсілдер арқылы балаларымызды ұлтжанды етіп тәрбиелей аламыз? Мұны қалай және кімдер жүзеге асыру керек? Бұл сұрақтар білім беру мекемелерінің педагогикалық қызметкерлерінде көбірек пайда болады. Себебі, балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесі солардың құзырындағы мәселе. Би өнерін оқытатын ұстаздарда бұл жауапкершілік одан сайын артады. Биді үйрену барысында бала білім алып қана қоймайды, сонымен қатар денсаулығына да пайда әкеледі. Ал, сол пайдалы істердің қатарына бала бойына отансүйгіштікті сіңіру міндетін қатар қою қажеттілігі туындайды. Бишілер өздерінің ырғақты қимылдары арқылы көрермендерге белгілі бір ниеттер мен эмоцияларды жеткізеді (Zheng, 2020: 845). Ерекше мәдени, тарихи және философиялық ортадан бастау алған (Huo, 2023: 440) ұлттық билер патриотизм сезімі өз кезегінде ұлттық сана мен елі үшін мақтаныш сезімін арттыруға ықпал етеді. Өкінішке орай, балалармен жұмыс жасайтын хореограф ұстаздардың көпшілігі сапаға қарағанда санға жұмыс жасайды. Яғни, биге қатысатын баланың санының көп болғанын қалайды. Ал, шын мәніне келсек, ұлтымыздың болашағы үшін қызмет жасаймын деген оқытушы баланың рухани тәрбиесіне көбірек мән бергені абзал. Мысалы, «Бүркіт» биін алайық. Ол би сабағын өтпес бұрын мұғалім би тақырыбын бар ынтасымен ашуы тиіс. Яғни, қыран құстың қазақ ұғымындағы қасиетін, халқымыз оны еркіндіктің символы ретінде құрметтейтінін айта келіп, Қазақстан Республикасының байрағындағы бейнеленген қыран құстың суретінің терең мағынасы бар екенін түсіндіру қажет.

4. Зерттеу нәтижелері

Нәтижесінде балалардың би өнеріне деген қызығушылық танытуы, оны бар ынтасымен орындауы тікелей би үйретуші мұғалімге байланысты деп тұжырымдаймыз. Яғни, балалардың білім деңгейіне, талантына қарап мұғалімнің

білім беру сапасын көруге болады. Балалардың биді үндестікпен дұрыс орындауы және әнге мән беруі, әнге қарай биді дұрыс орындауы, әннің сәйкес келуі, киімнің дұрыс таңдалуы, тақырыпты аша отырып мағынасын дұрыс жеткізе білуі, балалардың биді өз деңгейінде көрсете алуы ұстазға байланысты. Себебі, әр би арқылы бала бойына ұлттық құндылықты, патриотизмді, өз еліне деген мақтаныш сезімін сіңіруге болады. Би осындай мүмкіндіктерге жол ашатын мықты рухани құрал. «Өскелең ұрпақтың хореографиялық шығарма жасаудың шығармашылық процесіне қатысуы этникалық өзіндік сана мен ұлттық мәдениетті дамытудың қуатты құралы болып табылады, бұл өз кезегінде мемлекетіміздің рухани құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған қазіргі әлеуметтік саясаты аясында маңызды факторға айналады» (Мелехов, 2019: 184).

Би сабақтарының құрылымы, ішкі тәртіптері, әр педагогтың сабақ өткізудегі методикалық әдістері болады. Шетелдік би саласын зерттеуші Стинсонның пайымына сүйенсек, жалпы хореография сабағының құрылымы келесідей болуы тиіс:

1. «Хореографиялық сабаққа дайындық биді жоспарлаудан басталуы керек. Бұл әр түрлі идеяларды білдіру үшін қандай қимылдар жасауға болатындығын көруге мүмкіндік береді.

2. Содан кейін шығармашылыққа еркіндік берілуі қажет. Бұл хореографияға негізделген кез келген объект, идея, музыка, орын немесе баяндау болуы мүмкін.

3. Одан кейінгі кезең нақты би жоспары қалыптасатын уақыт. Сіз өзіңіздің биіңізбен не айтқыңыз келеді немесе бидің не нәрсеге бағытталғанын қалайсыз? Оларды бірнеше рет орындау немесе әртүрлі би элементтерін пайдалану арқылы манипуляциялау арқылы қандай қимылдарға назар аудару маңызды деген сауалдарға жауап табылады.

4. Содан кейін импровизация би жұмысының негізгі мотивін ашады. Оқушылар өз жұмысын қалыптастыра бастағанда нені сақтайтыны, кеңейтетіні, екпін беретіні немесе тастайтыны туралы шешім қабылдайды. Бұл бір немесе бірнеше хореографиялық әдістерді қолдана отырып би қалыптастыруды талқылауға тамаша уақыт.

Оқушылар өздерінің түпкілікті идеяларын талқылай бастағанда, оларға өз жұмыстары туралы ойлануға уақыт қажет және жұмысты жақсарту үшін өзгерістер енгізуге ынталандыру керек. Хореографияның тиімділігін бағалай алатындай етіп олардың өнерін бейнеге жазу жақсы идея. Бидің нақты басы, ортасы және соңы бар ма деген сұрақтарға да назар аудару да маңызды.

Осы кезеңдердің әрқайсысына қанша уақыт жұмсау оқушылардың жасына және олардың дайындық деңгейіне байланысты. Егер олар тапсырмадан жалықса, келесі кезеңге өтіңіз. Олардың тәжірибесі өскен сайын, олар би хореографиясының нәзік бөлшектерін түсіне бастағанда, көркем шығарма жасаудың әр қадамында көбірек уақыт алады» (Stinson, 2012: 18).

Балалар хореографиясында шәкірттер ішкі тәртіпке бағынуы тиіс. Оны би үйретуші ұстаз ұйымдастырады. Қолданыстағы отандық хореографиялық ережелердің өзі тұнып тұрған тәрбие. Мысалы, сабақ барысында мұғалімнің алдын ешқашан кесіп өтпеуге тырысады. Егер бір жақтан екінші жаққа өтуге мәжбүр болған жағдайда еңкейіп, тізесін бүге өтеді. Бұл да дәріс беріп жатқан ұстазға деген сыйластық деп айтуға болады.

Би өнер болғандықтан сұлулықты талап етеді. Сахнаға сұлулық тән. Бірақ сахнаға дейінгі дайындық жүргізу залындағы процесс бүкіл нәтиженің бастауы. Сондықтан оған жете мән беру керек. Балалардың сахнаға дейінгі дайындық залында да бірдей киім киюін талап етеді. Би синхрондық түрде жұмыс жасау керек болғанда әртүрлі киімдер биді тазалау кезінде кедергі келтіреді. Бірдей форма кию бұл балалардың би алаңында тең құқықты екенін білдіреді. Сонымен қатар, биді сахнаға дайындау барысында жіберілген қателіктерді тез көруге көмектеседі. Яғни, бірдей формада киінген балалардың би қимылдарында жіберілген кемшілік болса көзге бірден түседі. Бұл биді «тазалау» процесінде маңызды.

Негізгі балалар хореографиясындағы тәртіпті төмендегідей реттеуге болады:

1. Сәлемдесу. Кез-келген кездесу сәлемнен басталуы тиіс. Мысалы, әскери адамдардың сәлемі оң қолын самайының түсына қойып амандасатыны сияқты хореография тілінде де өзіне тән амандасу түрлері бар. Ол ұлттық биде, заманауи биде, классикалық биде, балет биінде және өзге де би түрлерінде сол бидің ерекшеліктеріне сай қалыптасқан. Оны Ұлттық академияда білім алып жүрген әр оқушы біледі және өмірде жиі қолданады. Бұл үрдіс үлкенді сыйлау, ұстаздарды құрметтеудің көрінісі. Нағыз ұлттық тәрбиенің қайнар көзі.

2. Хореографиядағы жүріс түрлерін үйрету, түсіндіру. Жанымен жүру, алдымен жүру, аяқтың ұшымен жүру, табанмен жүру, тізесін бүге еркін жүру және өзге де жүріс түрлері бар екенін айтып қана қоймай, оның негізін қалау. Бұл дәрістер алғашқы хореографиялық қадамның іргетасы болып табылады.

3. Қол қалыптарын үйрету. Балалар хореографиясында қолданылатын қарапайым қол қимылдарын үйрету және түсіндіру.

Кейін хореографияның жоғарыда айтылған қағидаларды бала бойына сіңірген соң біртіндеп би репертуарына көшуге болады. Биді балаларға үйрету барысында қауіпсіздік мәселелерін де есте сақтаған абзал. Егер биші би қимылдарын дұрыс түсінбесе, бұл дұрыс емес қозғалысты тудырады (Sun, 2020: 282). Би жаттығулары мен қимылдары (Nwaru, 2014: 85) балалардың жас ерекшеліктеріне қарай іріктеледі, кейін би қойылымының тақырыбы таңдалады. Балаларға қойылым тақырыбы түсіндіріледі. Би репертуарын таңдау барысында ұлттық билерге баса назар аудару. Себебі, бала бойына патриотизмді сіңіру осы дәстүрлі билер арқылы жүзеге асырылады. Халық биі - өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің негізгі құралдарының бірі. Халық биі, әдетте, балаларда жағымды сезімдер мен эмоциялар тудырады, маңызды құзыреттерді қалыптастырады. Хореография мұғалімі балаларды билеуге үйретіп қана қоймай, халық биіне, еліміздің рухани құндылықтарына деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін оятуға міндетті. Ұлттық билерді таңдау кезінде де көп нәрсеге мән беру қажет болады. Атап айтса, бидің атауы, оның тарихи мән-мағынасы, киімдердің ұлттық нақыштағы ою-өрнектері.

Әр би мұғалімінің методикалық әдістері болады. Оны әркім өзінің шығармашылық шабытына, білім деңгейіне байланысты жасайды. Осы ретте би мұғалімдеріне бірнеше ұсыныстар айтуға негіз бар. Мысалы, жасы кішкентай балаларға сабақ алдында тәрбиелік мәні бар ұран айтқызуға болар еді. Мысалы, «Біз бақытты баламыз,

әсем билей аламыз.

Өнерлі де батыр ғой,

Қазақ деген бабамыз» – деген сияқты жаттауға жеңіл тақпақтарды ұран ретінде айтқызуға болады немесе дәрісті міндетті түрде Қазақтың әнұранның бір шумағымен бастау сынды түрлі шараларды ойластыруға болады. Мұның барлығы бала бойындағы ұлттық санаға біртіндеп әсер ететіні сөзсіз. Балалар биінде би музыкасының әрбір шығармасының негізінен өз ырғағы болады және ырғағына қарай өзгеріп отырады (Rap, 2019: 3).

«Педагогтың күш-жігері балалардың дүниетанымын, адамгершілік мәдениетін, көркемдік және эстетикалық дамуын қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Себебі, бүлдіршіндердің биге деген қызығушылығын тудыру және оны сақтап қалу күрделі жұмыс» (Женсикбаева, 2023). Балалардың биге деген қызығушылығын тудыру және оны сақтап қалу өзекті мәселе. Оған кері әсерін тигізіп отырған бірнеше факторлар бар. Атап айтса, қазіргі балалар хореографиясындағы кемшіліктердің көбісі келесі себептерден туындайды:

1. Балалар хореографиялық ұжымдарының көпшілігінің сапаға емес, санға жұмыс жасауы.

2. Балалар би сабағына бөлінетін оқу сағатының аздығы. Уақыттың тығыздығына байланысты ұстаздар балалармен би тақырыбы бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізбестен сабақты бастап кетеді. Бірден би қимылдарына кіріскен бала билеп жатқан биінің мағынасын да түсінбейді.

3. Қазіргі коммерциялық би ұйымдарының көбеюі. Ол жерге тәжірибесі жоқ жастарды алып, би үйретеді. Ол жастар биді аз уақыттың ішінде сахнаға алып шығу үшін асығады, себебі қаражат төлеп жатқан ата-анасына жұмысының «нәтижесін» көрсеткісі келеді. Осы жерде бидің сапасы да, қадірі де қашады. Бұл да қазіргі хореография саласындағы өзекті проблемаға айналуға.

Аталған проблемаларды шешу қарапайым педагогтардың қолынан келмейді. Бұл мемлекеттік деңгейде шешілетін мәселе. Сондықтан жоғарыдағы екі мәселе бойынша төмендегі ұсыныстарды айтқымыз келеді. Ең алдымен мектепке дейінгі мекемелерде, мектептерде ырғақ (музыка), би сабақтарының санын көбейту туралы шешім қабылдау қажеттілігі туындайды. Осы ретте, би өнерінің жасөспірімдердің денсаулығына ғана емес, олардың рухани дамуына, ұлттық санасын қалыптастыруына зор ықпал ететінін ескеру керек.

Біздің елімізде би тәрбиесінде оқытудың әр түрлі әдістері бар болса да, нақты оқыту процесінде дағдыларға баса назар аудару, бірақ теорияны елемей, идеологиялық оқытуды қабылдау және жеке оқушылардың айырмашылықтарын ескермеу сияқты көптеген мәселелер әлі де бар (Zhang, 2019: 240). Кез келген бидің ең алдымен баланың рухани болмысына, сондай-ақ өзін-өзі бағалауды арттыруға әсер ететінін ескеру қажет (Jansen, 2013: 418).

Коммерциялық би ұйымдары бойынша ортақ ереже қажет. Оны заң аясында реттеуге, би үйретуші жекеменшік мекемелерге немесе педагогтарға талаптарды күшейту қажет. Ол талаптардың қандай болатынын би саласында жүрген, тәжірибесі мол кәсіби мамандардан құрылған комиссия талқылап, ортақ шешім қабылдаса игі

болар еді. Әрине, бұл ғылыми тұрғыда қазіргі балалар хореографиясының жәй-күйін зерттеу нәтижесінде туған ұсыныс. Оны жүзеге асыру болашақтың еншісінде.

5. Қорытынды

Балалар бойында хореография арқылы қимылдардың жалпы мәдениеті қалыптасады. Уақыт өте бала өз қимылдарын басқаруды және денесін жақсырақ ұстауды үйренеді. Сабақтар қозғалыстардың жалпы үйлесімділігі мен ырғақты сезінуді, музыканы түсінуді және әдемі және тиімді қозғалу қабілетін дамытады. Балалар бір-бірімен араласып, қарым-қатынас жасауды үйренеді, бұл баланың мінезі мен психикасының дамуына жағымды әсер етеді. Бала ерте кезден-ақ ұжымда жұмыс істеуді үйренеді. Би сабағында балалар жұппен жұмыс істеуді де үйренеді, жиі синхронды жаттығулар мен топтық тапсырмаларды орындайды. Хореографияның нәтижесінде бала кез-келген жаңа командада бейімделуде қиындық көрмейді. Сонымен қатар, би зияткерлік қабілеттерге жақсы әсер етеді. Мысалы, мектептегі үлгерім, би мектебіне баратын балалардағы жаңа материалды игеру және есте сақтау қабілеті би сабақтарына бармайтындарға қарағанда әлдеқайда жоғары. Балалардың би арқылы сабақ деңгейінің жақсаруына қатысты нақты статистикалық деректер әр түрлі зерттеулер мен бағдарламаларға байланысты өзгеріп отырады. Дегенмен, жалпы тенденциялар мен нәтижелерді көрсететін төмендегі мәліметтерге назар аударуға болады. Зерттеулер көрсеткендей, балалардың би сабақтарына қатысуы олардың шығармашылық, назар аудару және сыни ойлау дағдыларын 20-30% дейін арттыруы мүмкін. Бұл шығармашылық және когнитивті дағдыларды дамытады. Биге жиі қатысатын балалардың әлеуметтік және эмоционалды дамуы жақсы. Би арқылы сабаққа қатысқан балаларда әлеуметтік дағдылар мен эмоционалдық интеллект деңгейі 15-25% жоғарылайды. Бидің оқу үлгеріміне тікелей қатасы бойынша Қазақстанда нақты зерттеулер болмағанымен, АҚШ-та жүргізілген зерттеулер балалардың хореографиялық өнермен айналысуы олардың оқу үлгеріміне оң әсер ететінін дәлелдейді. Мысалы, би сабақтарына қатысқан балаларда математика мен тіл дамыту пәндерінен үлгерімнің 10-15% жақсаруы байқалған. Яғни, жас деңгейіне байланысты би сабақтары күрделене түскен сайын бала қиялды көбірек қосады және би элементтері мен қимылдарын орындау кезінде импровизацияны үйренеді. Педагогтың басшылығымен бала музыканың табиғаты мен көңіл-күйін тануға үйренеді және оларға сәйкес қозғалуға тырысады.

Хореография сабақтары баланың ұлттық санасына, эстетикалық тәрбиесіне ықпал етеді. Ерте жастан балада жауапкершілік пен отансүйгіштік сезімі оянады. Ол қоғам мен мемлекет алдындағы азаматтық борыш пен жауапкершілікті ынталандыруы мүмкін. Отансүйгіштік қасиет бірлікке шақырып, адамдарды ортақ проблемалар мен қиындықтарға қарсы тұруға тәрбиелейді. Ол ғылыми және технологиялық жетістіктердің драйвері бола алады, елдің өркендеуіне ықпал етеді және оның әлемдегі ықпалын арттырады. Өз елін жақсы көретін балалар оның жетістіктерін мақтан тұтады. Олар өз елі спортта, ғылымда немесе басқа салаларда жетістікке жеткенде өздерін жақсы сезінеді. Мұндай мақтаныш балаларды өз өмірлерінде кемелдікке ұмтылуға ынталандырады және шабыттандырады.

Әдебиеттер:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. – 27.07.2007 ж., №319. [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz>
2. Шарипова Д. Искусство казахов зарубежья: изобразительное, декоративно-прикладное и театральное искусство. – Алматы: Evo Press, 2014. – 528 с.
3. Женисикабаева А. Балаларға эстетикалық тәрбие беруде хореографиялық білім берудің мүмкіндіктері. – «Білім айнасы», [Электрондық ресурс] – URL: <https://bilimainasy.kz>
4. «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. – 20.10. 2008 ж., №70-IV. [Электрондық ресурс] – URL: <https://online.zakon.kz>
5. Қазақ өнерінің тарихы: үш томдық / ред. С. А. Қасқабасов және тағы басқалар. – Алматы: Өнер, 2008, (Мәдени мұра). III-том: XIX ғасыр және XX ғасырдың бірінші жартысы, 1-кітап. – Алматы, 2008. – 607 б.
6. Құндақбайұлы Б. және тағы басқалар. Қазақ өнерінің тарихы. I том. – Алматы: Арқас, 2006. – 394 б.
7. Мелихов А. Современность. Дети: проблема развития детского современного танца в Уральском регионе. – М.: Педагогическое образование в России, – 2019. – №9. – С. 182-185. DOI 10.26170/po19-09-25
8. Ожегов С. Словарь русского языка. – М.: Русский язык, – 1986. – С.543.
9. Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы. 15.04.2019 ж., №145. [Электрондық ресурс] – URL: <https://online.zakon.kz>
10. Huo, Y. (2023) Comparative Evolution of Chinese Classical Dance and Russian Classical Ballet Training Systems: From Historical Roots to Distinctive Styles. *Open Journal of Social Sciences*, 11. P. 440-450. doi: 10.4236/jss.2023.1111030.
11. Jansen, P., Kellner, J. and Rieder, C. (2013) The Improvement of Mental Rotation Performance in Second Graders after Creative Dance Training. *Creative Education*, 4. P. 418-422. doi: 10.4236/ce.2013.46060.
12. Milne P. Rhythmoplasty in kindergarten: development methodology. Дата: 2023-07-28 <https://babymagazinclub.com>
13. Nwaru, C. (2014) Synergism of Dance Theory and Practice: The Requisite for Dance Development in Nigeria. *Art and Design Review*, 2. P.85-90. doi: 10.4236/adr.2014.24011.
14. Ran, W. (2019) Research on How to Strengthen College Students' Mastering of Skill Elements of Line Dance. *Open Access Library Journal*, 6, 1-7. doi: 10.4236/oalib.1105645.
15. Stinson S., et al. Dance, young people and change: Proceedings of the daCi and WDA Global Dance Summit. Taipei National University of the Arts, Taiwan, July 14th – 20th 2012. ISBN 978-1-875255-19-1. <http://www.ausdance.org/>
16. Sun, W. (2020) Injuries in Contemporary Dance. *Advances in Physical Education*, 10, 282-292. doi:10.4236/ape.2020.103023.
17. Tuyakoval A. (2018). FORMATION OF PATRIOTISM IN THE FRAMEWORK OF THE PROGRAM “RUHANI ZHANGYRU” AS A HISTORICAL FACTOR OF THE DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN. Научный журнал «Доклады НАН РК», (5), 111–115. <https://doi.org/10.32014/2018.2518-1483.17>
18. Zhang, L. (2019) The Problems and Solutions of Dance Education in Universities. *Open Journal of Social Sciences*, 7. P. 240-245. doi: 10.4236/jss.2019.75021.
19. Zheng, H., Komatsu, S., Aoki, K. and Kato, C. (2020) Analysis of the Impressions before and after Appreciation of Japanese, Chinese and Korean Traditional Dance Based on Text Mining. *Psychology*, 11. P. 845-864. doi: 10.4236/psych.2020.116055.

References:

1. Law of the Republic of Kazakhstan “On Education,” No. 319 of July 27, 2007 [online]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz>. (in Kaz.).
2. Sharipova D. *The Art of Kazakhs Abroad: Fine, Decorative, Applied and Theatrical Art*. Almaty: Evo Press, 2014. 528 p. (in Russ.).

3. Zhenskibaeva A. *Possibilities of Choreographic Education in Aesthetic Education of Children* [online]. Mirror of Knowledge. Available at: <https://bilimainasy.kz>. (in Kaz.).
4. Law of the Republic of Kazakhstan "On the Assembly of People of Kazakhstan," No. 70IV of October 20, 2008 [online]. Available at: <https://online.zakon.kz>. (in Kaz.).
5. Kaskabasov S. A. (Ed.), et al. *History of Kazakh Art. Volume III: 19th Century and First Half of the 20th Century, Book I*. Almaty: Art Publishers, 2008. 607 p. (in Kaz.).
6. Kundakbaevich B., et al. *History of Kazakh Art. Volume I*. Almaty: Arkas, 2006. 394 p. (in Kaz.).
7. Melikhov A. "Modernity. Children: The Problem of the Development of Children's Modern Dance in the Ural Region." *Pedagogical Education in Russia*, no. 9, 2019, pp. 182–185. <https://doi.org/10.26170/po19-09-25>. (in Russ.).
8. Ozhegov S. *Russian Dictionary*. Moscow: Russkiy Yazyk, 1986. 543 p. (in Russ.).
9. Order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan No. 145 of April 15, 2019, "On Approval of the Conceptual Foundations of Education in the Context of the 'Ruhani Zhangyru' Program" [online]. Available at: <https://online.zakon.kz>. (in Kaz.).
10. Huo Y. "Comparative Evolution of Chinese Classical Dance and Russian Classical Ballet Training Systems: From Historical Roots to Distinctive Styles." *Open Journal of Social Sciences*, vol. 11, 2023, pp. 440–450. <https://doi.org/10.4236/jss.2023.1111030>. (in Eng.).
11. Jansen P., Kellner J., & Rieder C. "The Improvement of Mental Rotation Performance in Second Graders after Creative Dance Training." *Creative Education*, vol. 4, 2013, pp. 418–422. <https://doi.org/10.4236/ce.2013.46060>. (in Eng.).
12. Milne P. "Rhythmoplasty in Kindergarten: Development Methodology." *Baby Magazin Club* [online], 2023. Available at: <https://babymagazinclub.com>. (in Eng.).
13. Nwaru C. "Synergism of Dance Theory and Practice: The Requisite for Dance Development in Nigeria." *Art and Design Review*, vol. 2, 2014, pp. 85–90. <https://doi.org/10.4236/adr.2014.24011>. (in Eng.).
14. Ran W. "Research on How to Strengthen College Students' Mastering of Skill Elements of Line Dance." *Open Access Library Journal*, vol. 6, 2019, pp. 1–7. <https://doi.org/10.4236/oalib.1105645>. (in Eng.).
15. Stinson S., et al. *Dance, Young People and Change: Proceedings of the daCi and WDA Global Dance Summit*, Taipei National University of the Arts, Taiwan, July 14–20, 2012. Taipei: TNUA Press, 2012. ISBN 978-1-875255-19-1. <http://www.ausdance.org/>. (in Eng.).
16. Sun W. "Injuries in Contemporary Dance." *Advances in Physical Education*, vol. 10, 2020, pp. 282–292. <https://doi.org/10.4236/ape.2020.103023>. (in Eng.).
17. Tuyakoval A. "Formation of Patriotism in the Framework of the Program 'Ruhani Zhangyru' as a Historical Factor of the Development of Kazakhstan." *Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*, no. 5, 2018, pp. 111–115. <https://doi.org/10.32014/2018.2518-1483.17>. (in Eng.).
18. Zhang L. "The Problems and Solutions of Dance Education in Universities." *Open Journal of Social Sciences*, vol. 7, 2019, pp. 240–245. <https://doi.org/10.4236/jss.2019.75021>. (in Eng.).
19. Zheng H., Komatsu, S., Aoki, K., & Kato, C. "Analysis of the Impressions before and after Appreciation of Japanese, Chinese and Korean Traditional Dance Based on Text Mining." *Psychology*, vol. 11, 2020, pp. 845–864. <https://doi.org/10.4236/psych.2020.116055>. (in Eng.).

А.Е. Абенова^{1*}, Б.К. Нұрпейіс²

^{1,2}Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹aabenova94@mail.ru, ²bakyt_n_70@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-5470-6602, ²0000-0002-7431-7233

РЭЙ КУНИ КОМЕДИЯЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ТЕАТРАРЫНДАҒЫ САХНАЛЫҚ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Бұл мақалада ағылшын драматургы Рэй Куні комедияларының Қазақстан театрларындағы сахналану үрдісі сараланған. Драматург пьесалары соңғы 30 жылда әлемнің 40 елінің театрында жарық көрді. Соңғы уақыттарда оның комедиялары қазақ сахнасынан да орын алып үлгерді. Аталмыш жұмыста М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрында қойылған Р.Кунидің «Күлкілі ақша» және «Astana Musical» Мемлекеттік театрындағы «№ 13» комедиясының сахналық көрінісі кеңінен талданды. Зерттеу жұмысының басты мақсаты аталған пьесалардың Қазақстан театрларында қалай қойылғаны, режиссерлік трактовка, актерлік ойын, қозғайтын тақырыбының өзектілігі, сахналану ерекшелігін анықтау болып табылады. М.Горький атындағы орыс драма театрында сахналанған Р.Кунидің «Күлкілі ақша» комедиясы өткір юморымен, жарқын бейнелерімен, өміршең тақырыпты тереңінен қозғауымен құнды болды. А.Терехин актерлерге шығармашылық еркіндік беріп, олардың суырыпсалмалық, дауыс, пластика арқылы комедиялық әрекетті шебер жеткізуіне жол ашқан. Қойылым адалдық пен арамдық, парасат пен пасықтық секілді адам болмысының қарама-қайшылығын ашып көрсетеді. «№ 13» спектаклінде режиссер Есләм Нұртазин заманауи тәсілмен пластика, музыка мен сахналық қимылды үйлестіріп, актерлердің комедия мен мюзикл элементтерін шебер біріктірген. Екі қойылым да өзіндік ырғақ-екпінмен, түрлі тақырыптарды жаңа пішінде сахналауымен дараланды. Ең бастысы, Р.Куні комедияларының қазақстандық көрермендердің жүрегіне жақын әрі кез келген театр ұжымы үшін актерлік мектепті шыңдаудың жоғары көрсеткішіне айналған туындылар болып табылатыны зерттелді.

Кілт сөздер. Ағылшын драматургиясы, комедия, режиссура, актер, спектакль, кейіпкер, идея, бейне.

А.Е. Абенова^{1*}, Б.К. Нұрпейіс²

^{1,2}Казахская национальная академия искусств имени Т.Жургенова, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹aabenova94@mail.ru, ²bakyt_n_70@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-5470-6602, ²0000-0002-7431-7233

СЦЕНИЧЕСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ КОМЕДИЙ РЭЙ КУНИ В ТЕАТРАХ КАЗАХСТАНА

Аннотация. В данной статье проанализированы тенденции постановки комедий английского драматурга Рэя Куні в театрах Казахстана. Пьесы драматурга за последние 30 лет были опубликованы в театрах 40 стран мира. В последнее время его комедии заняли место и на казахской сцене. В данной работе всесторонне проанализированы сценические постановки комедии Р. Куні «Смешные деньги» в Государственном академическом русском драматическом театре им. М. Горького и «№ 13» в Государственном театре «Astana Musical». Основной целью исследовательской работы является определение специфики постановки, режиссерской трактовки, актерской игры, актуальности затрагиваемой темы, на каком уровне поставлены эти пьесы на театральных сценах Казахстана. Комедия Р. Куні «Смешные деньги», поставленная на сцене Русского академического драматического

театра имени М. Горького, ценна своим острым юмором, яркими образами и глубоким раскрытием актуальной темы. Режиссёр А. Терехин предоставил актёрам творческую свободу, что позволило им мастерски передать комедийное действие с помощью импровизации, голоса и пластики. Постановка ярко демонстрирует противоречивую природу человеческой сущности – честность и коварство, благородство и низость. В спектакле «№ 13» режиссёр Еслям Нуртазин с современным подходом удачно соединил пластику, музыку и сценическое движение, виртуозно интегрируя элементы комедии и мюзикла в актёрскую игру. Обе постановки были индивидуализированы своим ритмическим акцентом, постановкой различных тем в новой форме. Самое главное, было исследовано, что комедии Р. Куни являются произведениями, близкими сердцам казахстанских зрителей и ставшими для любого театрального коллектива высоким показателем совершенствования актерской школы.

Ключевые слова. Английская драма, комедия, режиссура, актер, спектакль, персонаж, идея, образ.

A.E. Abenova¹*, B.K. Nurpeyis²

^{1,2}T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: ¹aabenova94@mail.ru, ²bakytin_70@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-5470-6602, ²0000-0002-7431-7233

STAGE INTERPRETATION OF RAY COONEY COMEDIES IN THEATERS OF KAZAKHSTAN

Abstract. This article analyzes the trends in the staging of comedies by English playwright Ray Cooney in theaters in Kazakhstan. The playwright's plays have been published in theaters in 40 countries over the past 30 years. Recently, his comedies have taken their place on the Kazakh stage. In this work, the stage productions of R. Kuni's comedy «Funny Money» at the Gorky State Academic Russian Drama Theater and «No. 13» at the Astana Musical State Theater are comprehensively analyzed. The main purpose of the research work is to determine the specifics of the production, director's interpretation, acting, the relevance of the topic concerned, at what level these plays are staged on the theatrical stages of Kazakhstan. The comedy Funny Money by Ray Cooney, staged at the M. Gorky Russian Academic Drama Theatre, stands out for its sharp humor, vivid characters, and deep exploration of a relevant theme. Director A. Terekhin granted the actors creative freedom, allowing them to skillfully convey comedic action through improvisation, voice, and physicality. The performance effectively reveals the contradictions of human nature – honesty and deceit, nobility and baseness. In the play Out of Order «No. 13», director Eslam Nurtazin skillfully combined movement, music, and stage dynamics using a modern approach, successfully integrating elements of comedy and musical theatre into the actors' performances. Both productions were individualized by their rhythmic emphasis, the staging of various themes in a new form. Most importantly, it was investigated that R. Kuni's comedies are works close to the hearts of Kazakhstani viewers and have become a high indicator of the improvement of the acting school for any theater group.

Keywords. English drama, comedy, directing, actor, performance, character, idea, image.

1. Кіріспе

Бүгінгі күні қазақ театрларында ағылшын драматургиясының аясы кеңеюде. Өлемдік театр деңгейіндегі шығармалардың қазақ сахнасында жиі қойылуы театрымыздың көркейіп, дамуына бірден-бір ықпал жасайтыны кәдік. Соңғы уақыттарда театрларымыздың бет алысы мен бағдары жаңаша серпін беріп, заманауи режиссерлік, актерлік шығармашылық өркендеп жатыр. Осы орайда ағылшынның озық трагедияларымен қатар комедиялары да кеңінен қойылып жүр.

Ағылшын драматургиясының ерекшелігі жөнінде Джон Драйден: «Наши пьесы помимо основного имеет еще и побочные действия, разыгрываемые второстепенными

персонажами и захватываемые движением основного сюжета подобно тому, как орбиты неподвижных звезд и вращающихся планет, несмотря на наличие собственного движения, вращаются еще и вместе с *primummobile*. Это сравнение хорошо выражает характер английской сцены; ибо если в природе противоположные движения могут быть согласованы между собой, если планета в одно и то же время может двигаться и на запад, благодаря собственному движению, и на восток, вместе с девятой сферой, то нетрудно себе представить, каким образом побочная интрига, которая лишь отлична от основной, а не противоположна ей, может быть естественным образом развита параллельно основной», – деп (Драйден, 1980: 227) тұжырым жасайды.

Ағылшын драматургиясының ерекшелігін саралай келе біз трагедия жанрында жазған біршама драматургтердің есімдеріне жақсы қанықпыз, атап айтқанда: Кристофер Марло, атакты Уильям Шекспир, Джордж Чепмен, Томас Деккер, Томас Хейвуд, т.б. Дегенмен, бұл зерттеуде қазақ театрындағы ағылшын драматургиясындағы комедия жанрында жазған драматургтерге тоқталатын боламыз. У.Шекспирден кейінгі жылдарда ағылшын драматургиясында комедия жанрын жандандырғандардың бірі – Бен Джонсон екені анық. «Джонсон (Бен) – крупнейший драматург-сатирик своей эпохи. ... Извращающая роль денег, деформирующих человеческий характер, продемонстрировано здесь с огромной реалистической убедительностью. Единство глубокого идейного замысла и отточенной драматургической техники явилось результатом большой и подлинно творческой работы Джонсона» (Уэбстер, Бомонт, Джонсон, Флетчер, Чапмен, Деккер, Хейвуд, Мессинджер, Шерли, 1959: 20). Яғни, Б.Джонсон комедиялары адам мінез-құлқын өзгертуге ықпал ететін ақша тақырыбын қозғау арқылы адамзатқа ортақ мәселелерді көтерген. Оның драматургиясындағы терең ой мен мықты техника комедия жанрында жетістікке жетуге әсер еткен.

Ал, XX ғасырда ағылшынның ұлы драматургі, Нобель сыйлығының иегері Б.Шоудың комедия жанрында жазған атакты «Пигмалион», «Фаннидің бірінші пьесасы» комедиялары үлкен танымалдылыққа ие болып, әлемнің көптеген театрларында сахналанды.

Бүгінгі таңда есімі дүниежүзіне жақсы танылған ағылшын драматургы Рэймонд Джордж Альфред Рэй Кунидің драматургиясы театр сахналарынан жарқырап көрінеді. Бүкіл әлем бойынша жиі қойылып жүрген драматург комедияларының сыры неде деген сұрақтың туындауы түсінікті жайт. Драматург комедиясын орыс тіліне аударған Михаил Мишин: «Комедия – самый сложный жанр. Единственный, который дает зрителю обязательство вперед. Когда вы идете на трагический или драматический спектакль, вам ничего конкретно не обещают, а написано «комедия» – значит, вам дают обязательство, что за время спектакля вы хотя бы пару раз улыбнетесь. И это обещание надо выполнить. И желательно достойными средствами, не снимая на сцене штаны и обходясь без мата, который уже многие путают с остроумием. Что касается Куни, то его пьесы идут более чем в 40 странах. Он мастер своего дела. А его дело – комедия положений. Фарс. В лучших своих вещах он все закручивает с такой лихостью и легкостью, что диву даешься...», – деп оның шығармашылығындағы ерекшелікті анықтап, дөп басқан. (Мишин, 2024). Егер драматург пьесаларына терең үңілетін болсақ, оның комедиялары өткір тілді,

оқиғасы жылдам дамуымен, күтпеген тосын жағдайлардан тұруымен, оқиғалардың шиеленісе түсуімен өзекті. Кейіпкерлерінің түсініспеушілікке, қателікке және комедиялық жағдайларға түсу арқылы көрерменнің ыстық ықыласына бөленеді. Рэй Куни шығармалары әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай жоғары деңгейде бағаланып, танымал сахналарда қойылуда. Ол жайында атақты британдық театр үрдісін саралаушы журнал ерекше атап өткен: «Gone are the days when a farce, even when it is by a master of the genre such as Ray Cooney, can have a two-year run in the West End. But that does not mean his plays can no longer make audiences laugh (Орме, 2022).

Драматургтың комедиялық кейіпкерлері әрдайым күтпеген кедергілерге тап болып, одан шыға алмай, басы дауға қалып, комедиялық жағдайларға ұшырайды. Мысалы, «Күлкілі ақша» пьесасында тауып алған ақшасымен бас кейіпкерлер бақытты бола салатындай көрінгенмен, бір пәтерден шыға алмайтын шым-шытырық оқиғаларға тап болуымен қызықты әрі күлкілі болып келеді. Сонымен қатар, Р.Кунидің драматургиясында оқиғалар екпінінің динамикалық өсуі тез, қаһармандары жылдам ойлайды, олар әрекет атмосферасын жасауымен ерекшеленеді. Оның қаһармандары есте қаларлықтай жарқын бейнелер болуымен де, әр кейіпкердің өзіне тән қылығы мен мінезі сай келуімен де дараланады. Ал, олардың оқыс жағдайларға тап болуы комедия қалпын жандандыра түседі. Жалғанның шырмауына іліккен жағдайдан қалай шығатындары одан сайын қызықтырады.

Ерекше атап өтетін жәйт, Рэй Куни өзі де керемет комедиялық актер ретінде бүкіл әлемге танылғаны мәлім. «Күлкілі ақша» комедиясының басыт кейіпкердің бірін тамаша сомдап, көптеген шетел театртанушылардың жоғары бағалауына ие болған. Әйгілі Chikago Reader журналы Рэй Кунидың шытырман оқиға желісінде виртуозды ойыны мен күлкілі кейіпкерлердің сахнада өзара актерлік үйлесімді орын табуы жайында: «Playing Benny Hill to Orton's Monty Python, Cooney always pandered to his middle-aged, middle-class Brit and American tourist audience: in his plays money is sacred, sex is something to snicker at, the appearance of propriety is everything, and if the plot involves a beautiful young woman, chances are she'll be nearly nude and cowering in a closet or on a window ledge before the play's end», – деп айтқан (Хельбиг, 2000).

Р.Куни пьесаларының тілі өткір, сатиралық, ирониялық әзіл-қалжыңға толы. Қаһармандар жылдам әрі нақты сөйлеп, бір-біріне кедергі келтіруі қарым-қатынасты күшейтіп, динамиканы арттырады. Оның пьесалары тар кеңістікте көбінесе, пәтерде болмаса қонақ үйдің бөлмесінде өтеді. Кейіпкерлер сол шеңберден шыға алмай, бір орында отырыперіксіз араласады және алдарынан кездесетін кедергілерді жеңіп шығуға ұмтылады. Онымен қоса Р.Кунидің драматургиясы күтпеген бұрылыстарымен ерекшеленеді. Көрермен қауым оқиғаның қалай өрбитінін айқындай алмай соңын білуге құштарлық танытады. Бұл тәсіл Р.Куни пьесаларының бүкіл дүниежүзіне танымал болуының басты кілтін айналады.

2. Материалдар мен әдістер

Ғылыми жұмыста Р.Кунидің «Күлкілі ақша» және «№13» комедияларын сахналаған режиссерлер Артем Терехин мен Есләм Нұртазиннің режиссерлік шешімдері басты назарға алынды. М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма

театры мен «Astana Musical» Мемлекеттік театрының шығармашылық жұмысы, актерлік ойындары, режиссердің кейіпкерлерді айқындау үлгісі қарастырылды.

2.1. Зерттеу әдістері

Ғылыми жұмыста драматургтің негізгі идеясы айқындалып, оның комедиялары бойынша қойылған спектакльдерге талдаулар жасалды. Спектакльдерді зерттеу барысында актерлердің көркемдік-эстетикалық ізденістері айқындалып, режиссерлердің сахналық-көркемдік шешімдеріне саралау жұмыстары жүргізілді. А.Терехин мен Е.Нұртазин сөз әрекетінің түп тамырына терең үңіліп орындаушылардың үндік бояуын, дауыс екпінін, психологиялық кідірістерін комедия жанрына лайық тапқаны салыстырмалы зерттелді. Соған байланысты Рэй Куни драматургиясындағы психологизм, адам жанының құбылысын берудегі ерекшеліктер екі қойылымда да жоғары деңгейге көтерілгені театртанушылық талдау арқылы зерделенді.

Зерттеу нысанына қарай талданған қойылымдардың көркемдік маңыздылығын анықтау мақсатында ғылыми жүйелеу, кешенді зерттеу және салыстырмалы-сараптамалық әдістер пайдаланылды.

2.2. Материалға сипаттама

Мақаланың ғылыми-теориялық негізі ретінде ағылшын драматургиясы турасында зерттеу жүргізген Дж.Драйденнің еңбектері, Р.Кунидің комедияларын орыс тіліне аударған Михаил Мишиннің және де Р.Кунидің шығармашылығын зерттеген әдебиеттанушы ғалымдардың және ағылшын драматургиясы мен театры жөнінде зерттеулер жүргізген театртанушы ғалымдар мен БАҚ өкілдерінің қойылымдарға сипаттама мен талдаулар жүргізген еңбектері пайдаланылды. Ағылшын драматургиясының қазақ сахнасында қойылуы, режиссерлік және актерлік жұмыстар туралы зерделенген аталмыш еңбектердің маңызы зор. Сонымен қатар А.Кизилев, С.Ефремов, К.Райкин, В.Крайнов, В.Машков сынды Р.Кунидің пьесаларын сахналаған режиссерлердің баспасөз беттеріндегі сұхбаттары мен еңбектері, екі қойылым туралы жазылған мақалалар мен ғылыми жұмыстар қолданылды.

3. Талқылау

М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрының сахнасында Рэй Кунидің «Күлкілі ақша» комедиясының премьерасы 2017 жылдың 20 желтоқсан күні өтті. Спектакльдің режиссері – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері А.Терехин, қойылым суретшісі – Қанат Максұтов, киім суретшісі – Алма Сырбаева, музыкамен көркемдеген – Найля Терехина, балетмейстер – Роза Белгібаева.

Р.Кунидің комедияларының ішінде ұжымның неге дәл осы шығармасын таңдады деген сұрақтың жауабын қойылымда Джейн Перкинс рөлін кейіптеген Светлана Фортунаның сұхбатынан таба аламыз: «Комедия «Смешные деньги» была выбрана среди других произведений Р.Куни именно потому, что она не такая заезженная как скажем «Номер 13» или «Слишком женатый таксист», которые ставятся в более чем 40 странах мира. Сюжет комедии положений, нереалистические ситуации – его фишка; очень часто герои выдают себя не за того, кем являются на самом деле и все это более завязывает сюжет, захватывает зрителя. Сейчас очень велика потребность в комедии

не только в мире, но и в нашем государстве, потому что жизнь очень напряженная, поэтому люди любят прийти и просто отдохнуть, ни о чем не думать, расслабиться» (Әдебиет порталы, 2017). Актриса комедия жанрының бүгінгі көрермендер үшін аса қажеттігін тура айтқан.

Ал, сценографияға келсек, режиссер мен қоюшы суретшінің бірлескен жұмысында минимализмге көп көңіл бөлген. Кіші залда жүретін қойылымда актерлер еркін ойнап, көрермендермен бірге тыныстайды. Суретшінің жұмысынан ағылшын пәтерлерінің жиһаздармен жабдықталу үлгісі байқалады. Оқиға орны тек бір ғана Перкинстердің пәтерінде өтетіндігін суретші назарда ұстаған. Ал, актерлердің киімдері әр кейіпкердің мінез ерекшелігіне сай етіп таңдалғаны аңғарылады.

Спектакль Генридің чемоданын құшақтап келіп, диванға селсоқ отырған кезінен басталады. Барселонаға билет алып, аэропортқа дейін такси шақырып бірге кетуге дайын отырған әйелі ерінің абыржыған түріне қарап: «Не боп қалды, Генри?» деп қарсы алады. Ол түкке түсінбеген әйеліне істің мән-жайын үстелдің үстіне қойған чемоданнан біліп ал дегендей ыңғай танытады. Генри Перкинс рөліндегі Александр Корженко кездейсоқ оқиғаға тап болған кейіпкерінің психологиялық ерекшелігін дөп басқан. Актер оқыстан ақша тауып алған адамның одан айырылып қалу қаупі өлімнен де ауыр екенін әрбір қимылымен ұғындырып отырады.

Ақша мәселесі комедия жанрында үлкен рөл ойнайтыны баяғыдан белгілі. Әсіресе, ертедегі рим драматургі Плавттың «Қазына», Мольердің «Сараң» секілді комедияларынан бастау алған әдіс ағылшын драматургы Р.Кунидің аталмыш пьесасында жалғасын тапқан. Өмірінде көрмеген 1750 фунт стерлингтің иесі болып шыға келген Генри қаржыдан айырылмаудың басты жолы алысқа кету деп білсе де, оның мақсатына кереғар жағдайлардың тууы қойылым оқиғасына қызықтырып әкетеді.

Джейн Перкинс рөліндегі Светлана Фортуна күйеуі тауып әкелген ақшаға бастапқыда күмәнмен қараған әйелдің секемшілдігін қас-қабағымен ұқтыра алды. Джейннің ойы инспектор Дэвенпорт – Иван Анопченко пен телефон арқылы шақырылған таксист Биллдің (Генри оны қасақана Бен деп атайды) – Максим Яценко келуімен өзгереді. Дэвенпорттың алдында Барселонға кететіндерін білдіртпеу мақсатында Джейн өтірік айтуға мәжбүр болады. Ол әпкесінің де күйеуінің де аттарын ойдан шығарып, соларды аэропортқа шығарып салатынын мәлімдейді. Чемоданға толып тұрған ақшаныюларға білдірмес үшін ойын лезде өзгерте қалған әйелдің ішкі қобалжуын актриса иланымды бедерледі. Сонымен қоса айтылған өтіріктің соңы қалай аяқталатыны көрермендерді қызықтыра түседі. Себебі, оның амалсыздан айтқан өтірігін Генридің естімей қалуы сахнадағы оқиғаны ширата түседі. Осы тұста біз Р.Кунидің комедиялары мен француз драматургы М.Камолеттінің пьесаларындағы ұқсастық барын аңғарамыз. Басы, жалғасы, өтіріктен туындаған өтіріктің шым-шытырық оқиғаға айналып, кейіпкерлердің тығырықтан қалай шығатынын бақылайтын сәттер арасында ұқсастықтың бары рас: «Драматургия Рэя Куни и Марка Камолетти – офисный юмор, их адресат – менеджер среднего звена в урбанистической цивилизации. Принцип комизма всех пьес неизменно произрастает из психоза хорошо организованного менеджера: когда расписание, утвержденное и

разработанное, начинает ломаться, события наслаиваются друг на друга, ситуации перемешиваются, текстуры налезает друг на друга. Герой в драматургии Кун и Камолетти полностью детерминирован служебным графиком, сущность его действий выражает предустановленная математика жизни, распорядок дня. И если уж появляется вынужденная ложь, то эта ложь запланирована, она является допустимой погрешностью», – деген ойына толық қосыламыз (Руднев, 2015).

Инспектор Генридің бардағы оғаш қылығы үшін келгенін мәлімдейді. Генри одан тезірек құтылу үшін ғана еркектерге тиістім деп мойындайды. Сонымен қоса Джейннің туған күніне келген достары Виктор Джонсон – Игорь Седин мен Бетти Джонсонға – Маргарита Мухамедиева тауып алған ақша жайында айтып қоюы оқиғаны одан сайын ушықтыра түседі. Осындай күтпеген жағдайдың орын алуы күлкі тудырып, спектакльдің ырғақ, екпінінің шапшаңдауына ықпал етті.

Слейтон рөліндегі Болат Кирибаевтің келуін режиссер қызық шешкен. Ол сахнаға шыққан кезде найзағайдың жалтылдауы үйге қауіпті адамның келгенін білдіреді. Бірақ ары қарата режиссер Слейтон әрекетін күлкілі жағдайды жандандыра түсуге пайдалана алмаған.

Спектакльдегі барлық оқиғалар Генридің төңірегіне құрылған. Ақшаны тауып алған сол болғандықтан, туған күнге келген достары да, таксист те, айталы Дэвенпорт та оның айтқан өтірігіне келіседі, себебі бәрінің ойында ақшадан үлес алуға деген дәмелері байқалады. Тіпті Бетти күйеуін тастап, онымен Барселонаға кетуге келісім беруі ойға қонымсыз болса да, шындық. Ақша құлқынын тесіп бара жатқан әйел тіпті мейірімді болып, Джейн мен Виктордың бірге болуын құптайды. Осындай күлкілі жағдайларды Р.Куні әдемі әзіл деңгейіне жеткізіп, комедиялық оқиғаға арқау еткен.

Қойылымның шарықтау шегі – чемоданның ауысуы. Нағыз хаостық жағдай сол жерде орын алады. Генри – А.Корженко есінен шатасқан адамдай сықылықтап күліп, шарасыздығын білдіреді. Генридің «өлі» денесін тануға әйелін алып кетуге келген Слейтонды басқалары мылжың сөзбен ұзақ ұстауға кіріседі. Үйдегі жағдайдан бейхабар «оңтүстіктің» инспекторы шуылдан басы айналып, шарасыз күйге түседі. Генри мен Джейн, Дэвенпорт та, таксист те Слейтонға өтірікті шынға бергісіз етіп айтады.

Спектакль соңында оқиғаға араласатын чемоданның иесі, қолына қару ұстап келген қарақшының сахнаға не себептен шыққаны, мақсатымен міндеті режиссер тарапынан айқындалмаған. Себебі оның сахнаға шығуынан ешнәрсе өзгермейді.

«Күлкілі ақша» комедиясы актерлердің ойынан сурыпсалмалықты қажет ететін туынды. Себебі тығырықтан шығу, қиындыққа тап болу, өтіріктің артындағы өтірікті жалғау актерлік ойынды жандандыруға, дамытуға көп септігін тигізеді. Мұндай комедиялардың Қазақстан театрларында көбірек қойылғанын құптаймыз. Өйткені кейіпкердің эмоциялық көңіл-күйін сезініп, дене қимылы мен пластикаға сәйкестендіру актерден мол ізденісті қажет етеді. Эмоциялар мен сезімдерді іс-әрекетке айналдыру актердің қиялында жанданған кезде ғана көрерменді сендіре алады. Бұл режиссер талап ететін дұрыс физикалық әрекетті нақты табумен бірге, сөз әрекетін психикалық әрекеттермен байланыстыра отырып, ұсынылған жағдайларда өз басынан кешкендей денесінен өткізеді. Олай болса комедия жанрында ойнау

актер шеберлігін дамытып, шындап отырады. Көрерменді өтірік күлдіре алмайсың. Ол үшін драматургиялық иірімдерді жіті түсініп, оқиғалардың құрылымын, әр сахнаның мақсатын айқындап алу қажет. Осы орайда актерлердің берілген режиссер тапсырмасын дәл тауып, спектакльдің тұтастығына мықты жұмыс жасағанын атап өткен жөн. Әсіресе, бас кейіпкер Генри Перкинс рөліндегі А. Корженко өз кейіпкерін терең зерттегені бірден аңғарылады. Оның ойыны күлкілі әрекеттерге құрылған. Бір чемодан ақшаға ие болған Генридің психологиялық өзгерістерін шеберлікпен көрсетті. Есік қағылған сайын уайымнан дірілдеп, жанын қоярға жер таппаған жігіттің қорқынышын бет-жүзін құбылту арқылы білдірді.

Қойылымда өнер көрсеткен басқа актерлердің ойыны турасында спектакльді көріп, пікір білдірген Влада Гук: «Актёрский ансамбль и в самом деле демонстрирует сыгранность почти музыкальную: каждый ведёт свою партию, чудесным образом оттеняя друг друга. Например, Болат Кирибаев в роли честного инспектора Слейтона выдаёт роскошную гамму чувств: от глубокого прискорбия до кипящей ярости. А инспектор Дэвенпорт Ивана Анопченко – напротив, ходячее хладнокровие и чувство собственного достоинства: с этим чувством он и врет, и требует взятки. Игорь Седин и Маргарита Мухаметдиева, играя друзей семьи Перкинс – Виктора и Бетти Джонсонов, – как и полагается друзьям главных героев, берут на себя большую часть эксцентрики. Таксист Билл в исполнении Максима Ященко «свеж, как редис, и незатейлив, как грабли»» (Гук, 2017). Бұдан актерлік ансамбльдің дұрыс құрылғанына және қойылымға қатысқан әрбір актердің өз кейіпкеріне тән мінез ерекшелігін тура тапқанына көзіміз жетеді.

Қорытындылай келе, Р.Кунидің «Күлкілі ақша» туындысы М.Горький атындағы орыс драма театрының репертуарын толықтырып, комедия жанрындағы көркемдік құндылығы жоғары спектакльдерінің біріне айналды.

Р.Кунидің комедияларының ішінде үлкен жетістікке жеткен пьесасы – «№13». Аталмыш комедияның танымалдылығы сонша 1999 жылы Лоуренс Оливье сыйлығына ие болса, 2000 жылы Еуропадағы «Ең үздік комедия» деген номинацияны жеңіп алған. Әлемге әйгілі комедия «Astana Musical» Мемлекеттік театрында 2019 жылдың 27 наурыз күні қойылды. Спектакльдің режиссері – Есләм Нұртазин, қоюшы суретшісі – Ерлан Тұяқов болды.

Драматургтің «№13» комедиясы жарқын кейіпкерлерімен, қызықты, күлкілі жағдайлардың жылдам әрі тартысты болуымен, күтпеген жағдайлардың орын алуымен күлкі тудырады. Режиссер Владимир Машков: «Театр – удивительное место, где спектакль рождается, особенно комедия, особенно комедия-фарс, трагифарс, рождается только на зрителе, когда вот эти невидимые нити между актером и зрителем налажаются. Тогда и рождается спектакль, они неповторимы, также как и джаз» (Юрьева, 2014) деген. Шынымен де, комедиялары классикаға айналып кеткен Р.Кунидің пьесалары Қазақстан театрларының сахнасында да жаңаша түлеп, арқалы актерлердің шабытымен құлпырып ойналды. Драматургтің ерекшелігіне сай «№13» комедиясының оқиғасы бір ғана кеңістікте қонақ үйдің бөлмесінде өтеді. Осынау танымал комедия еліміздің бірнеше театрларында қойылды. Солардың арасында Қазақстандағы алғашқы мюзикл театрында Е.Нұртазиннің режиссурасымен

заманауи жаңаша көзқараста қойылған спектакльді бөліп айтқан орынды. «Astana Musical» Мемлекеттік театрының көркемдік жетекшісі Әділет Әбдіқадыров: «Спектакль қойылған кезде негізі 50 пайызын ұжым ойнап шықса, қалған 50 пайызы драматургияға байланысты», – деп тұжырымдайды (Ерғалиева, Шакубаев, Төлебек, 2024). Е.Нұртазин сахналаған қойылымның басты ерекшеліктерінің бірі комедияға музыкалық партиялардың арнайы жазылуы болды. Осындай ізденістерді сараптай келе, бүгінгі режиссура бағыты, жас режиссерлер жайлы зерттеуде: «Біздің Қазақстан театрлары да рухани құндылықтарды, қоғамның келбетін, адам өмірінің маңызын көрсетудегі ізденістерін жалғастырып келеді», – дейді театртанушы ғалымдар. (Нұрпейіс, Құмарғалиева, 2024: 59)

Қойылым музыкада отырған қонжық костюмін киген жігіттің көрермендерге қошемет көрсетіп, спектакль кейіпкерлерін таныстыруынан басталады. Іле-шала көңілді музыка ырғағымен бөлмені дайындауға кіріскен қонақ үй қызметкерлері мен Комендант жылдам қимылдап, ән шырқай жүріп жұмыстарын бітіреді.

Сахнадағы оқиға комедияның бас кейіпкері Ричард Уиллидің қонақ үйге келуінен өрбиді. Ол – Англия премьер-министрінің көмекшісі, өзіне аса сенімді, пысық жігіт. Ричард өзіне қарсылас жақтың хатшысымен құпия байланыс орнатып, жұмыстың орнына сол кербез әйелмен қонақ үйде, ал нақтырақ №13 бөлмесінде кездесуді жоспарлайды. Барлығы өзі ойлағандай өтетініне сенімді көрінгенімен, дәл сол бөлмеден өліп жатқан адам денесінің табылуы оған үлкен кедергі жасайды. Көңілдерстер енді ғана бір-біріне жақындай берген кезде терезенің ортасына қысылып тұрған өлі жігіттіңкөрінуі спектакль оқиғасын бірден ширатып әкетеді.

Ақжол Өмірзақовтың Ричарды бар кедергіден құтылуға ұмтылған, басына түскен жағдайдан шығуға барын салған адам ретінде танылады. Айта кететін жайт, Р.Кунидің комедиясы тек көрермендердің көңілінен шығып қана қоймай, орындаушылардың жан-жақты ашылуына, актерлік шеберлікті шыңдауға көп көмектеседі. Себебі, қуықтай бөлмеде бір-бірімен кездеспеу керек әйелі мен көңілдесі, қайта-қайта келгіштей беретін қонақ үйдің қызметкерлерінен құтылу, өлі денені біреудің көріп қоймауы үшін күйіп-пісу актерлерден біліктілік пен шеберлікті, шапшаңдық пен жылдам әрекетті қажет етеді. Осы міндеттерді орындау А.Өмірзақовтың ойынында ойдағыдай орын алғанын аңғарамыз. Барлық оқиға желісі осы кейіпкердің айналасына құрылғандықтан, оған артар жүктің салмағы ауыр. Актер басқа спектакльдерде вокальдық мүмкіндіктерімен жақсы танылып жүрсе, осы жолы көрермендерге комедиялық актер ретінде өз өнерін көрсете білді деп нақты айта аламыз.

Ал, Ричардтың көмекшісі Джордж Пигден рөліндегі Абылай Капиз қойылымдағы ең күлкілі кейіпкерге айналды. Бастығына жағыну үшін бәрін жасайтын, өзіне сенімсіз, «кішкентай адамның» прототипін көз алдымызға алып келді. Актерөз кейіпкерінің момындығын, сенгіштігін, Ричардтың айтқанынан шыға алмайтын көнбістігін жақсы ашты. Әртүрлі комедиялық жағдайларға тап болатын Пигденнің - А.Капиз жүріс-тұрысы, тез сөйлеуі бәрі де жанр табиғатымен астасып жатты. Р.Кунидің саясаткерлерді ащы сатирамен түйрейтін тұстары Ричард пен Пигден сахналарында режиссер тарапынан өткір көрсетілген.

Ал, Ричардтың сүйіктісі сұлу да сымбатты Джейн Уорзингтон Зарина Таштаева ойынында романтикалық сарындағы, өте аңғал әйел ретінде танылды. Онымен қоса, ол қатысқан сахналар көптеген комедиялық жағдайларды тудырады. Актрисаның Джейниәккөңіл, елгезек, шапшаң қимылымен баурап алады. Оның есте қаларлықтай бейне болуына ашық түсті киімі де көмегін тигізді. Джейннің тартымдылығын актрисаның вокалдық мүмкіншілігінің молдығы мен пластикалық қозғалыстары да арттыра түскен.

Джейннің Ричардпен көңілдес екенінен бейхабар күйеуі Ронни – Данияр Туранов онсызда ушығып тұрған жағдайды шиеленістіре түседі. Әйелін іздеп келген жігіт Ричардты одан сайын тыпыршытып жібереді. Актёр өз кейіпкерін өте қызғаншақ, тез ашуланатын қызба адам етіп бейнеледі. Сахнаға Ронни – Д. Туранов шыға салысымен әйелін іздеп бөлмедегі заттарды қиратып, жолындағы адамдарды жұтырықпен ұрып, азан-қазан етеді. Актёрдің әрбір қимылы, сөйлеген сөздері қойылымның одан сайын қызық бола түсуіне өз әсерін тигізді.

Қонақ үйдегі тәртіпті ретке келтіруге жауапты Комендант роліндегі Әлиулла Шәуенов оқыс жағдайлардың тууына үнемі өзі себепкер болып отырады. Оның мақсаты қонақ үйдің атына кір келмеуін қадағалау болғанымен, өзі ойламаған кедергілерге тап болады.

Ричардтың әйелі Памела роліндегі Арайлым Кусаинованың ойыны жарқын әрі эмоционалды болып спектакльдің өңін кіргізді. Үстіне киген қып-қызыл костюмі мен қанық бояулы гримі оны өзгелерден айшықтай түседі. Ерке әрі сылқым келіншектің күйеуін іздеп келіп, Пигденмен сайран салуын актриса нанымды көрсетті. Орындаушының вокалдық мүмкіншілігінің зор болуы да, кейіпкер жан дүниесінің ашылуына оң әсерін тигізді.

В то же время растущий интерес к контенту на казахском языке, особенно к новостям и образовательным материалам в Telegram, указывает на растущую осведомленность и спрос на местные культурные нарративы. Это говорит о том, что, хотя цифровизация создает проблемы для сохранения культуры, она также предоставляет возможности для продвижения казахстанской идентичности путем разработки более привлекательного и разнообразного цифрового контента на государственном языке.

Кроме того, влияние глобальных тенденций, особенно со стороны западных и восточноазиатских СМИ, формирует у детей представления об образе жизни, стандартах красоты и социальных нормах. Знакомство с идеализированными образами и мировой поп-культурой через такие платформы, как Instagram и TikTok, может привести к изменениям в самовосприятии и ценностях, иногда в ущерб традиционным элементам казахской культуры.

Уже сейчас мы видим, растущее влияние корейской культуры на казахстанских детей и подростков, в первую очередь через музыку, дорамы и модные тенденции. К-поп-группы, К-драмы и корейские стандарты красоты широко используются молодежной аудиторией, формируя их вкусы, стремления и даже языковые предпочтения. Многие дети и подростки активно используют контент на корейском языке с субтитрами, а некоторые даже начинают изучать корейский язык, чтобы лучше понимать свои любимые медиа.

Особенно ярко влияние корейской культуры проявляется в конкретных поведенческих практиках казахстанских подростков. Наши данные показывают, что:

- Большое количество девушек 13-17 лет копируют макияж в стиле K-beauty, используя косметику корейских брендов (данные из анкетирования);
- В более чем половины школьных танцевальных кружков включены элементы К-поп хореографии (по данным опроса педагогов дополнительного образования);
- Часть респондентов исследования посещают специализированные «корейские кафе» с меню из дорам (данные из анкетирования).

Эти примеры демонстрируют, как глобальные тренды локализуются в казахстанском контексте, формируя новые потребительские привычки и досуговые практики. Примечательно, что 17% родителей отмечают использование детьми корейских слов в повседневной речи («оппа», «саранхэ»), что свидетельствует о глубоком проникновении этой культуры в языковую среду. Такая сильная привязанность к корейской культуре может быть объяснена ее ярким и увлекательным содержанием, интересным повествованием и вдохновляющим образом жизни, представленным в дорамах и музыкальных клипах. Платформы социальных сетей, такие как TikTok, YouTube и Instagram, играют решающую роль в распространении корейских культурных тенденций, поскольку дети участвуют в танцевальных конкурсах К-поп,

следят за корейскими лидерами в области красоты и моды и вступают в сообщества фанатов.

Хотя эта культурная близость способствует глобальному осознанию и разнообразию, она также поднимает вопросы о балансе между внешними влияниями и сохранением казахской культурной идентичности. Широко распространенное восхищение корейской культурой иногда приводит к предпочтению иностранной эстетики, ценностей и социальных норм традиционным казахским элементам. Эта тенденция подчеркивает необходимость разработки и продвижения высококачественного контента на казахском языке в музыке, кино и сфере развлечений, чтобы национальная культура оставалась актуальной и привлекательной для молодого поколения.

Немаловажно, что родители, педагоги и политики должны поощрять сбалансированное потребление медиа, способствуя как цифровой грамотности, так и прочной связи с национальным наследием. Это поможет детям ориентироваться в цифровом мире, сохраняя при этом чувство принадлежности к своим культурным корням.

5. Заключение

В исследовании подчеркивается глубокое влияние Интернета, социальных сетей и цифрового контента на культурную идентичность казахстанских детей. Вследствие широкого доступа к электронным устройствам и онлайн-платформам дети все больше погружаются в глобальные медиа, что формирует их предпочтения в развлечениях, социальном взаимодействии и языковом поведении.

Результаты показывают, что, хотя цифровые технологии предоставляют возможности для получения образования и культурного обмена, они также создают проблемы для сохранения национальной идентичности. Значительное потребление иностранного контента, особенно растущее влияние корейской поп-культуры, свидетельствует о смещении интересов молодежи в сторону глобальных тенденций. Хотя такое влияние обогащает культурное разнообразие, оно вызывает обеспокоенность в связи с уменьшением роли казахского языка, традиционных ценностей и наследия в повседневной практике молодого поколения.

Ключевым фактором сбалансированной цифровой социализации является активное вовлечение родителей и развитие медиаграмотности. Стимулирование создания образовательного и развлекательного контента на казахском языке, интеграция национальных нарративов в современные медиаформаты и продвижение культурных элементов в цифровом пространстве могут способствовать сохранению национальной идентичности в условиях глобализации. В конечном счете, достижение баланса между внешними культурными влияниями и укреплением казахского наследия будет иметь важное значение для формирования поколения, имеющего глобальные связи и культурные корни.

Литература:

1. Абишева О., Ержанова Ф., Ерлан А. Интегративный подход в сказкотерапии // Keruen. – № 83 (2). – 2024. – с. 43–58. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.2-03>
2. Вызовы и перспективы в цифровой жизни казахстанских детей (2023). [Электронный ресурс] – URL: <https://www.unicef.org/kazakhstan/%D09> (дата обращения: 15.01.2025).
3. Дети и медиапотребление в Кыргызстане (2021). [Электронный ресурс] – URL: <https://edu.gov.kg/media/pdf> (дата обращения: 21.12.2024).
4. Доклад «Положение детей в мире, 2017 год: дети в цифровом мире» (2017). [Электронный ресурс] – URL: <https://www.unicef.org/uzbekistan/media/7> (дата обращения: 21.12.2024).
5. Исследование детского контента в Казахстане – Астана: НАО «Казахстанский институт общественного развития», 2023. – 182 с.
6. Сайт Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам РК (2025). [Электронный ресурс] – URL: <https://stat.gov.kz/ru/> (дата обращения: 25.01.2025).
7. Социологическое исследование по медиапотреблению и медиаинформационной грамотности в странах Центральной Азии. Казахстан (2021). [Электронный ресурс]. URL: https://drive.google.com/file/d/1eisEUbjkPUHn8yljq_9RqtSGKuic6ANs/view (дата обращения: 21.12.2024).
8. Худайбергенов Н. Художественно-аксиологические искания в современной казахской детской поэзии (на основе творчества А. Истина) // Keruen. – № 73 (4). – 2021. – С. 190–200.
9. Common Sense Media. (2020). The Common Sense census: Media use by kids age zero to eight. [Электронный ресурс] – URL: <https://www.commonsensemedia.org/research/the-common-sense-census-media-use-by-kids-age-zero-to-eight-2020> (дата обращения: 21.12.2024).
10. Echesony G. (2024). Impact of social media on cultural identity in urban youth. American Journal of Arts, Social and Humanity Studies. – 2024. – 4(2). – P.1–11. <https://doi.org/10.47672/ajashs.2354>
11. Hallgren C., & Bjork A. Young people's identities in digital worlds. The International Journal of Information and Learning Technology. – 2023. – 40(1). – P.49–61. <https://doi.org/10.1108/IJILT-06-2022-0135>
12. Hmidan A., Seguin D., & Duerden, E. G. Media screen time use and mental health in school-aged children during the pandemic. BMC Psychology. – 2023. – 11, Article 202. <https://doi.org/10.1186/s40359-023-01240-0>
13. Kim I., Lee S., Yang S. J., et al. Effects of screen time on problematic behavior in children during the COVID-19 pandemic in South Korea. Soa Chongsonyon Chongsin Uihak. – 2023. – 34(3). – P.175–180. <https://doi.org/10.5765/jkacap.230014>
14. Lee D. Y., Roh H. W., Kim S. J., et al. (2019). Trends in digital media use in Korean preschool children. Journal of Korean Medical Science. – 2014. – 34(41), e263. <https://doi.org/10.3346/jkms.2019.34.e263>.
15. Ofcom. (2022). Children and parents: Media use and attitudes report. [Электронный ресурс] – URL: <https://www.ofcom.org.uk/siteassets/resources/documents/research-and-data/media-literacy-research/children/childrens-media-use-and-attitude>. (дата обращения: 21.12.2024).
16. Regional Center for Studies on the Development of the Information Society (CETIC). (2023). Executive summary – Survey on internet use by children in Brazil – ICT Kids Online Brazil. – [Электронный ресурс] – URL: <https://cetic.br/en/publicacao/executive-summary-survey-on-internet-use-by-children-in-brasil-ict-kids-online-brazil-2023/>. (дата обращения: 21.12.2024).
17. Sundin, E. (2013). The complex process of children's identity in new landscapes of media and culture. CM: Komunikacija i Mediji. – 2013. – 8(29). – P.17–36.
18. Taylor J. (2012, October 11). Media's externalization of kids' self-identity: Are media shaping your children's self-identities? Psychology Today. <https://www.psychologytoday.com/intl/blog/the-power-prime/201210/media-s-externalization-kids-self-identity>
19. UNICEF Kazakhstan. (2024). Kazakhstan Kids Online. [Электронный ресурс] – <http://globalkidsonline.net/kazakhstan/>. (дата обращения: 21.12.2024).

References:

1. Abisheva O., Erzhanova F., Erlan A. (2024) Integrative approach in fairy tale therapy. Keruen. № 83 (2). – p. 43-58. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.2-03>. (in Russ.).

2. Challenges and prospects in the digital life of Kazakhstani children (2023). [Electronic resource]. URL: <https://www.unicef.org/kazakhstan/%D09> (data obrashhenija: 15.01.2025). (in Russ.).
3. Deti i mediapotreblenie v Kyrgyzstane (2021). [Electronic resource]. URL: <https://edu.gov.kg/media/pdf> (data obrashhenija: 21.12.2024). (in Russ.).
4. Doklad «Polozhenie detej v mire, 2017 god: deti v cifrovom mire» (2017). [Electronic resource]. URL: <https://www.unicef.org/uzbekistan/media/7> (data obrashhenija: 21.12.2024). (in Russ.).
5. Research of children's content in Kazakhstan (2023). Astana: NAO «Kazahstanskij institut obshhestvennogo razvitiija». – 182 p. (in Russ.).
6. Website of the Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan (2025) [Electronic resource]. URL: <https://stat.gov.kz/ru/> (data obrashhenija: 25.01.2025).
7. A sociological study on media consumption and media information literacy in Central Asian countries. Kazakhstan (2021). [Electronic resource]. URL: https://drive.google.com/file/d/1eisEUbjkPUHn8yljq_9RqtSGKuie6ANs/view (data obrashhenija: 21.12.2024).
8. Khudaibergenov N. Artistic and axiological searches in modern Kazakh children's poetry (based on the work of A. Istina). Keruen. № 73 (4). – P. 190-200. (in Kaz.).
9. Средства массовой информации, основанные на здравом смысле. (2020). Перепись «Здравый смысл»: использование СМИ детьми в возрасте от нуля до восьми лет [Electronic resource]. URL: <https://www.common-sense-media.org/research/the-common-sense-census-media-use-by-kids-age-zero-to-eight-2020> (data obrashhenija: 21.12.2024). (in Eng.).
10. Echesony G. (2024). Impact of social media on cultural identity in urban youth. American Journal of Arts, Social and Humanity Studies. 2024. – 4(2). – P.1–11. <https://doi.org/10.47672/ajashs.2354>. (in Eng.).
11. Hallgren C., & Bjork A. (2023) Young people's identities in digital worlds. The International Journal of Information and Learning Technology. – 40(1). – pp.49–61. <https://doi.org/10.1108/IJILT-06-2022-0135>. (in Eng.).
12. Hmidan A., Seguin D., & Duerden, E. G. (2023) Media screen time use and mental health in school-aged children during the pandemic. BMC Psychology. Article 202. <https://doi.org/10.1186/s40359-023-01240-0>. (in Eng.).
13. Kim I., Lee, S., Yang S. J., et al. (2023) Effects of screen time on problematic behavior in children during the COVID-19 pandemic in South Korea. Soa Chongsongyon Chongsin Uihak. 34(3). – P.175–180. <https://doi.org/10.5765/jkacp.230014>. (in Eng.).
14. Lee D. Y., Roh H. W., Kim S. J., et al. (2014). Trends in digital media use in Korean preschool children. Journal of Korean Medical Science. – 34(41), e263. <https://doi.org/10.3346/jkms.2019.34.e263>.
15. Ofcom. (2022). Children and parents: Media use and attitudes report. [Electronic resource] URL: <https://www.ofcom.org.uk/siteassets/resources/documents/research-and-data/media-literacy-research/children/childrens-media-use-and-attitude>. (data obrashhenija: 21.12.2024).
16. Regional Center for Studies on the Development of the Information Society (CETIC). (2023). Executive summary – Survey on internet use by children in Brazil – ICT Kids Online Brazil. [Electronic resource]. URL: <https://cetic.br/en/publicacao/executive-summary-survey-on-internet-use-by-children-in-brasil-ict-kids-online-brazil-2023/>. (data obrashhenija: 21.12.2024).
17. Sundin E. (2013). The complex process of children's identity in new landscapes of media and culture. CM: Komunikacija i Mediji. 8(29). – P.17–36.
18. Taylor J. (2012, October 11). Media's externalization of kids' self-identity: Are media shaping your children's self-identities? Psychology Today. <https://www.psychologytoday.com/intl/blog/the-power-prime/201210/media-s-externalization-kids-self-identity>. (in Eng.).
19. UNICEF Kazakhstan. (2024). Kazakhstan Kids Online. [Electronic resource]. <http://globalkidsonline.net/kazakhstan/>. (data obrashhenija: 21.12.2024). (in Eng.).

А. Мұратқызы^{1*}, Т. Орманбекова²¹*М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан*²*Селжұқ университеті, Конья, Түркия**E-mail: ¹aidana.alaman@gmail.com, ²tolkynormanbek@gmail.com**ORCID: ¹0000-0002-0439-6706, ²0009-0005-6823-8992***ТАРИХИ АҚИҚАТ ПЕН КӨРКЕМДІК ШЕШІМ:
ДАРХАН ӘБДІК ФИЛЬМДЕРІНІҢ НЕГІЗІНДЕ**

Аңдатпа. Бұл мақалада танымал режиссер-журналист Дархан Әбдік түсірген «Ұстаз», «Аққан жұлдыз», «Өркениет шырақшысы» атты тарихи-деректі фильмдер негізінде деректі кино жанрындағы тарихи шындық пен көркемдік шешімдердің арақатынасы талданады. Автор фильмдерінде қазақ халқының тарихи жадысы мен рухани құндылықтарын жаңғыртуды мақсат тұтады. Зерттеуде аталмыш фильмдердің құрылымдық ерекшеліктері, баяндау формасы, драматургиялық желісі, визуалды құралдар, музыкалық сүйемелдеу мен дикторлық мәтіндердің рөлі қарастырылады. Сонымен қатар, режиссердің архивтік құжаттар мен нақты тарихи деректерді ғылыми тұрғыда сұрыптап, экран тіліне лайықтап беру әдістері сарапқа салынады. Мақалада деректі фильмнің ұлттық мәдениетті қалыптастыру мен ұрпақ санасына ықпал ету құралы ретінде қарастырылуы маңызды орын алады. Дархан Әбдік фильмдеріндегі баяндау мен монтаж, кейіпкерді көрсету тәсілі, тарихи оқиғаларды көркем интерпретациялау әдістері қазіргі қазақстандық деректі кино өнерінің даму динамикасы мен кәсіби стандарттарына сәйкестігі тұрғысынан бағаланады. Автордың зерттеу нысаны – деректі фильмдегі көркемдік пен шындықтың шебер тоғысуы арқылы отандық киноөнердегі портреттік жанрдың жетістіктерін көрсету болып табылады. Сонымен бірге, мақалада көрерменге әсер ету тетіктері мен режиссерлік қолтаңбаның даралығы да жан-жақты сипатталады. Автор шығармашылығын талдай отырып, бүгінгі отандық деректі фильмдерді даму бағытына баға беріледі.

Алғыс: Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023-2025 жж. BR21882298 «Қазақстан әдебиеттануы мен өнертануы әлемдік гуманитарлық білімнің тұжырымдамалық эволюциясы аясында» нысаналы бағдарламасының қаржыландыруы негізінде жарияланды.

Кілт сөздер: деректі фильм, режиссер, тарихи тұлға, мұрағат, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Әл-Фараби.

А. Муратқызы^{1*}, Т. Урманбекова²¹*Институт литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, Алматы, Казахстан*²*Университет Сельджук, Конья, Турция**E-mail: ¹aidana.alaman@gmail.com, ²tolkynormanbek@gmail.com**ORCID: ¹0000-0002-0439-6706, ²0009-0005-6823-8992***ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРАВДА И ХУДОЖЕСТВЕННОЕ РЕШЕНИЕ:
НА ОСНОВЕ ФИЛЬМОВ ДАРХАНА АБДИКА**

Аннотация. В данной статье анализируется взаимосвязь исторической реальности и художественных решений в документальном жанре на основе исторических документальных фильмов «Устаз», «Аққан жұлдыз», «Өркениет шырақшысы», снятых известным режиссером-журналистом Дарханом Абдыком. Фильмы автора направлены на возрождение исторической памяти и духовных ценностей казахского народа. В исследовании рассматриваются структурные особенности этих

фильмов, повествовательная форма, драматургическая сеть, изобразительные средства, музыкальное сопровождение и роль повествовательных текстов. Кроме того, анализируются режиссерские методы научной сортировки архивных документов и реальных исторических данных и адаптации их к экранному языку. В статье рассматривается документальное кино как средство формирования национальной культуры и воздействия на сознание поколения. Методы повествования и монтажа, способ показа персонажа, художественная интерпретация исторических событий в фильмах Дархана Абдыка оцениваются с точки зрения их соответствия динамике развития и профессиональным стандартам современного казахстанского документального кино. Объектом исследования автора является демонстрация достижений портретного жанра в отечественном кинематографе через искусное переплетение искусства и реальности в документальном кино. При этом в статье всесторонне описываются механизмы воздействия на зрителя и индивидуальность режиссерского почерка. Анализируя творчество автора, оценивается направление развития отечественного документального кино сегодня.

Благодарность: Статья опубликована в рамках финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на 2023-2025 годы. Целевая программа BR21882298 «Казахстанское литературоведение и искусствоведение в контексте концептуальной эволюции мирового гуманитарного образования».

Ключевые слова: документальный фильм, режиссёр, историческая личность, архив, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уалиханов, Аль-Фараби.

A. Muratkyzy^{1}, T. Urmanbekova²*

¹M.O. Auezov Institute of Literature and Art Almaty, Kazakhstan

²Selçuk University Konya, Turkey

E-mail: ¹aidana.alaman@gmail.com, ²tolkynormanbek@gmail.com

ORCID: ¹0000-0002-0439-6706, ²0009-0005-6823-8992

HISTORICAL TRUTH AND ARTISTIC SOLUTION: BASED ON THE FILMS OF DARKHAN ABDIK

Abstract. This article analyzes the relationship between historical reality and artistic solutions in the documentary genre based on the historical documentaries “Ustaz”, “Akkan zhuldyz”, “Orkeniet shyraakshy” filmed by the famous director and journalist Darkhan Abdyk. The author’s films are aimed at reviving the historical memory and spiritual values of the Kazakh people. The study examines the structural features of these films, narrative form, dramatic network, visual means, musical accompaniment and the role of narrative texts. In addition, the director’s methods of scientific sorting of archival documents and real historical data and adapting them to the screen language are analyzed. The article examines documentary cinema as a means of forming a national culture and influencing the consciousness of a generation. The methods of narration and editing, the way of showing the character, the artistic interpretation of historical events in the films of Darkhan Abdyk are assessed from the point of view of their compliance with the dynamics of development and professional standards of modern Kazakhstani documentary cinema. The object of the author’s research is the demonstration of the achievements of the portrait genre in domestic cinematography through the skillful interweaving of art and reality in documentary cinema. At the same time, the article comprehensively describes the mechanisms of influence on the viewer and the individuality of the director’s style. Analyzing the author’s work, the direction of development of domestic documentary cinema today is assessed.

Acknowledgments: The article was published within the framework of funding from the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2023-2025. Target program BR21882298 “Kazakhstani literary criticism and art criticism in the context of the conceptual evolution of global humanitarian education.”

Keywords: documentary, director, historical figure, archive, Ybyrai Altynsarin, Shoqan Walikhanov, Al-Farabi.

1. Kіpіcne

Ғаламтордың эволюциясымен қатар деректі фильм жанры да трансформацияға ұшырады. Цифрлық коммуникация құралдарының кеңінен қолжетімді болуы медиатұтынушыларға өз әлеуметтік, мәдени және саяси көзқарастарын аудиовизуалды форматта тарату мүмкіндігін беріп, деректі кино өндірісінің демократизациялануына ықпал етті. Сондықтан да деректі фильм жанрына өзгеше жан біте бастады. «Деректі фильм – бұл көрермен санасында эмоция мен түсінік тудырудың қуатты құралы. Ол деректерді визуалды түрде жеткізудің тиімді формасы» (Barna, 2018: 181). Қазір деректі фильмнің көркем жанрдағы ойын фильмдерінен еш айырмашылығы жоқ, оны тек ойын емес түріне жатқызуға болады. Бірақ көркемдік тұсынан деректі фильм еш қалыспайды. Мысалы, кез-келген көркем фильмде сюжеті бірден көрерменді баурап алатындай талап қойылса, бұл міндет деректі фильмге де қатысты, тек деректі фильмді жасаудағы қиындық негізгі шындықтан алыстамай, өзін сенімді түрде көрсетуде болып отыр. Деректі фильмді жарыққа шығарудағы тағы бір қиындық – режиссердің өз қиялынан шешім қоса алмайтындығында. Десе де, деректі жанрдағы сериалдар Нетфликс желісінде рекордтық нәтиже көрсетіп, жаңаша демге ие болып отыр. Нәтижесінде, деректі фильмнің гибриді түрлері көбейіп, әлемдік деректі фильмдер әлдеқайда дамып кетті. Техниканың жаңа мүмкіндіктерін пайдаланып адам таңқаларлық деңгейдегі фильмдер түсіріле бастады. Мысалы, макюментари, доканиме, роадмуви жанрлары өз көрермендерін тауып, бұрыннан таныс жанрларды барынша түрлендіріп келеді. «Деректі фильмді ғалымдар жанр ретінде анықтап, одан кейбір жағдайларда белгілі бір ішкі санат ретінде жіктейтін конвенциялар жиынтығын жасады. Осы жиынтықтарды көптеген деректі фильм теоретиктері конструктивистік тәсіл деп қабылдап, «адами қатынастарға байланысты анықтамалар жасады» (Хуаншу, 2024: 29).

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеу әдістері ретінде сапалық талдау, контент-талдау және салыстырмалы әдістер қолданылды. Фильмдердің сюжеті, сценарий құрылымы, монтаж, визуалдық және дыбыстық шешімдері жан-жақты сараланып, олардың аудиторияға әсері мен тәрбиелік мәні бағаланды. Сонымен қатар, деректі фильм авторлары мен сыншыларының, соның ішінде Л.Г. Парфенов, Қ.Бейсекеев, А.Аханбайқызы сияқты мамандардың пікірі мен ұсыныстары ескерілді. Тарихи деректер мен архив материалдарына, сондай-ақ фильмдердің ғылыми-танымдық аспектілеріне ерекше назар аударылды.

2.2 Материалға сипаттама

Мақалада зерттеу материалы ретінде отандық портреттік жанрдағы деректі фильмдер алынған. Негізгі объект ретінде Дархан Әбдіктің режиссерлігімен түсірілген «Өркениет сақшысы», «Ұстаз» және «Аққан жұлдыз» фильмдері таңдалып, олардың құрылымдық, көркемдік, мазмұндық және ғылыми ерекшеліктері қарастырылды. Сонымен қатар, деректі фильм жанрының тарихи даму кезеңдері, портреттік жанрдың қалыптасу ерекшеліктері мен дамуы жөніндегі отандық және шетелдік әдебиеттер талданды.

3. Талқылау

Тарихи деректерге қарайтын болсақ, 1940 жылдардың аяғына қарай отандық деректі фильм саласына портреттік жанр біртіндеп ене бастағаны белгілі. Оны енгізген талантты деректі фильм режиссері Ораз Әбішев алғаш рет күйші Дина Нұрпейісова жайлы фильм түсіріп шыққан болатын. Бүгінде 80 жылдық тарихы бар бұл жанр отандық кинематографияда кеңінен дами бастады. Деректі фильм түсірудің шебері, ресейлік Л.Г.Парфенов: «Құжаттар бар болса, білім де шексіз болады. Біз деректі фильмдер арқылы білім аламыз» (Парфенов, 2021: 339) дейді. Бұл тұрғыда отандық көрермендерге экран арқылы білім беруде қоғамда қомақты жұмыстар атқарып жүрген автор, журналист Дархан Әбдіктің жетекшілігімен жарық көрген «Өркениет сақшысы», «Ұстаз», «Аққан жұлдыз» деректі фильмдерін ерекше атап өтуге болады. Телевизиядағы деректі фильмдердің ең негізгі үш тобы портреттер, тергеу және ғылыми-көпшілік фильмдер болып бөлінетінін ескерсек, Д.Әбдіктің негізінен портрет бағытындағы фильмдерін зерттеу объектіміз ретінде қарастырамыз. «Ұрпақтың отаншылдық, патриоттық сезімін шыңдау, өткен арқылы таным-түсінігін тәрбиелеу, ұлттық мақтанышын қалыптастырып, тарихи санасын дамыту – көркем туындылардың басты тәрбиелік-тағылымдық ерекшеліктері. Оқырман суреткер шығармасындағы сол дәуірдегі халықтың болмыс-бітімінен, тұрмыс-салтынан, әдет-ғұрпынан мағлұмат алады. Тарихи қайраткердің өмір жолынан, ерлік өнегесінен, даналық қағидаларынан, асыл қасиеттері мен істерінен тағылым түйеді» (Досанова, 2025).

Д.Әбдік – зерттеуші-журналист ретінде қазақ қоғамына қандай тақырып керек екенін тамырын дөп басып таба алатын білікті маман. Ол Қазақстандық саяси аренада түрлі білім реформалары жүргізіліп отырған шақта, қиын кезеңдерге қарамастан ағартушылықпен айналысып, қазақ жерінде алғашқы мектептердің ашылуына мұрындық болған Ыбырай Алтынсарин туралы «Ұстаз» деректі фильмін Қазақстан ұлттық арнасының тапсырысы бойынша түсірді. Түсірілім тобы Орынбор шекара комиссиясының мұрағатынан сол кездегі биліктің қазақтарды қалай шоқындыру керектігі туралы дайындаған арнайы деректерді тауып, үлкен зерттеу жұмысын жүргізді. Фильм сюжеті Ы.Алтынсарин мен орыс миссионері Ильминскиймен кездесуі арқылы өрбіп, толығымен баяндау форматында жүзеге асырылады. Нақты фактілік тұрғысында Алтынсарин мен Ильминскийдің 1869 жылы ағарту министрі Д.А.Толстойға, 1889 жылы В.В. Катаринскийге жазған хаты зерттеліп, христиан миссионерлерінің ұстанған саясатын ашық әшкерелейтін үзінділер келтіріледі. Жоба авторлары өз еңбектері туралы: «Алтынсарин дүниеге келмей тұрып әлде қайда ерте басталған Патшалық биліктің отарлау саясаты, қанды қырғындар, жауланған отар аймақтардағы түркі - мұсылман жұртының хал - ахуалы, шоқындыру саясатының ұңғыл - шұңғылын көрсетеді. Ал осы қу саясаттарын жүзеге асыру жолында пайдаланбақ болған Ыбырайлары өздеріне қарсы тұрып, қазақ болмысын сақтаудағы, Алаш арыстарының қалыптасуындағы, түркі – мұсылмандықтағы жәдішшілдіктің өріс алуындағы еңбегі дәлелді көрсетілген» (Қайсарбекұлы, 2022), – деп сипаттама береді.

Жобадағы тарихи маңызы бар хаттарды белгілі актер Берік Айтжанов пен журналист Дана Нұржігіт нақышына келтіріп оқи отырып, фильм мазмұнын кіргізе

түседі. Ұстаз жайлы түсірілген туындыда одан бөлек жазушы Алтынбек Шаяхметов пен Төлен Әбдіктің сұхбаттары да ұсынылып, фильмнің ғылыми аспектілерін тереңдетеді.

Сондай-ақ, фильм арқылы Ы.Алтынсариннің 1884 жылы шыққан «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты еңбегінің жазылу тарихын, Троицк қаласында медресе ашылған кезде құрылыс жұмыстарына Ыбырайдың өз қалтасынан қаржылай көмек бергені туралы да деректер келтіріледі. Бұл ерліктің барлығы Ы.Алтынсариннің тек қазақ халқының болашағы үшін ғана емес, адамзаттың сауаттана түсуіне өз ықпалын тигізген қайраткер екендігін дәлелдей түседі.

Біздегі портреттік деректі фильмдердегі үлкен кемшіліктің бірі – драматургиялық тұрғыда бас кейіпкер қателігінің болмауы. Сценарийдің басым көпшілігі тікелей болмаса да, жанамалап тұлғаның тек кісілігіне, ұлт үшін жасаған жақсылығына ғана негізделіп жасалады. Ол туралы еліміздегі беделді басылым бетінде мақала жариялаған журналист А.Аханбайқызы: «*«Россия», «НТВ», «Discovery», «National Geographic» және басқа да батыстық телеарналардың фильмдері кең сұранысқа ие. Демек, бұл деректі фильм – қызықты сала, тек шетелдік режиссерлер секілді қызықтырып түсіре білсе, ол қалай да өз аудиториясын қалыптастырады дегенді меңзейді. Бұлар бүгінгі мен кешегі тарихтың беймәлім сырларын камера мен көк сандық арқылы жайып салуға әбден кәнігі болып алған. Мақтамайды. Адам болса, кісілігі мен пенделігін, оқиға болса, дұрысы мен бұрысын, ақ пен қарасын түрлі дереккөзден алынған мәлімет арқылы қатар алып отырып өреді»* (Аханбайқызы, 2017), – деп орынды пікір білдіріп өтеді. Осы орайда мақтау, мадақтаудан ада деректі фильмдердің портреттік жанрын әлі де болса дамыта түсу қажеттігі байқалады.

Деректі фильм авторларына қойылатын талаптың ең үлкені стиль мәселесіне қатысты болады. Бұл туралы отандық деректі фильм режиссерлерінің көшбасында тұрған документалист Қанат Бейсекеев: «*Деректі фильмнің режиссерінде қолтаңба болуы тиіс. Өзіндік стиль мен ерекшелік, фишка болғаны жөн»* (Слямбек, 2021), – дейді. Бұл тұрғыда Дархан Әбдіктің кез-келген фильмін ашып қарағанда бірден тануға болады. Зерттеу нысанасына алынып отырған үш фильмде бірдей тәсілдер, бір монтаж түрі, тіпті дикторлары да ұқсас. Бір жағынан стилім осы екен деп бірдей етіп түсіре беру, көрермендерді жалықтыратындай әсер берді. Тек кейіпкері мен оның жасаған жұмыстары өзгеше болмаса, көрермен бір циклдегі фильмді көріп отырғандай сезімде болады.

Автордың кәсіби тұрғыда сәтті түсірген фильмдерінің көшбасында «*Аққан жұлдыз»* тұр. Ағартушы-этнограф, тарихшы, шығыстанушы, фольклоршы, географ ғалымы Шоқан Уәлиханов туралы түсірілген фильмнің негізгі мақсаты – Шоқанның халық бұрыннан біле бермейтін қырларын көрсете отырып, тұлғалық болмысы мен сіңірген еңбегін жақынырақ таныстыру. Мысалы, Шоқанның әкесінен көпшілік үшін бейтаныстау цифрлы қаржы алып отыруы, оның Потанин мен Достоевскийден басқа да атышулы достарының болуы бірнеше саяси астары фактілерге толы деректер болып отыр. Автор осы мәселелерді алға тарту арқылы Шоқанның шынайы келбетін ашуға тырысады. Фильмде ұсынылған ақпараттардың ғылыми дәлдігі нақты даталар мен кеңес одағында орын алған саяси оқиғалармен расталып отырады.

Фильмде қолданылған көркемдік тәсілдер нақты оқиғаларға негізделген сахналармен, кәсіби анимациямен, графикамен, архивтегі материалдармен тұздықталып отырады. Автор фильмдегі ғылыми ұғымдар мен теорияларды көрнекілеу үшін ұтымды визуализация құралы болып табылатын инфографиканы да қолданады. Фильмнің ғылыми мазмұнын жеткізу мақсатында камераның қозғалысы мен монтаж тәсілдері, дыбыс пен жарық қолдануда да кино тілінде жүзеге асыруға тырысқан. Режиссер Билл Николз: «Фильмдердің құрылымында сұхбат, инфографикалар, құжаттар, кино-фотохроникалар қажет болады. Және оны жүргізушінің баяндауы да әсерлі болуы тиіс, дауыс ектіні де дұрыс қойылуы керек. Сценарий барлық деректерді жинақтап, нақты тұжырымды немесе нақты көзқарасты, идеяны жеткізуге жұмылдыруы тиіс» (Николз, 2021) дейді.

«Аққан жұлдыздың» ең үлкен жетістігі – режиссер фильмнің ритмін, әуезділігін таба алғандығында. Мысалы, «Ұстазда» автор далада, кешкі алаудың жанында отырып Ыбырай туралы оқиғаларды беймарал отырып баяндаса, «Аққан жұлдызда» фильм кейіпкері сынды жастықтың жалыны бар, бірнеше локацияда ұшқыр монтаж арқылы динамикасын жоғарылатып, ілгері ритмге құра білген. «Зерттеушілер режиссерлық сценарийде фильмнің құрылымының барынша динамикалы болуына мұқият назар аудару қажеттігін айтады. Бір көріністен екінші көрініске ауысудың ерекше техникасын пайдаланудың маңыздылығын да ашып көрсетеді, мұндайда музыка немесе қандай да бір инфографикалық тәсілдер ықпалды болатындығына тоқталады» (Егембердиев, 2021).

4. Зерттеу нәтижелері

Технологиялық инновациялар ойдан шығарылған баяндаудың өзіне де, көрермен-пайдаланушының өзара әрекеттесу сипатына да әртүрлі әсер етеді. Жаңа сапалы синтезді көрсете отырып, мультимедия жаңа деректі жанрдың эстетикалық және көркемдік мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді. Ал, Дархан Әбдіктің фильмдері негізінен тарихи тақырыптарға бағытталғандықтан анимациялық тәсілдерді ұтымды пайдаланған. Жалпы тарихи тұлғаларға арналған портреттік фильмдерде көбінесе арнайы қойылған сахналық кейіпкер арқылы немесе кейіпкер туралы түсірілген фильм, спектакльдерден үзінді көрсету арқылы экрандалып жатады. Мұнда да сол тәсілден алыстамай 1989 жылы режиссер М.Бегалин түсірген «Шоқан Уәлиханов» фильмінен үзінділерді келтіреді. Нәтижесінде актер Нұржұман Ықтымбаевтың кәсіби актерлық шеберлігінің арқасында деректі фильм көрермендерге Шоқан бейнесін көрсетуде шындыққа барынша жақындатылып, эстетикалық планның көптеген аспектілеріне сай келіп тұр. «Аққан жұлдыз» деректі фильмі өзінің ғылыми әдіснамасында салыстырмалы ғылыми зерттеу тәсілін қолданады. Автор саяси қақтығыстарды баяндай отырып, сондай дәуірде үлкен ғылыми зерттеу саяхатын сәтті аяқтап, небәрі 23 жасында өз заманының ең қатерлі миссиясын атқарып келген жас офицер өмірінің өзектілігін тереңдете түседі. Автор ретіндегі ең ұтымды шешімі және портреттік жанрдағы деректі фильмдерден ерекшелеп тұрғаны, туындыда интервью тәсілін қолданбайды. Фильмнің сценарийін жазу барысындағы ізденісте қаншама зерттеушілермен жасалған сұхбаттар стендаптардың артқы фонында қалып, автор репликасына ауыстырылған.

Жобада ұсынылған тарихи ақпараттар объективті, әрі бейтарап. Автордың жеке көзқарасы мен пікірі байқалмайды. Деректі фильм дәріптеп отырған құндылықтар тек қана ғылыми қауымдастықтар үшін ғана емес, жаңа Қазақстан ұрпақтары үшін сүбелі еңбек деп бағалауға болады. Себебі фильмнің негізгі аудиториясы 12 жастан асқан барлық көрермендерге деп бекітілгенімен, көбінесе өскелең ұрпақ үшін түсінікті, әрі маңызды болмақ.

Отандық телеарнада Шоқан туралы бірнеше деректі фильмді кездестіруге болады. Солардың ішінде шоқтығы биік тұрғаны – автор М. Бекбаева түсірген нұсқа мен біз талдауға алып отырған автор Д. Әбдік түсірген жоба. Екі фильмдегі тарихи деректер өте ұқсас. Әр автор өз көру бұрышы бойынша жас ғалымның жүріп өткен жолын өз көзқарастарымен суреттейді. Дегенмен, бұл фильмнен автордың кәсіби біліктілігі мен фильмді жарыққа шығару жолындағы қаржының көбірек болғандығы байқалады.

Фильмде автор ашқан тарихи жорамал шешімнің бірі – Шоканның туберкулезден қайтыс болмауы. Оған Достоевскийге жазған астыртын ойлы хаттарына сараптама жасай отырып қол жеткізеді.

Д.Әбдіктің жарыққа шығарған кезекті туындысы – Әл-Фараби өмірін негізге алған «Өркениет шырақшысы» фильмі. Бұл фильмнің негізгі идеясы туралы автор: «Әл-Фарабиді бүкіл әлемде «Екінші ұстаз» атаған және сол әл-Фарабидің бүкіл қадір-қасиетін сақтап, өзіміз ұмытып қалған дүниені бізге қайтарған – Европа. Бірақ, біздің мақсатымыз – әл-Фарабиді түсініп, білу. Сосын, әл-Фарабидің құндылықтарын өзіміздің қанымызға сіңіру» (Бексұлтанқызы, 2019), – дейді. Түсірілім тобы деректі фильм барысында ұлы ғалым Фарабидің ғылыми ізденістерінен бөлек, күрес пен ерлікке де толы ғұмырынан сыр шертіп қана қоймай, сол дәуірдегі Орта Азия, Түркістан аумағы, Араб халифатындағы ғылым мен білімнің жағдайын қамти отырып, қазақ қоғамында қалыптасып қалған кейбір түсініктерді бұзады. «Қазіргі шала сауатты дін адамдарының уағыз - насихатының әсерінен әл-Фараби мен Ибн Синаларды «ислам ғұламасы» деп түсінетіндер көрсе, діннің бір жақта қалып, Әл-Фараби ұстанымының мүлде басқа болғанын білер еді» (Қайсарбекұлы, 2022). Деректі фильмнің режиссерлері – Алмас Әбдік пен Серік Ибраим. Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына орай түсірілген жоба 5 ай көлемінде ежелгі Отырар, Каир Дамаск қаласында жүзеге асырылды.

Фарабитанушылар бүгінде АҚШ-тағы ілгері дамыған ғылым мен Жапониядағы ұшқыр технологиялар, Израильдегі кәсіби медицина мен Европада шабыттанған өнер, әсіресе музыка, әл-Фарабидің мұрасы екендігін дәлелдеп шықты. Осы орайда қазақ қоғамында ғалымның еңбектері жақынырақ дәріптеліп, арнайы деректі фильмге арқау болғандығы үлкен жетістік.

5. Қорытынды

Деректі фильмнің кәсіби тұрғыда барлық талаптарға сай түсірілуі негізінен екі факторға байланысты болады. Біріншісі, түсірілім тобының біліктілігі, екіншісі, техникалық жабдықтардың соңғы үлгіде болуы. Бұл фильмдегі түсірілім тобының кәсіби қабілеті мен жинаған тәжірибесіне еш күмән келтірмейміз. Себебі, Дархан Әбдік пен Дана Нұржігіт – талай жылдар бойы қазақ телевизиясында өзін әлдеқашан

дәлелдеп үлгерген тұлғалар. Ал техникалық мүмкіндіктеріне келер болсақ, деректі фильм Ұлттық арнаның тапсырысы бойынша түсірілгендіктен кейін, келісімшарт бойынша техникалық мүмкіндіктері де барынша соған сай болып отыр. Қытайлық деректі фильм зерттеушісі Джя Чжанке бір мақаласында былай деп жазады: «Кәсіби командалар, олар бірегей көзге ие және әлемді ашуға қабілетті. Деректі фильм шығармашылығы туралы айтқан кезде, туындыда толығымен дайындалуы керек, көр соқырлықпен не болса соны түсіру емес, қайта жүйелі жүлгелі түсіру керек, бол кәсіби командирлер үшін аса қиындық тудыра қоймайды. Ал әуесқой команда болса, мәлім бір жерінен қателік кетуі әбден мүмкін» (Рабигер, 2005: 556).

Талдауға алынып отырған үш фильм де баяндау тәсілі арқылы түсірілген. «Егер деректі фильм – баяндау болса, музыка – сол баяндауға, сторителлингке әр беретін қуатты құрал» (Слямбек, 2021). Деректі фильмдегі маңызды орынның бірін – дыбыс алатыны белгілі. Тіпті кейде пайдаланылған музыканың түсірілген картинадан да асып түсетін жағдайлары кездесіп жатады. Себебі визуалдық өнімде дыбыс арқылы көрерменді оңай баурап алуға болады. Кейбір режиссерлер қолданған музыкасы арқылы манипуляция жасайтын сәттер де болып жатады. Бұл орайда Д.Әбдік өз теле өнімдеріне музыка таңдауда үлкен жауапкершілікпен қарағаны байқалады. Қай фильмін алып қарамасақ та, фильмде баяндалып жатқан оқиға мен кадр сыртындағы дауысқа музыка қосылып, фильм құндылығын арттырып отыр. «Музыка, фотография жабдықтары технологиясының жаңашылдығы әсерімен, көрініс үлгісінің сұлулығын деректілігін дәйектілендіру адамдарға романтикалық визуалды тәжірибе әкеледі» (Мұтарбекқызы, 2022: 36). Дегенмен техникалық мүмкіндіктер қанша жерден мықты болғанымен, деректі фильмдегі зерттелген ақпараттың өзектілігі мен көтерілген тақырыптың шынайылығы болмаған жағдайда деректі фильм түсірудегі өзекті ойды аша алмайды.

«Шығармашылық туынды жеке суреткердің шабытының нәтижесі ғана емес, тарихқа айналған кешегі күндерді бұрмаламай, тың тақырыпқа айналдыра отырып, бүгінгі замандаспен сырластырса, адамды, ізгілікті сүюге үндесе, қоғам үшін қажет міндет арқаласа, идеялық салмақты лайықты көтере алатын режиссері дәл табылса, деректі фильм туралы біржақты пайымның белең алуына тыйым болар ма еді» (Аханбайқызы, 2017). Өкінішісі, қазіргі қазақ экранының негізгі кейіпкерлері – хандар мен батырлар. Негізінде бүгінгі күннің кейіпкерлерін көптеп көрсетуіміз керек. Осы орайда мемлекетке мәдени саясатымызды қайта қарастыру қажеттігі туындайды. Сондықтан да, ғалымның шығармаларын қазақ тіліне сапалы аударма жасап, ұлттық руханиятқа айналдыра білуіміз қажет.

Әдебиеттер:

1. Аханбайқызы А. Деректі фильмге дүр сілкінер кез келді // Егемен Қазақстан. – 2017. – 12 мамыр. <https://egemen.kz/article/145658-derekti-filmge-dur-silkiner-kez-keldi>
2. Бексұлтанқызы Н. Шыңғысханды дәріптейтін болсақ, әл-Фарабиді жоққа шығару керек! // – 2019. – 25 қазан. <https://abai.kz/post/99790>
3. Barna K., & Szabó D. Documentary films as instruments of social change: A qualitative analysis of audience responses. *Journal of Media Practice*, 2018. 19(3), 181–198.

4. Досанова Қ.С., Солтанаева Е.М. М.Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасы» повесінің экранизациясы // "Керуен" ғылыми журналы – №1(86). – 2025. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.1-07.17.07.25>
5. Егембердиев Ы.Д., Тұржан О.І., Ибраева Э.Е. Деректі фильм түсірудегі заманауи талаптар // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. – № 3(136). – 2021.
6. Қайсарбекұлы М. Дарханның деректі фильмдері // ZTB | QAZAQSTAN. – 2022. – 1 қаңтар. https://vk.com/wall-31643537_7221524
7. Мұтарбекқызы А. Деректі фильм түсірудегі техникалық және шығармашылық мүмкіндіктері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Журналистика сериясы. – № 3(140). – 2022.
8. Николз Б. 6 стилей документального кино по Биллу Николзу – 2021. – 3 июль. <https://pervoe.ru/article/kultura/6-stiley-dokumentalnogo-kino-po-billu-nikolzu-s-primerami/>
9. Парфенов Л. Интонация – мой основной навык // ПЖ. – 2022. – 26 январь. <https://esquire.ru/rules/63432-leonid-parfenov/#part>.
10. Рабигер М. Деректі фильм шығармашылығы. – Пекин: Қытай ақпарат университеті баспасы, 2005. – 556 б.
11. Слямбек Қ. Қазақстанда деректі фильм түсіру, табыс, кейіпкер таңдау – Қанат Бейсекеевпен MediaHub // Massaget КЗ. – 2021. – 31 тамыз. <https://massaget.kz/persona/kazakstanda-derekt-film-tusrutabyis-keypker-tandau-kanat-66041/>
12. Xuanshuo L., Levi D. The story behind the cinematic true crime documentary: working towards a typology. *Studies in Documentary Film* Volume 19, Issue 1. 29-34. – 2024. <https://doi.org/10.1080/17503280.2024.2425132>

References:

1. Akhanbaikyzy A. (2017). Time for a Documentary Film Renaissance // Egemen Kazakhstan. – May. <https://egemen.kz/article/145658-derekti-filmge-dur-silkiner-kez-keldi>. (in Kaz.).
2. Beksultankyzy N. (2019). If We Glorify Genghis Khan, Then We Must Deny Al-Farabi! // Abai.kz. – October 25. <https://abai.kz/post/99790>. (in Kaz.).
3. Barna K., & Szabó D. (2018) Documentary Films as Instruments of Social Change: A Qualitative Analysis of Audience Responses. *Journal of Media Practice*, 19(3), p.181–198. (in Eng.).
4. Dossanova K.S., & Soltanaeva, E.M. (2025). Screen Adaptation of M. Auezov's "Karash-Karash Incident" // Keruen Scientific Journal – No. 1(86).. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.1-07>. (in Kaz.).
5. Egemberdiyev Y.D., Turzhan O.I., & Ibraeva, E.E. (2021). *Modern Requirements for Documentary Filmmaking* // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. № 3(136). (in Kaz.).
6. Qaisarbekuly M. (2022). Darkhan's Documentary Films // ZTB | QAZAQSTAN. – January 1. https://vk.com/wall-31643537_7221524. (in Kaz.).
7. Muhtarbekkyzy A. (2022). Technical and Creative Opportunities in Documentary Filmmaking // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalism Series. – №. 3(140). (in Kaz.).
8. Nichols B. (2021). 6 Styles of Documentary Film According to Bill Nichols (with Examples) // July 3. <https://pervoe.ru/article/kultura/6-stiley-dokumentalnogo-kino-po-billu-nikolzu-s-primerami/>. (in Russ.).
9. Parfenov L. (2022). Intonation is My Main Skill // Esquire Russia. January 26. <https://esquire.ru/rules/63432-leonid-parfenov/#part>. (in Russ.).
10. Rabiger M. (2005). *Documentary Filmmaking*. Beijing: China Communication University Press. – 556 p. (in Kaz.).
11. Slyambek Q. (2021). Documentary Filmmaking in Kazakhstan: Income, Hero Selection. – Interview with Kanat Bissekeyev // Massaget.kz.– August 31. <https://massaget.kz/persona/kazakstanda-derekt-film-tusrutabyis-keypker-tandau-kanat-66041/> (in Kaz.).
12. Xuanshuo L., Levi D. (2024). The story behind the cinematic true crime documentary: working towards a typology. *Studies in Documentary Film* Volume 19, - Issue 1. 29-34p. <https://doi.org/10.1080/17503280.2024.2425132> (in Eng.).

Журнал 24.03.2005 жылы
Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы куәлік N 5844-Ж.

Журнал зарегистрирован 24.03.2005 года
в Комитете информации и архива Министерства культуры,
информации и спорта Республики Казахстан.
Свидетельство №5844-Ж по регистрации средства массовой информации

The journal was registered on March 24, 2005
in the Information and Archives Committee of the Ministry of Culture,
Information and Sports of the Republic of Kazakhstan.
Certificate No. 5844-Ж for registration of mass media

Дизайн және беттеу: **Ж. Рахметова**

Басуға 26.06.2025 ж. қол қойылды.
Көлемі 70х100¹/₆. Офсеттік басылым.
17,87 баспа табақ. Таралымы 500 дана.